050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Төле би көшесі, 100
*e-mail: 66bel@bk.ru

ТҮЙЕ СҮТІ НЕГІЗІНДЕ СҮТҚЫШҚЫЛДЫ СУСЫНДАРДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа: *Ғылыми мақалада пробиотикалық ұйытқыларды қолдану арқылы түйе сүті негізінде сүтқышқылды сусындар әзірлеу технологиясы, олардың органолептикалық, физика-химиялық және микробиологиялық қасиеттерін зерттеу нәтижелері қарастырылған.*

Пробиотикалық ұйытқылардың техникалық құжаттамаларында келтірілген сипаттамаларына сүйене отырып, асептикалық шарттарда 4 түрлі ұйытқы комбинациясы құрастырылды. Таңдалған комбинациялар алдын-ала термиялық өңдеуден өткен (63°C температурада 30 минут) және қажетті температураға дейін (37°C) салқындатылған түйе сүтіне тікелей енгізіліп, сүтқышқылды сусындар әзірленді.

Зерттеу жұмысының барысында дәстүрлі өнім – шұбат бақылау үлгісі ретінде таңдалды. Әзірленген сүтқышқылды өнімдердің органолептикалық сипаттамалары нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес келді және жоғары бағаланды (4,8-4,9 балл). Физико-химиялық көрсеткіштері мен сақтау мерзімін анықтау мақсатында сусындар мен шұбаттың титрлеу қышқылдығының өзгерісі 21 тәулік бойы бақыланды. Шұбатпен салыстырғанда, жаңа өнімдер бақыланған мерзім

ішінде қалыпты қышқылдылықты (120°Т-ге дейін) көрсетті. Сондай-ақ сүтқышқылды сусындардың энергетикалық құндылығы есептеліп, олар оңтайлы көрсеткіштерге (59,2-61,2 кКал) ие болды.

*Микробиологиялық зерттеулер қорытындысы бойынша сусындардың құрамындағы пайдалы лактобактериялардың құрамы анықталып, олардың мөлшері талаптарда келтірілген аралықтарды (3,6*10^6-5*10^6 ҚҚБ/г) қамтыды. Бұл сүтқышқылды сусындардың пробиотикалық қасиеттерін негіздейтін маңызды көрсеткіш болып табылады. Осылайша, жүргізілген зерттемелер нәтижесінде, дайын сүтқышқылды сусындарды әзірлеу технологиясы мен сақтау шарттары (2-4 °С температурада 21 тәулік) бекітілді.*

Түйін сөздер: *түйе сүті, сүтқышқылды сусындар, шұбат, пробиотикалық ұйытқылар, термофильді сүтқышқылды лактококтар, бактериалды ұйытқы, пропионқышқылды және сіркеқышылды бактериялар.*

Кіріспе

Сүт өнімдерінің заманауи нарығы жеткілікті деңгейде дамыған, алайда оларды өндіру процестерінің сапа мен қауіпсіздік талаптарына сәйкестік мәселесі өзекті болып қала береді. Бұл жұмыстың мақсаты пробиотикалық ұйытқылардың таңдалған комбинацияларын қолдану арқылы түйе сүті негізінде сүтқышқылды сусындар технологиясын әзірлеу және олардың сапа көрсеткіштерін зерттеу болып табылады [1].

Халықты тамақ өнімдерімен, оның ішінде тамақтану ғылымының қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін сүт өнімдерімен барынша толық қамтамасыз ету мақсатында жаңа шикізат ресурстарын іздеу қарқынды жүргізілуде. Осыған байланысты шикізат ресурстарын кеңейту және оның негізінде ұтымды тамақтану талаптарына жауап беретін өнімдер құру мақсатында түйе сүтін пайдалану мүмкіндігін ғылыми және тәжірибелік негіздеудің өзекті міндеті болып болып табылады.

Түйе сүтінің химиялық құрамын зерттеу оның ақуызында адам ағзасын ауру тудыратын бактериялар мен вирустардан қорғайтын емдік антиоксиданттық және иммундық жүйені ынталандыратын қасиеттері бар иммуноглобулин басым екенін көрсетті [2].

Дәстүрлі сүқышқылды өнімдердің кең ауқымы дамушы елдерде қарқынды өндіріледі және жоғары бағаланады. Пайдалы микроағзалардың және органикалық қышқылдар, антиоксиданттар, ферменттер, дәрумендер, минералдар, жоғары биожетімді ақуыздар мен амин қышқылдары сияқты биологиялық белсенді қосылыстардың түзілуіне байланысты ұйыту (ферментация) дайын өнімнің жарамдылық мерзімін, сапасын және қауіпсіздігін жақсарту үшін өңдеудің маңызды әдістерінің бірі болып саналады [3, 4].

Өндіру процесінде пробиотиктердің әртүрлі комбинациялары тағамдық құндылығы жағынан ерекшеленетін өнімдердің әртүрлі сапасын қамтамасыз ете алатыны белгілі. Қолданыстағы сүтқышқылды сусындарда пробиотиктердің бір түрі немесе комбинациясы кездеседі және олар әртүрлі мөлшерде болады. Алайда, ферментация жүргізуге арналған пробиотиктердің өміршеңдігі және ұйыту кезінде сүтқышқылды өнімдердің физика-химиялық қасиеттері туралы ақпараттың шектеулі болуы осы тақырып бойынша зерттеуді жүргізудің қозғаушы күші болып табылады [5, 6].

Соңғы жылдары жарық көрген еңбектерде сүтқышқылды өнімдердің құрамындағы пробиотиктер қабынуға қарсы және антиоксиданттық әсерлерді қоса алғанда, өнім құрылымына, дәміне және биологиялық қасиеттеріне оңтайлы әсер ететіні келтірілген [7].

Сондай-ақ пробиотикалық ұйытқылар қосып әзірленген өнімдер иммундық жүйені нығайтуға, антимутагендік әсерге ие екені, ағзасы лактозаны қабылдамайтын адамдарға жарамдылығы және қатерлі ісік, остеопороз және ішек ауруларынан қорғайтыны ғылыми дәлелденген [8].

Зерттеу нысандары мен әдістері

Зерттеу нысандары: түйе сүті (ҚР СТ 166-2015, «Дәулет Бекет» ЖШС), сүтке тікелей енгізілетін құрғақ пробиотикалық ұйытқылар (ТШ 9229-369-00419785-04 құжаттамасына сәйкес сақтау шарттары: 4±2°С температурада 9 ай, шығарылған орны: «Бүкілресейлік сүт өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» МЗМ), дайын сүтқышқылды сусындар, шұбат.

Зерттеу әдістері:

Шикізатты қабылдау ҚР СТ 166-2015 «Өңдеуге арналған түйе сүті. Техникалық шарттар» нормативтік құжаттамасына сәйкес жүргізілді. Өнімдердің органолептикалық көрсеткіштері «МемСТ 22935-2-2011. Сүт және сүт өнімдері. Органолептикалық талдау» арқылы, титрленетін қышқылдығы МемСТ 3624-92 «Сүт және сүт өнімдері. Қышқылдықты анықтаудың титрометриялық әдістері» арқылы, физика-химиялық көрсеткіштері «Лактан» сүт

анализаторының көмегімен, микробиологиялық талдау үшін сынама алу МемСТ 9225-84 «Сүт және сүт өнімдері. Микробиологиялық талдау әдістері» арқылы, сүтқышқылды микроағзалардың саны МемСТ 10444.11-89 «Азық-түлік өнімдері. Сүт қышқылды микроағзаларды анықтау әдістері» арқылы анықталды.

Пробиотикалық ұйытқыларды қолдану арқылы түйе сүті негізінде әзірленген сүтқышқылды сусындар мен шұбатты органолептикалық бағалауды 5 балдық жүйе бойынша дегустациялық комиссия жүргізді. МемСТ 22935-2-2011 талаптары бойынша органолептикалық талдау жүргізу кезінде сусындар мен шұбаттың температурасы 16±2°С, ал бағалау критерийілері: өнімнің түсі, дәмі мен иісі, сыртқы түрі және консистенциясы болды.

Нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкес дайын өнімдердің физика-химиялық көрсеткіштерін және титрленетін қышқылдығын анықтау барысында олардың температурасы 20°С болды. Өлшеу жүргізу 3 рет қайталанып, алынған нәтижелердің орташа мәні есептелді.

Микробиологиялық талдаулар сүтқышқылды сусындар мен шұбаттың стандарт талаптарына сәйкес алдын-ала даярланған сынамаларындағы микроағзалардың көбею қабілетін температурасы 30±1°С коректік ортада 72 сағат бойы анықтауға негізделді.

Зерттеу нәтижелері

Сүтқышқылды сусындар әзірлеуге арналған түйе сүтінің орташа көрсеткіштері келесідей болды: қышқылдығы – 21°Т, тығыздығы – 1029 кг/см^3, ақуыздың массалық үлесі – 3,3 %, майдың массалық үлесі – 3,2 %, көмірсулардың массалық үлесі – 4,6 %.

Зерттеу жұмысы барысында түйе сүтін ұйытуға арналған пробиотикалық ұйытқылардың 4 комбинациясы құрастырылып, олар техникалық сипаттамаларына сәйкес келесі арақатынастарда шикізатқа енгізілді:

– термофильді сүт қышқылды лактококтар мен сірке қышқылды бактериялардың бактериалды ұйытқысы (*Lactococcus lactissubsp. lactis biovar diacetilactis, Acetobacter subsp.aceti, Propionibacterium freudenreichii subsp.)* және АНВ термофильді сүт қышқылды ұйытқысы (*Lactobacillus acidophilus*) (1:1 қатынасында);

– термофильді сүт қышқылды таяқшалардың бактериалды ұйытқысы АВ (*Lactobacillus acidophilus*) және термофильді сүт қышқылды лактококтардың, пропион қышқылды және сіркеқышқылды бактериялардың бактериалды ұйытқысы (*Lactococcus lactis subsp. lactis biovar diacetilactis, Acetobacter subsp.aceti, Propionibacterium freudenreichii subsp.shermanii*) (1:1 қатынасында);

– термофильді сүт қышқылды таяқшалардың бактериалды ұйытқысы Бн (*Streptoccus thermophilus, Lactobacillus delbrueckii subsp. bulgaricus*) және термофильді сүт қышқылды таяқшалардың бактериалды ұйытқысы АНВ (*Lactobacillus acidophilus*) (1:1 қатынасында);

– термофильді сүт қышқылды таяқшалардың бактериалды ұйытқысы АВ (*Lactobacillus acidophilus*) және Бн термофильді сүт қышқылды таяқшалардың бактериалды ұйытқысы (*Streptoccus thermophilus, Lactobacillus delbrueckii subsp. bulgaricus*) (1:1 қатынасында).


Осы таңдалған композициялар негізінде 4 сүтқышқылды сусынның («Желмая», «Ақнар», «Атамекен», «Қазына») рецептурасы құрастырылды. Ұйытқылар түйе сүтіне нормативтік-техникалық сипаттамаларына (ақшыл сары ұнтақ, сүтке тікелей енгізу температурасы – 37°С, салмағы – 2 г) сәйкес белгіленген мөлшерде тікелей енгізілді және барлық төрт үлгіде 100 л өнімнің 2%-ын құрады.

Аталған сусындарды әзірлеудің технологиялық процесі 1-сұлбада келтірілген операциялардан тұрды.

Келесі кезеңде 1-сұлбада келтірілген технология бойынша әзірленген сүтқышқылды сусындардың сапа көрсеткіштері (органолептикалық, физико-химиялық, микробиологиялық) анықталды.

1-кесте нәтижелерінен барлық сүтқышқылды сусындардың жоғары баллдарға (4,8-4,9) ие болғанын, соның ішінде «Атамекен» және «Қазына» сүтқышқылды сусындары өзіндерінің жағымды (жұмсақ) дәмімен ерекшеленгенін байқауға болады. Сондай-ақ, шұбатқа қарағанда, барлық 4 сусында да көбік шамалы ғана мөлшерде түзілді.


Сүт өнімдерінің қышқылдылығын анықтау олардың нормативтік құжаттама талаптарына сәйкестігін және сапасын бағалаудың маңызды көрсеткіші болып табылады (1-сурет).



Сұлба 1 – Пробиотикалық ұйытқыларды қолдану арқылы түйе сүті негізінде сүтқышқылды сусындарды әзірлеу технологиясы

Кесте 1 – Түйе сүті негізінде әзірленген сүтқышқылды сусындар мен шұбаттың органолептикалық көрсеткіштерін бағалау нәтижелері

Көрсеткіштер	Сүтқышқылды сусындар				Шұбат
	«Желмая»	«Ақнар»	«Атамекен»	«Қазына»	
Түсі	Сарғыш реңкті, сүтті ақ	Сарғыш реңкті, сүтті ақ	Сарғыш реңкті, сүтті ақ	Сарғыш реңкті, сүтті ақ	Шамалы сарғыш реңкті ақ
Дәмі мен иісі	Сүтқыш-қылды, сергітетін, ащы	Сүтқыш-қылды, сергітетін, әлсіз ащы	Сүтқыш-қылды, сергітетін, жағымды	Сүтқыш-қылды, сергітетін, жағымды	Сүтқыш-қылды, сергітетін, ащы
Сыртқы түрі мен консистенциясы	Сұйық, біртекті, көбікті, тұнбасыз	Сұйық, біртекті, көбікті, тұнбасыз	Сұйық, біртекті, шамалы көбікті, тұнбасыз	Сұйық, біртекті, шамалы көбікті, тұнбасыз	Сұйық, біртекті, көбік мөлшері көп, тұнбасыз
Орташа бағасы, балл	4,8	4,8	4,9	4,9	4,8



Сурет 1 – Сақтау кезінде сүтқышқылды сусындар мен шұбаттың титрлеу қышқылдығының өзгеруі, ºТ

1-суретте көрсетілгендей, титрлеу қышқылдығын анықтау дайын сүтқышқылды сусындар мен шұбатты 21 тәулік бойы сақтау кезінде жүргізілді.

Сақтау нәтижесінде шұбаттың қышқылдығы 170°Т-ден жоғары көрсеткішке ие болды, ал сүтқышқылды сусындардың қышқылдық көрсеткіштері 120°Т-ден асқан жоқ, яғни «Желмая» және «Қазына» сусындарына қарағанда, «Атамекен» сусынының қышқылдығы 5°Т-ге кем болды, ал ең төмен қышқылдық «Ақнар» сусынында (110°Т) анықталды.

Осылайша, әзірленген барлық жаңа сусындардың титрлеу қышқылдығы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келді.

«Желмая» «Қазына», «Атамекен» және «Ақнар» сусындарының энергетикалық құндылығын анықтау нәтижелері 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Түйе сүті негізінде әзірленген сүтқышқылды сусындар мен шұбаттың энергетикалық құндылығының салыстармалы сипаттамалары

Көрсеткіштердің атауы, өлшем бірлігі	«Желмая» сусыны	«Ақнар» сусыны	«Атамекен» сусыны	«Қазына» сусыны	Шұбат (ҚР СТ 117-2015)
Ақуыз, г/100 г	3,3	2,9	3,3	3,2	4,1
Май, г/100 г	3,2	3,2	3,2	3,2	3,2
Көмірсу, г/100г	4,8	4,7	4,6	4,8	3,3
Энергетикалық құндылық, кКал	61,2	59,2	60,4	60,8	58,4

2-кестедегі мәліметтерге сәйкес сүтқышқылды сусындардың энергетикалық құндылығы 59,2-61,2 кКал аралығында болды, ал шұбаттың бұл көрсеткіші 58,4 кКал-ға тең болды.

Келесі кезеңде түйе сүті негізінде әзірленген сүтқышқылды сусындардың құрамындағы пайдалы лактобактериялардың мөлшерін анықтау үшін микробиологиялық зерттеулер жүргізілді (3-кесте).

Кесте 3 – Әзірленген сүтқышқылды сусындар мен шұбаттағы пробиотикалық ұйытқы бактерияларының (лактобактериялардың) құрамы

Өнім атауы	Лактобактериялар мөлшері, ҚҚБ/г	
	Нормативтік құжат бойынша (ТШ 9229-369-00419785-04)	Зерттеу нәтижелері
«Желмая» сусыны	кемінде $3*10^6$	$5*10^6$
«Ақнар» сусыы	кемінде $3*10^6$	$3,7*10^6$
«Атамекен» сусыны	кемінде $3*10^6$	$4*10^6$
«Қазына» сусыны	кемінде $3*10^6$	$3,6*10^6$
Шұбат	$1*10^6$-нен артық емес	$0,4*10^6$

3-кесте нәтижелері бойынша, сүтқышқылды сусындардың төрт үлгісінде де пайдалы пробиотикалық бактериялардың оңтайлы мөлшері жинақталғанын көруге болады. Шұбат құрамындағы лактобактериялардың саны да нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес мөлшерде болды.

Ғылыми нәтижелерді талқылау

Түйе сүті негізінде сүтқышқылды сусындар әзірлеуге арналған пробиотикалық ұйытқылардың комбинациясын құрастыру барысында ең алдымен олардың нормативтік-техникалық құжаттамаларындағы (ТШ 9229-369-00419785-04) сипаттамалары ескерілді. Оларда келтірілген талаптарға сәйкес, үйлесімді болып табылатын ұйытқылардың 4 комбинациясы асептикалық шарттарда бір-бірімен 1:1 қатынасында біріктірілді және рецептураға сәйкес сүтке 2% мөлшерде 37°С температурада енгізіліп, ұйыту процесі (т=8 сағат, t=32±2°С) жүзеге асырылды.

Сиыр сүтінен сүтқышқылды сусындарды және шұбатты өндірудің технологиялық режимдері мен реттілігін ескере отырып, пробиотикалық ұйытқыларды қолдану арқылы түйе сүті негізінде сүтқышқылды сусындарды әзірлеу технологиясы құрастырылды және бекітілді.

Бұл жерде дәртүрлі технологиядан басты айырмашылық – түйе сүтінің физико-химиялық көрсеткіштерін ескере отырып, пастерлеудің төмен температуралы режимін таңдау болып табылады (егер өңдеу температурасы 63°С болса, онда ұзақтығы – 30 минутты, ал температура 72°С болса, онда ұзақтығы – 20 минутты құрады). Жоғары температуралы жылдам пастерлеумен салыстырғанда (90°С-ден жоғары), аталған пастерлеу режимдерінде түйе сүтінің негізгі құрамдас бөліктері мен тағамдық қасиеттерінің минималды өзгерістері байқалды. Түйе сүтінің пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, пастерлеудің оңтайлы мәндеріне қол жеткізу мәселесін шетелдік ғалымдар да өз еңбектерінде тереңінен талқылап, 63°С температурада 30 минут термиялық өңдеу режимінің ұтымдылығын атап өткен [9].

Жұмыстың келесі кезеңінде әзірленген сүтқышқылды сусындар мен шұбаттың органолептикалық көрсеткіштерін бағалау 5-баллдық жүйе арқылы жүзеге асырылды. Оның нәтижесі бойынша барлық сүтқышқылды өнімдер 4,8-4,9 балл аралығында жоғары бағаланды. Бұл сусындардың сенсорлық қасиеттерінің тұтынушылар үшін тартымды екендігінің дәлелі болып табылады. Отандық және шетелдік ғалымдар өздерінің еңбектерінде пробиотикалық ұйытқылар қосып әзірленген өнімдердің реологиялық, физико-химиялық және тағамдық көрсеткіштерін жақсартумен қатар, органолептикалық қасиеттерін де оңтайландыру қажеттілігін атап өткен. Қытай және Мысырдың жетекші білім орталықтарының ғалымдары өздерінің ғылыми жұмыстарында ешкі сүтінің иісін жағымды ету мақсатында ұйытқыларды қолдану нәтижесінде жүретін ферментация процесінің ролі орасан екенін дәлелдеген [10-12].

Сүтқышқылды сусындарды сақтау барысында маңызды сапа көрсеткіштерінің бірі – титрлеу қышқылдығына 21 тәулік бойы бақылау жүргізілді. Техникалық құжаттама талаптарына сәйкес мұндай өнімдердің қышқылдығы 75-125°Т шектерінде болуы тиіс. Түйе сүті негізінде әзірленген сусындарда қышқылдық 95-119°Т аралығын көрсетті, яғни талаптардан ауытқу байқалған жоқ. Бұл көрсеткіштер сусындарды ұйыту кезінде лактобактериялардың әсері нәтижесінде жүретін органикалық қосылыстардың ыдырау процесімен тікелей байланысты болып табылады.

«Желмая» «Қазына», «Атамекен», «Ақнар» сусындары мен шұбаттың құрамындағы ақуыз, май, көмірсу мөлшері анықталғаннан кейін, олардың энергетикалық құндылығының есебі жүргізілді. Сусындардың бұл көрсеткіштері шұбатпен салыстырғанда артық болды, бұл түйе сүтінің құрамындағы көмірсудың жоғары мөлшерімен түсіндіріледі.

Микробиологиялық көрсеткіштерді анықтау нәтижелерін қарастыратын болсақ, лактококктардың жинақталуы барлық сүтқышқылды сусын үлгілерінде белсенді жүргенін байқауға болады, бұл дайын жаңа өнімдердің пробиотикалық қасиеттерін қамтамасыз ететін маңызды көрсеткіш болып табылады.

Қорытынды

Зерттеу жұмыстарының негізінде келесі технологиялық шешімдерге қол жеткізілді: сүтқышқылды сусындар әзірлеу үшін түйе сүтін пастерлеу температурасы 30 минут бойы 63°С немесе 20 минут бойы 72°С болды; түйе сүтіне енгізілетін ұйытқылар мөлшері 100 л өнімнің 2%-ын құрады; түйе сүтін ұйыту ұзақтығы 8 сағат, ал температурасы 32±С° болды; ұйытылған сүтқышқылды сусындарды 4С° температураға дейін салқындатқаннан кейін сақтау шарттары: 2-4 С° температурада 21 тәулік болып бекітілді.

Келтірілген технология бойынша әзірленген сүтқышқылды сусындардың органолептикалық көрсеткіштері жоғары бағаланды (4,8-4,9 балл). Физика-химиялық көрсеткіштері қалыпты мәндерге ие болды, ал титрлеу қышқылдығы нормативтерге сәйкес 95-119°Т аралығын көрсетті, пробиотикалық ұйытқы бактерияларының (лактобактериялардың) құрамы $3,6*10^6$- $5*10^6$ ҚҚБ/г шектерінде болды.

Осылайша, мақалада қарастырылған түйе сүті негізінде сүтқышқылды сусындар әзірлеу технологиясын және олардың сапа көрсеткіштерін зерттеу нәтижелерін сүт өнеркәсібі саласында тәжірибелік мақсаттарда пайдалануға болады және олар шикізатты қабылдау сәтінен бастап, дайын өнімдерді тұтынушыларға ұсынуға дейінгі өндіріс кезеңін тиімді, сапалы және қауіпсіз ету үшін оңтайлы қадамдар жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әзірленген жаңа өнімдердің артықшылықтары: жоғары сапалы көрсеткіштер, өнімнің қауіпсіздігі, сүтқышқылды сусындарды жаппай тұтынумен қатар, функционалды және мамандандырылған тамақтануда пайдалану мүмкіндігі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Quality and safety of new types of dairy products based on cow’s and mare’s milk with vegetable additives / M. Iztileuov et al // Food Production, Process and Nutrition. – 2024. – № 6. – P. 42. https://doi.org/10.1186/s43014-023-00218-0.

2. Кулажанов К.С. Исследование качественного состава микрофлоры бионапитков на основе верблюжьего молока / К.С. Кулажанов, Ф.Т. Диханбаева, Э.Ч. Тастурганова // Вестник Алматинского технологического университета. – 2019. – № 4. – С. 37-41.

3. Traditional fermented foods of Benin Republic: microbiological safety and health benefits / O. Zannou et al // Discovover Food. – 2023. – № 3. – P. 3. https://doi.org/10.1007/s44187-023-00043-x.

4. Selection of appropriate probiotic yeasts for use in dairy products: a narrative review / S. Kazemi et al // Food Production, Process and Nutrition. – 2025. – № 7.– P. 13. https://doi.org/10.1186/s43014-024-00293-x.
5. Jhamb, V. Role and importance of lactic acid bacteria in different Indian fermented foods / V. Jhamb, P. Swaminathan, // Biologia. – 2023. – № 78. – P. 3609-3623. https://doi.org/10.1007/s11756-023-01512-5.
6. Probiotic viability, pH and lactic acid concentration of opened commercial probiotic dairy drinks stored at different temperatures and durations / Y.K. Liew et al // Bulletin of the National Research Centre. – 2022. – № 46. – P. 216. https://doi.org/10.1186/s42269-022-00912-y.
7. Manjunatha, V. Unlocking Innovations: Exploring the Role of Kefir in Product Development / V. Manjunatha, D. Bhattacharjee, C. Flores // Current Food Science and Technology Reports. – 2024. – № 2. – P. 221-230. https://doi.org/10.1007/s43555-024-00032-w.
8. Revealing the nutritious treasures: an extensive investigation of health benefits of cultured dairy foods / J. Thillapudi et al // Archives of Microbiology. – 2025. – № 207. – P. 12. https://doi.org/10.1007/s00203-024-04210-1.
9. Effect of low temperature long time industrial pasteurization on physicochemical and nutritional properties of camel milk: a comparative study / M.A. Arain et al // Proceedings of the Indian National Science Academy. – 2025. https://doi.org/10.1007/s43538-025-00535-7.
10. Microbiological, physicochemical, and sensory properties of goat milk co-fermented with isolated new yeasts / S.A. Korma et al // Journal of Food Measurement and Characterization. – 2021. – № 15. – P. 5296-5309. https://doi.org/10.1007/s11694-021-01091-6.
11. Tingirikari J.M.R. Kefir: a fermented plethora of symbiotic microbiome and health / J.M.R. Tingirikari, A. Sharma, HJ. Lee // Journal of Ethnic Foods. – 2024. – № 11. – P. 35. https://doi.org/10.1186/s42779-024-00252-4.
12. Daryani D. Review of plant-based milk analogue: its preparation, nutritional, physicochemical, and organoleptic properties / D. Daryani, K. Pegua, S.S. Aryaa // Food Science and Biotechnology. – 2024. – № 33. – P. 1059-1073. https://doi.org/10.1007/s10068-023-01482-z.

References

1. Quality and safety of new types of dairy products based on cow's and mare's milk with vegetable additives / M. Iztileuov et al // Food Production, Process and Nutrition. – 2024. – № 6. – P. 42. https://doi.org/10.1186/s43014-023-00218-0. (In English).
2. Kulazhanov K.S. Issledovanie kachestvennogo sostava mikroflory bionapitkov na osnove verblyuzh'ego moloka / K.S. Kulazhanov, F.T. Dikhanbaeva, EH.CH. Tasturganova // Vestnik Almatinskogo tekhnologicheskogo universiteta. – 2019. – № 4. – S. 37-41. (In Russian).
3. Traditional fermented foods of Benin Republic: microbiological safety and health benefits / O. Zannou et al // Discovover Food. – 2023. – № 3. – P. 3. https://doi.org/10.1007/s44187-023-00043-x. (In English).
4. Selection of appropriate probiotic yeasts for use in dairy products: a narrative review / S. Kazemi et al // Food Production, Process and Nutrition. – 2025. – № 7.– P. 13. https://doi.org/10.1186/s43014-024-00293-x. (In English).
5. Jhamb, V. Role and importance of lactic acid bacteria in different Indian fermented foods / V. Jhamb, P. Swaminathan, // Biologia. – 2023. – № 78. – P. 3609-3623. https://doi.org/10.1007/s11756-023-01512-5. (In English).
6. Probiotic viability, pH and lactic acid concentration of opened commercial probiotic dairy drinks stored at different temperatures and durations / Y.K. Liew et al // Bulletin of the National Research Centre. – 2022. – № 46. – P. 216. https://doi.org/10.1186/s42269-022-00912-y. (In English).
7. Manjunatha, V. Unlocking Innovations: Exploring the Role of Kefir in Product Development / V. Manjunatha, D. Bhattacharjee, C. Flores // Current Food Science and Technology Reports. – 2024. – № 2. – P. 221-230. https://doi.org/10.1007/s43555-024-00032-w. (In English).
8. Revealing the nutritious treasures: an extensive investigation of health benefits of cultured dairy foods / J. Thillapudi et al // Archives of Microbiology. – 2025. – № 207. – P. 12. https://doi.org/10.1007/s00203-024-04210-1. (In English).
9. Effect of low temperature long time industrial pasteurization on physicochemical and nutritional properties of camel milk: a comparative study / M.A. Arain et al // Proceedings of the Indian National Science Academy. – 2025. https://doi.org/10.1007/s43538-025-00535-7. (In English).

10. Microbiological, physicochemical, and sensory properties of goat milk co-fermented with isolated new yeasts / S.A. Korma et al // Journal of Food Measurement and Characterization. – 2021. – № 15. – P. 5296-5309. https://doi.org/10.1007/s11694-021-01091-6. (In English).
11. Tingirikari J.M.R. Kefir: a fermented plethora of symbiotic microbiome and health / J.M.R. Tingirikari, A. Sharma, HJ. Lee // Journal of Ethnic Foods. – 2024. – № 11. – P. 35. https://doi.org/10.1186/s42779-024-00252-4. (In English).
12. Daryani D. Review of plant-based milk analogue: its preparation, nutritional, physicochemical, and organoleptic properties / D. Daryani, K. Pegua, S.S. Aryaa // Food Science and Biotechnology. – 2024. – № 33. – P. 1059-1073. https://doi.org/10.1007/s10068-023-01482-z. (In English).

Э.Ч. Базылханова[1*], Ф.Т. Диханбаева[2], С.А. Карденов[1], А.С. Ергибаева[1], Р.Ф. Сейдгалиев[1]
[1]Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина,
010011, Республика Казахстан, город Астана, улица Женис, 62
[2]Алматинский технологический университет,
050000, Республика Казахстан, г. Алматы, улица Толе би, 100
*e-mail: 66bel@bk.ru

РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ И ИССЛЕДОВАНИЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КАЧЕСТВА КИСЛОМОЛОЧНЫХ НАПИТКОВ НА ОСНОВЕ ВЕРБЛЮЖЬЕГО МОЛОКА

В научной статье рассмотрена технология разработки кисломолочных напитков на основе верблюжьего молока с использованием пробиотических заквасок и обсуждены результаты исследования их органолептических, физико-химических и микробиологических свойств. На основании характеристик пробиотических лактобактерий, приведенных в технической документации, было составлено 4 композиций заквасок в асептических условиях. Для выработки кисломолочных напитков подготовленные композиции вводили непосредственно в верблюжье молоко, прошедшее предварительную термическую обработку (30 минут при 63°С) и охлажденное до необходимой температуры (37°С).

В ходе исследовательской работы в качестве контрольного образца был выбран традиционный продукт – шубат. Органолептические характеристики разработанной кисломолочной продукции соответствовали требованиям нормативной документации и получили высокие баллы (4,8-4,9). В целях определения физико-химических показателей и срока хранения в течение 21 суток наблюдалось изменение титруемой кислотности напитков и шубата. По сравнению с шубатом новые продукты показали нормальную кислотность (до 120°Т) в течение исследуемого периода. Также была рассчитана энергетическая ценность кисломолочных напитков (59,2-61,2 кКал).

По итогам микробиологических исследований определено количество полезных лактобактерий в составе напитков, которое соответсвовало требованиям нормативно-технической документации ($3,6*10^6$-$5*10^6$ КОЕ/г). Это важный показатель, обосновывающий пробиотические свойства кисломолочных напитков. Таким образом, в результате проведенных исследований утверждены технология приготовления и условия хранения выработанных кисломолочных напитков (21 сутки при 2-4 °С).

Ключевые слова: *молоко верблюжье, кисломолочные напитки, шубат, пробиотические закваски, термофильные молочнокислые лактококки, бактериальная закваска, пропионовокислые и уксуснокислые бактерии.*

E.Ch. Bazylkhanova[1*], F.T. Dikhanbayeva[2], S.A. Kardenov[1], A.S. Yergibayeva[1], R.F. Seidgaliyev[1]
[1]S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University,
010011, Republic of Kazakhstan, Astana, Zhenis street 62,
[2]Almaty Technological University,
050000, Republic of Kazakhstan, Almaty, Tolebi street 100
*e-mail: 66bel@bk.ru

DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY AND RESEARCH OF QUALITY INDICATORS OF FERMENTED MILK DRINKS BASED ON CAMEL MILK

The scientific article discusses the technology of developing fermented milk drinks based on camel milk using probiotic starter cultures and the results of a study of their organoleptic, physico-chemical and microbiological properties. Based on the characteristics of probiotic lactobacilli listed in the technical documentation, 4 starter cultures were formulated under aseptic conditions. To produce fermented milk drinks, the prepared compositions were injected directly into camel milk, which had undergone preliminary heat treatment (30 minutes at 63 °C) and cooled to the required temperature (37 °C).

In the course of the research, a traditional product, shubat, was chosen as a control sample. The organoleptic characteristics of the developed fermented milk products met the requirements of regulatory documentation and received high scores (4.8-4.9). In order to determine the physico-chemical parameters and shelf life for 21 days, a change in the titrated acidity of drinks and shubat was observed. Compared with shubat, the new products showed normal acidity (up to 120°C) during the study period. The energy value of fermented milk drinks (59.2-61.2 kCal) was also calculated.

Based on the results of microbiological studies, the number of beneficial lactobacilli in the composition of drinks was determined, which met the requirements of regulatory and technical documentation ($3,6*10^6$-$5*10^6$ CFU/g). This is an important indicator justifying the probiotic properties of fermented milk drinks. Thus, as a result of the conducted research, the technology of preparation and storage conditions of the produced fermented milk drinks (21 days at 2-4 °C) were approved.

Key words: *camel milk, fermented milk drinks, shubat, probiotic starter cultures, thermophilic lactic acid lactococci, bacterial starter culture, propionic acid and acetic acid bacteria.*

Авторлар туралы мәліметтер

Эльмира Чаймаксутовна Базылханова* – PhD, «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті», Астана, Қазақстан Республикасы; e-mail: 66bel@bk.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7854-1523.

Фатима Токтаровна Диханбаева – техника ғылымдарының докторы, «Тамақ өнімдерінің технологиясы» кафедрасының профессоры, Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы; e-mail: fatima6363@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4257-3774.

Серік Әскербекұлы Карденов – техника ғылымдарының кандидаты, «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.; «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті», Астана, Қазақстан Республикасы; e-mail: serik.69@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6198-1189.

Алина Сериковна Ергибаева – «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының магистранты; «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті», Астана, Қазақстан Республикасы; e-mail: alinaadsl@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0007-0734-2096.

Рахат Фаизович Сейдгалиев – «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының магистранты, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті», Астана, Қазақстан Республикасы; e-mail: rahatik_xd@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0009-0000-5248-6047.

Сведения об авторах

Эльмира Чаймаксутовна Базылханова* – PhD, и.о. ассоциированный профессор кафедры «Технология пищевых и перерабатывающих производств», «Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина», Астана, Республика Казахстан; e-mail: 66bel@bk.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7854-1523.

Фатима Токтаровна Диханбаева – доктор технических наук, профессор кафедры «Технология продуктов питания», «Алматинский технологический университет», Алматы, Республика Казахстан; e-mail: fatima6363@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4257-3774.

Серик Аскербекович Карденов – кандидат технических наук, и.о. ассоциированный профессор кафедры «Технология пищевых и перерабатывающих производств», «Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина», Астана, Республика Казахстан; e-mail: serik.69@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6198-1189.

Алина Сериковна Ергибаева – магистрант кафедры «Технология пищевых и перерабатывающих производств», «Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина», Астана, Республика Казахстан; e-mail: alinaadsl@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0009-0007-0734-2096.

Рахат Фаизович Сейдгалиев – магистрант кафедры «Технология пищевых и перерабатывающих производств», «Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина», Астана, Республика Казахстан; e-mail: rahatik_xd@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0009-0000-5248-6047.

Information about the authors

Elmira Chaimaksutovna Bazylkhanova* – PhD, acting associate professor of the Department of «Food Technology and Processing Products», «S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University», Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: 66bel@bk.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7854-1523.

Fatima Toktarovna Dikhanbayeva – Doctor of Technical Sciences, Professor of the Department of «Food Technology», Almaty Technological University, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: fatima6363@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4257-3774.

Serik Askerbekovich Kardenov – Candidate of Technical Sciences, acting associate professor of the Department of «Food Technology and Processing Products», «S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University», Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: serik.69@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6198-1189.

Alina Serikovna Yergibayeva – Master's student of the Department of «Food Technology and Processing Products», «S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University», Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: alinaadsl@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0009-0007-0734-2096.

Rakhat Faizovich Seidgaliyev – Master's student of the Department of «Food Technology and Processing Products», «S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University», Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: rahatik_xd@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0009-0000-5248-6047.

Редакцияға енуі 17.09.2025
Өңдеуден кейін түсуі 22.10.2025
Жариялауға қабылданды 23.10.2025

https://doi.org/10.53360/2788-7995-2025-4(20)-38

BY 4.0
Check for updates

ҒТАХР: 65.09.03; 65.09.30

Л.А.Мурат*, Б.С. Шайменова, Д.К. Айтмухамбетов, Г.Х. Оспанкулова
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 62
*e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru

БҰРШАҚ ЖӘНЕ ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДАН АЛЫНҒАН АҚУЫЗ ИЗОЛЯТТАРЫНЫҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЕТ АЛМАСТЫРҒЫШТАР ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аңдатпа: *Бұл жұмыста бұршақ, соя, бидай және жүгеріден алынған ақуыз изоляттарының шығымы, химиялық құрамы, физика-химиялық және түстік (CIE Lab*) сипаттамалары, сондай-ақ аминқышқылдық профилі кешенді зерттелді. Ақуыздарды бөліп алу сілтілік экстракция әдісімен (0,1 M NaOH, pH 9, 30°C, 60 мин) жүргізілді. Экстракция тиімділігі барлық үлгілерде жоғары болып, 83,25-85,21% аралығында өзгерді; ең жоғары шығым сояда (31,1%) және бұршақта (21,23%) тіркелді. Изоляттардың ақуыз үлесі 69,37-79,36% диапазонында болды; май мөлшері сояда ең төмен (0,12%), ал көмірсулар бидай изолятында жоғары (19,2%). Тығыздық көрсеткіштері бидай изолятында сусымалы (0,52 г/мл) және нығыздалған (0,73 г/мл) мәндердің жоғары екенін көрсетті, бұл етке ұқсас талшықты құрылым түзуге қолайлы. Түстік талдау барлық изоляттардың жоғары жарықтыққа (L* = 80,15-85,47) ие екенін айқындады. Аминқышқылдық профиль бойынша бұршақ пен соя теңгерімді құрамымен ерекшеленді (лизин және аргинин жоғары), ал жүгері (зеин) мен бидайда лизин шектеуші фактор болды. Нәтижелер өсімдік негізді ет алмастырғыштар өндірісінде бұршақ және соя ақуыздарын базалық компоненттер, бидай (глютен/желімтік) мен жүгеріні құрылым қалыптастыратын функционалдық қосымша компоненттер ретінде пайдаланудың ғылыми негізділігін дәлелдейді.*

Түйін сөздер: *өсімдік ақуызы, изолят, физика-химиялық қасиеттер, аминқышқылдық профиль, ет алмастырғыш.*

Кіріспе

Қазіргі таңда өсімдік тектес шикізат негізінде ет алмастырғыштарды өндіру технологияларын зерттеу және енгізу қарқынды дамып келеді. Бұл үрдіс тек тұтынушылардың тағамдық өнімдерді таңдаудағы жаңа ұстанымдарымен ғана емес, сондай-ақ жаһандық экологиялық және әлеуметтік сын-қатерлермен де тікелей байланысты. БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) мәліметтері бойынша, алдағы жылдары әлем халқының азық-түлікке деген сұранысы шамамен 70%-ға артып, бұл табиғи ресурстарды пайдаланудың ұлғаюына әкелуі мүмкін [1]. Сонымен қатар, мал шаруашылығы саласы парниктік газдардың басты көздерінің бірі болып қала береді, бұл жер пайдалану құрылымындағы өзгерістермен, ормандардың жойылуымен және су ресурстарының шамадан тыс пайдаланылуымен байланысты [2, 3].

Осыған байланысты өсімдік ақуызы негізіндегі ет алмастырғыштарды дамыту қоршаған ортаға түсетін антропогендік салмақты азайтып, жануар тектес ақуызға тәуелділікті төмендетудің болашағы зор және экологиялық тұрғыдан тиімді шешімі болып саналады [4].

Бұл өнімдер тұтынушыларға жануар тектес өнімдерге тең тағамдық құндылығы бар баламаны ұсынуға мүмкіндік береді [5]. 2019 жылы өсімдік тектес өнімдер өндірісінің әлемдік нарық көлемі 4,51 млрд АҚШ долларын құрап, тұрақты өсім көрсетті, ал 2027 жылға қарай бұл көрсеткіштің екі еселеніп, 8,82 млрд АҚШ долларына жетуі күтілуде [6].

Зерттеу саласында басты назар соя, бұршақ, бидай және жүгері секілді өсімдік ақуызының негізгі көздеріне аударылады. Соя ақуызы өзінің аминқышқылдық құрамы мен функционалдық қасиеттерінің кең спектрі арқасында құнды шикізат болып табылады. Ол гель түзу, эмульгирлеу және көбіктендіру қабілетімен, сондай-ақ өңдеу барысында ылғал мен майды тиімді ұстап тұру қасиеттерімен ерекшеленеді [7]. Бұршақ ақуызы жоғары антиаллергендік қасиеттері мен генетикалық модификацияның болмауымен ерекшеленеді және аминқышқылдық профилінің байлығымен құнды болып саналады [8]. Сонымен қатар, бұршақ антиоксиданттық белсенділікке ие және гидролизденген түрінде ішек микробиотасының құрамына оң әсер етеді [9].

Бидай ақуызының негізгі компоненті глютен (желімтік) болып табылады, ол талшықты құрылым түзіп, өнімдердің шайналғыштығын және тығыздығын арттырады, бұл экструзиялық өнімдер өндірісінде маңызды артықшылық [10]. Бұршақ ақуызы бидайдың глютенін (желімтігін) біріктіре өңдеу нәтижесінде талшықты морфологиясы айқын материалдар алынады. Бұл глютеннің (желімтіктің) құрылым қалыптастырудағы рөлін және ақуыз матрицасының жеткілікті беріктігін көрсетеді. Бұл қасиеттер ақуызды қоспаларды етке ұқсас талшықты құрылымдар қалыптастыруда перспективалы компонент ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Жүгерінің зеин ақуызы жоғары гидрофобтылығымен және үлдір түзу қабілетімен ерекшеленеді, бірақ алмастырылмайтын аминқышқылдарының (лизин мен триптофан) жетіспеушілігі себебінен оны басқа ақуыздармен үйлестіре қолдану қажет [11].

Осыған орай, бұршақ, соя, бидай және жүгеріден алынған ақуыз изоляттарының химиялық құрамы мен функционалды-технологиялық қасиеттерін салыстырмалы талдау өсімдік негізді ет алмастырғыштарды өндіру технологияларын жетілдірудің маңызды алғышарты болып табылады; мұндай талдау дайын өнімнің құрылымын оңтайландырып, оның жоғары тағамдық құндылығы мен тұтынушылық сапасын қамтамасыз ететін ақуызды шикізат көздерінің ең тиімді үйлесімдерін айқындауға мүмкіндік береді. Осы зерттеудің мақсаты — аталған дақылдардан алынған ақуыз изоляттарының физика-химиялық қасиеттері мен аминқышқылдық профилін кешенді бағалау арқылы өсімдік негізді ет алмастырғыштарды өндіруге арналған ең тиімді шикізат көздерін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысандары: Зерттеу үлгілері ретінде соя дәндері, бұршақ тұқымдары, жүгері және бидай дәндері пайдаланылды. Барлық үлгілер эксперимент басталғанға дейін 18°C температурада сақталды.

Ақуызды бөліп алу әдістері:

Бұршақ және соя: Ақуызды бөліп алу дәстүрлі сілтілі экстракция әдісімен жүзеге асырылды. Ақуыздар 0,1 M NaOH ерітіндісінде, pH 9, 30°C температурада ерітіліп, кейін центрифугаланды (Narale et al., 2024) [12].

Жүгері: US20020183490 патентінде сипатталған жүгері майы мен ақуызын кешенді алу әдісі қолданылды.

Бидай: Сорочинский және әріптестері (2006) ұсынған тағамдық глютенді оқшаулау әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс ұнды жуу және крахмалды кетіру кезеңдерін қамтиды [13].

Химиялық құрамды талдау:

Ылғалдылық мөлшері – AOAC (2005) әдісі бойынша RADWAG Mac 210 анализаторында анықталды [14].

Минералды заттар – AOAC 942.05 (2022) стандарты бойынша [15].

Май мөлшері – Сокслет аппараты арқылы AOAC 920.85 (2005) әдісімен [16].

Көмірсулар – антрон әдісімен (McCleary & McLoughlin, 2021) [17].

Ақуыз мөлшері – Къелдаль әдісі бойынша AOAC 985.29 стандартымен (William, 2000) [18].

Аминқышқылдық құрамы – AOAC 994.12 (2005) әдісімен анықталып, нәтижелер % EAA түрінде берілді [19].

Физикалық қасиеттерді анықтау:

Түс параметрлері – Dabbour et al. (2018) әдістемесі бойынша CIE Lab* жүйесінде [20].

Сусымалы тығыздық – Dabbour et al. (2018) әдісі [20].

Нығыздалған тығыздық – Naik et al. (2022) әдісі бойынша [21].

Статистикалық өңдеу: Барлық тәжірибелер үш рет қайталанып орындалды. Нәтижелер орташа мән ± стандартты ауытқу түрінде көрсетілді. Деректерді өңдеу үшін математикалық статистика әдістері және стандартты бағдарламалық қамтамасыз ету қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Өсімдік тектес ет алмастырғыштарға арналған шикізатты іріктеу. Зерттелген өсімдік шикізатының (бұршақ, соя, жүгері, бидай) проксималды құрамы Кесте 1-де келтірілген. Ылғалдылықтың бұршақта 7,51%, бидайда 14,11% болуы әдеби деректердегі 5,0-14% аралығымен үйлеседі [22]. Ылғалдылық жоғарылаған сайын май үлесі төмендеу, ал ылғалдылық төмен болғанда май үлесі жоғарылау үрдісі байқалды [23]. Осы заңдылыққа сәйкес, майдың ең төмен мәні бидайда (1,36%), ал ең жоғарысы сояда (16,4%) тіркелді.

Кесте 1 – Өсімдік шикізатының химиялық құрамы

Үлгі	Ылғалдылық, %	Ақуыз, %	Май, %	Көмірсулар, %	Минералдар, %
Бұршақ	7,51±0,01	25,5±0,24	4,3±0,2	51,4±0,04	2,14±0,04
Соя	9,23±0,01	36,5±0,49	16,4±0,2	34,8±0,37	2,03±0,26
Жүгері	11,8±0,24	7,4±0,08	4,07±0,07	66,34±0,02	1,14±0,03
Бидай	14,11±0,10	10,8±0,07	1,36±0,10	70,6±0,5	1,25±0,01

Ақуыздың ең жоғары концентрациясы сояда (36,5%), одан кейін бұршақта (25,5%) байқалды; бидай (10,8%) мен жүгеріде (7,4%) бұл көрсеткіш едәуір төмен. Бұл деректер соя мен бұршақты ет алмастырғыштардың негізгі ақуыздық компоненттері ретінде қарастырудың өзектілігін растайды. Әдебиетке сәйкес, бұршақ және соя ақуыз мөлшері бойынша басқа бұршақ тұқымдастарынан, соның ішінде ноқаттан, жоғары бола алады [24].

Барлық үлгілерде көмірсулар үлесі жоғары, бұл олардың энергия сыйымдылығын айқындайды: ең жоғары көрсеткіштер бидай (70,6%) мен жүгеріде (66,34%) тіркелді; бұршақ (51,4%) пен сояда (34,8%) көмірсулар төмендеу, бұл макронутриенттік теңгерімді оңтайландыруға мүмкіндік береді. Минералды заттар 1,14-2,14% аралығында өзгерді: бұршақта салыстырмалы жоғары деңгей (2,14%) байқалып, шикізаттың минералдану дәрежесін көрсетеді; бидай мен жүгерідегі төмен мәндер бейорганикалық компоненттердің аздығын меңзейді [25].

Қорытындылай келе, соя жоғары ақуыз әрі май құрамы арқылы, бұршақ – ақуыз деңгейі мен қолжетімді агротехникалық әлеуеті арқылы (Қазақстанның солтүстігінде кең өсірілуі, ГМО-сыз, төмен аллергендік) тартымды. Жүгері мен бидай негізгі ақуыз көзі ретінде шектеулі болғанымен, олардың серпімділік, талшықтылық, тұтқырлық, ерігіштік сияқты техно-функционалдық қасиеттері рецептурада құрылым қалыптастырушы және энергия жеткізуші компоненттер ретінде құнды.

Ақуыз изоляттарын алу және экстракция тиімділігі. Майсыздандырылған бұршақ, соя, жүгері және бидай шикізаттарынан сілтілік экстракция (0,1 M NaOH, pH 9,0, 30 °C, 60 мин, үздіксіз араластыру) арқылы ақуыз изоляттары алынды. Экстракциядан кейін үлгілер центрифугаланып, супернатанттағы ақуыз концентрациясы анықталды. Жиынтық көрсеткіштер 2 -ші кестеде берілген.

Кесте 2 – Ақуызды экстракциялау көрсеткіштері

Үлгі	Алынған ақуыз, %	Ақуыз шығымы, %	Экстракция тиімділігі, %
Бұршақ	25,5±0,24	21,23±0,35	83,25±0,15
Соя	36,5±0,49	31,1±0,20	85,21±0,09
Жүгері	7,4±0,08	6,2±0,45	83,70±0,35
Бидай	10,8±0,07	9,1±0,35	84,20±0,25

Ең жоғары шығым сояда (31,1%) және бұршақта (21,23%) тіркелді; жүгері (6,2%) мен бидайда (9,1%) төмен болды. Тиімділік барлық үлгілерде тар диапазонда (83,25-85,21%) сақталып, қолданылған әдістің қайталанымдылығы мен тұрақтылығын дәлелдейді. Технологиялық тұрғыдан бұршақ изоляты (жергілікті өндірістік база, ГМО-сыз, төмен аллергендік) айрықша қызығушылық туғызады, бірақ оның гель түзу қабілеті сояға қарағанда шектеулі; бұл ет-тәрізді текстура қалыптастыруда шектеу болуы мүмкін. Осыны ескере

отырып, бұршақ изолятын бидайдың глютені (желімтігі) және/немесе жүгерінің зеинімен композициялық рецептурада біріктіру ұсынылады: глютен талшықты-тығыз құрылымды күшейтеді [10], ал зеиннің гидрофобтылығы құрылым мен тығыздықты жақсартады, бірақ аминқышқылдық толыққандылығы төмен болғандықтан (лизин, триптофан тапшылығы) дербес қолдану шектеулі [11].

Ақуыз изоляттарының химиялық құрамы. Бұршақ, соя, бидай және жүгері изоляттарының химиялық құрамы Кесте 3-те келтірілген. Ылғалдылық 3,43-7,80% аралығында болып, концентрленген ақуыз өнімдеріне қойылатын талаптарға сай және микробиологиялық тұрақтылыққа қолайлы.

Кесте 3 – Ақуыз изоляттарының химиялық құрамы

Үлгі	Ылғалдылық, %	Ақуыз, %	Май, %	Көмірсулар, %	Минералдар, %
Бұршақ изоляты	3,43±0,47	79,36±0,24	2,45±0,10	0	2,42±0,05
Соя изоляты	7,80±0,16	78,36±0,24	0,12±0,01	9,93±0,12	3,81±0,02
Бидай изоляты	3,60±0,08	69,37±0,60	3,33±0,23	19,20±0,17	3,65±0,11
Жүгері изоляты	4,10±0,12	73,50±0,24	1,51±0,02	0	1,66±0,03

Барлық үлгілерде ақуыз үлесі жоғары; ең жоғары мәндер бұршақ (79,36%) және соя (78,36%) изоляттарына тиесілі. Соя изолятында майлылық ең төмен (0,12%), бұл оны төмен майлылықты өнімдерге қолайлы етеді. Көмірсулар бұршақ және жүгері изоляттарында елеусіз, бидайда (19,2%) айқын (глютен қалдықтарымен байланысты). Минералдар сояда жоғары (3,81%) болып, Ca, Mg және микроэлементтермен байланысты биологиялық құндылықты арттыруы мүмкін; жүгері мен бидайда төменірек мәндер тиімді тазартылуды меңзейді. Жалпы, бұршақ пен соя – ылғал/майы төмен жоғары шоғырланған ақуыз көздері; жүгері мен бидай – ақуыз деңгейі төмендеу болғанымен, технологиялық артықшылықтары бар функционалды ингредиенттер.

Тығыздық және колориметриялық сипаттамалар№ Изоляттардың сусымалы (bulk) және нығыздалған (tapped) тығыздықтары, сондай-ақ CIE L*ab** жүйесі бойынша түс параметрлері Кесте 4-те берілген (қосымша визуалдар – Сурет 1).

Кесте 4 – Ақуыз изоляттарының физикалық көрсеткіштері

Үлгі	Сусымалы тығыздық, г/мл	Нығыздалған тығыздық, г/мл	L*	a*	b*	ΔE
Бұршақ изоляты	0,32±0,015	0,23±0,015	80,15±0,10	2,78±0,02	20,31±0,09	21,32±0,10
Соя изоляты	0,35±0,015	0,40±0,015	84,74±0,01	−0,02±0,02	14,92±0,10	14,01±0,10
Бидай изоляты	0,52±0,06	0,73±0,04	85,47±0,39	4,12±0,06	16,28±0,62	15,58±0,08
Жүгері изоляты	0,33±0,019	0,47±0,64	81,97±0,03	3,03±0,07	19,63±0,02	20,93±0,01




Сурет 1 – Өсімдік шикізатынан алынған ақуыздардың изоляттары

Бидай изолятының сусымалы тығыздығы ең жоғары (0,52 г/мл), бұл құрғақ материалдың тығыз, тұтқыр құрылымын сипаттайды; бұршақ изолятында нығыздалған тығыздық ең төмен (0,23 г/мл), кеуектілік пен борпылдақтықты көрсетеді. Жүгері изоляты қысымнан кейін тығыз орналасуға бейім (нығыздалған 0,73 г/мл), бұл ет-тәрізді тығыз текстура қалыптастыруға қолайлы. Соя және жүгері изоляттарының тығыздықтары орташа диапазонда, оларды құрылымдық теңгерім үшін композицияларда тиімді біріктіруге мүмкіндік береді. Тығыздық ақуыздардың гидратациясы мен қаптау қасиеттеріне тікелей әсер етеді [26].

Түстік параметрлер бойынша барлық изоляттар жоғары жарықтыққа ие (L* 80,15-85,47). a* мәні сояда −0,02 (әлсіз жасыл реңк)-тен бидайда 4,12-ге (қызғылт реңк) дейін, b* барлық үлгілерде оң, сары реңктің басымдығын көрсетеді; ең қанық сары – бұршақ (b* 20,31) және жүгері (19,63). Жалпы түстік айырмашылық (ΔE) бұршақ (21,32) және жүгеріде (20,93) айқынырақ, ал соя (14,01) мен бидай (15,58) бір-біріне жақынырақ. Қорытындылай келе, бидай изолятының жоғары тығыздығы ет тәрізді талшықты құрылымға, ал бұршақ изолятының айқын түстік профилі дайын өнімнің визуал сапасын арттыруға қолайлы.

Аминқышқылдық профиль. Осы зерттеу аясында бұршақ, соя, бидай және жүгеріден алынған ақуыз изоляттарының аминқышқылдық құрамы 2-ші суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Өсімдік шикізатынан алынған ақуыз изоляттарының аминқышқылдарының құрамы

Бұршақ изоляты теңгерімді профильмен ерекшеленді: лизин (7,97%), аргинин (8,31%) және серин (6,25%) жоғары деңгейде. Соя изолятында да лизин (6,98%), аргинин (6,91%), фенилаланин (5,91%) мәндері жоғары болып, толыққандылықты қамтамасыз етеді. Жүгері изолятында пролин (9,42%) мен тирозин (4,57%) жоғары болғанымен, лизин (0,17%) және аргинин (1,23%) өте төмен, бұл зеин ақуызының биологиялық құндылығы шектеулі екенін көрсетеді. Бидай изолятында лизин (0,27%), аргинин (0,22%), серин (0,81%) төмен, сондықтан дербес ақуыз көзі ретінде қолдану шектеулі.

Әдебиет деректерімен үйлесімді түрде, бұршақ тұқымдастар лизинге бай, ал дәнді дақылдарда лизин шектеуші аминқышқыл болып табылады; бұршақ тұқымдастарда күкіртті аминқышқылдар (цистеин, метионин) төмендеу. Демек, бұршақ/соя мен бидай/жүгері ақуыздарын үйлестіріп қолдану аминқышқылдық кемшіліктерді өзара толықтыру арқылы протеиннің биологиялық құндылығын арттырады [27].

Қорытынды

Бұл зерттеу өсімдік тектес шикізаттан алынған ақуыз изоляттарының шығымы, химиялық құрамы, тығыздық және түстік параметрлері, сондай-ақ аминқышқылдық профилін кешенді бағалады. Соя мен бұршақ – жоғары ақуыз деңгейі және теңгерімді аминқышқылдық құрамы арқылы өсімдік негізді ет алмастырғыштардың базалық ақуыз компоненттері ретінде оңтайлы. Жүгері мен бидай – негізгі ақуыз көзі ретінде шектеулі болғанымен, зеиннің гидрофобтылығы мен глютеннің талшықты құрылым түзу қабілеті рецептурада құрылым қалыптастырушы/текстура түзуші қосалқы компоненттер ретінде құндылық береді. Тығыздық пен түс көрсеткіштері бидай (құрылымдық тығыздық) және бұршақ (визуал айқындық) изоляттарының үйлесімді қолданылуын қолдайды. Аминқышқылдық толықтыру стратегиясы (бұршақ/соя + бидай/жүгері) өнімнің тағамдық толыққандылығын жақсартады. Алынған нәтижелер өсімдік негізді ет алмастырғыштарды өндіру технологияларын жетілдіру үшін соя/бұршақты негізгі, ал жүгері/бидайды функционалдық компоненттер ретінде пайдаланудың ғылыми және практикалық негізділігін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Food and Agriculture Organization of the United Nations. How to Feed the World in 2050: High Level Expert Forum Report. Rome, 2009. 35 p. — URL: https://www.fao.org/fileadmin/templates/wsfs/docs/expert_paper/How_to_Feed_the_World_in_2050.pdf (date of request: 04.09.2025).
2. Meat: The future series-alternative proteins / H.C.J. Godfray et al. – Geneva: World Economic Forum, 2019.

3. Sanchez-Sabate R. Understanding attitudes towards reducing meat consumption for environmental reasons. A qualitative synthesis review / R. Sanchez-Sabate, Y. Badilla-Briones, J. Sabaté // Sustainability. – 2019. – Vol.11(22). – P. 6295.
4. Strategies to improve meat-like properties of meat analogs meeting consumers' expectations / Y.P. Chen et al // Biomaterials. – 2022. – Vol. 287. – P. 121648
5. Webster J. Animal husbandry regained: The place of farm animals in sustainable agriculture / J. Webster, J. Porritt/ – London: Routledge, 2012.
6. Banik R. Exopolysaccharide of the gellan family: Prospects and potential / R. Banik, B. Kanari, S. Upadhyay // World Journal of Microbiology. – 2000. – Vol. 16(5). – P. 407-414.
7. Akharume F.U. Modification of plant proteins for improved functionality: A review / F.U. Akharume, R.E. Aluko, A.A. Adedeji // Comprehensive Reviews in Food Science and Food Safety. – 2021. – Vol. 20(1). – P. 198-224.
8. Dahl W.J. Review of the health benefits of peas (Pisum sativum L.) / W.J. Dahl, L.M. Foster, R.T. Tyler // British Journal of Nutrition. – 2012. – Vol. 108(S1). – P. 3-10.
9. The study on the impact of glycated pea proteins on human intestinal bacteria / Ś. Dominika et al // International Journal of Food Microbiology. – 2011. – Vol. 145(1). – P. 267-272.
10. Xiong Y.L. Hydrolyzed wheat gluten suppresses transglutaminase-mediated gelation but improves emulsification of pork myofibrillar protein / Y.L. Xiong, K.K. Agyare, K. Addo // Meat Science. – 2008. – Vol. 80(2). – P. 535-544.
11. Kasaai M. R. Zein and zein-based nano-materials for food and nutrition applications: A review // Trends in Food Science & Technology. – 2018. – Vol.79. – P. 184-197.
12. Narale B.A. Modifications of physicochemical, functional, structural, and nutritional properties of a field bean protein isolate obtained using batch and continuous ultrasound systems / B.A. Narale, A. Mounika, A. Shanmugam // Sustainable Food Technology. – 2024. – Vol. 2(2). – P. 470-484.
13. Сорочинский В.Ф. Способ получения пищевого клейковинного продукта / В.Ф. Сорочинский, Е.П. Мелешкина, В.П. Кизим. – 2006.
14. AOAC. Official Methods of Analysis. – Gaithersburg, MD: AOAC International, 2005. – 18th edn, Method 942.
15. AOAC. Official Methods of Analysis. – Gaithersburg, MD: AOAC International, 2005. – 18th edn, Method 942.05.
16. AOAC. Official Method for Fat Extraction. Official Methods of Analysis. – Washington D.C.: Association of Official Analytical Chemists, 2005. – 18th edn, Method № 920.85.
17. McCleary B.V. Measurement of available carbohydrates in cereal and cereal products, dairy products, vegetables, fruit, and related food products and animal feeds: First action 2020.07 / B.V. McCleary, C. McLoughlin // Journal of AOAC International. – 2021. – Vol. 104(6). – P. 1465-1478.
18. William W.H. Official methods of analysis of AOAC international. AOAC Official Method. – 2000. – № 985.29.
19. Official Method, A.O.A.C., 2005. Official Method 994.12, Amino Acids in Feed. Official Methods of Analysis of AOAC International (18th Edition). – Arlington, VA: Association of Official Analytical Communities, 2005.
20. Optimization of ultrasound assisted extraction of protein from sunflower meal and its physicochemical and functional properties / M. Dabbour et al // Journal of Food Process Engineering. – 2018. – Vol. 41(5). – P. e12799.
21. Pulsed ultrasound assisted extraction of protein from defatted Bitter melon seeds (Momardica charantiaL.) meal: Kinetics and quality measurements / M. Naik et al // LWT. – 2022. – Vol. 155. – P. 112997.
22. Compositional studies and physicochemical characteristics of cashew nut (Anarcadium occidentale) flour / M.O. Aremu et al // Pakistan Journal of Nutrition. – 2006. – Vol. 5(4). – P. 328-333.
23. Proximate composition and fatty acid analysis of Lablab purpureus (L.) legume seed: implicates to both protein and essential fatty acid supplementation / S. Hossain et al // Springerplus. – 2016. – Vol.5. – P. 1-10.
24. Khatoon N. Nutrient retention in microwave cooked germinated legumes / N. Khatoon, J. Prakash // Food Chemistry. – 2006. – Vol. 97(1). – P. 115-121.
25. D'souza M.R. Effect of traditional processing methods on nutritional quality of field bean / M.R. D'souza // Advances in Bioresearch. – 2013. – Vol. 4(3).

26. Kinsella J.E. Milk proteins: physicochemical and functional properties / J.E. Kinsella, C.V. Morr // Critical Reviews in Food Science & Nutrition. – 1984. – Vol. 21(3). – P. 197-262.
27. Methods for processing pulses to optimize nutritional functionality and maximize amino acid availability in foods and feeds / C. Cargo-Froom et al // Cereal Foods World. – 2020. – Vol. 65(6). – P. 10.1094/

Қаржыландыру

Бұл зерттеу ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қаржылық қолдауымен, BR22883587 «Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін нығайту мақсатында ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеудің ғылыми сыйымды технологияларын жетілдіру және әзірлеу» бағдарламасы аясында орындалды.

Л.А. Мурат*, Б.С. Шайменов[1], Д.К. Айтмухамбетов, Г.Х. Оспанкулова
[1]Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина,
010000, Республика Казахстан, г. Астана, проспект Женис, 62
*e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru

ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА БЕЛКОВЫХ ИЗОЛЯТОВ, ПОЛУЧЕННЫХ ИЗ БОБОВЫХ И ЗЕРНОВЫХ КУЛЬТУР, И ИХ ПРИМЕНЕНИЕ В ПРОИЗВОДСТВЕ МЯСНЫХ АНАЛОГОВ

В данной статье проведено комплексное исследование белковых изолятов, полученных из гороха, сои, пшеницы и кукурузы: определены их выход, химический состав, физико-химические и колориметрические характеристики (CIE Lab), а также аминокислотный профиль. Выделение белков осуществляли методом щёлочной экстракции (0,1 М NaOH, pH 9, 30 °C, 60 мин). Эффективность экстракции во всех образцах была высокой и варьировала в пределах 83,25-85,21%; наибольший выход зафиксирован у сои (31,1%) и гороха (21,23%). Массовая доля белка в изолятах составляла 69,37–79,36%; содержание жира было минимальным у сои (0,12%), тогда как доля углеводов была повышенной в пшеничном изоляте (19,2%). Показатели плотности продемонстрировали для пшеничного изолята более высокие значения насыпной (0,52 г/мл) и уплотнённой (0,73 г/мл) плотности, что благоприятствует формированию волокнистой, «мясоподобной» текстуры. Цветовой анализ подтвердил высокую светлоту всех изолятов (L* = 80,15-85,47). По аминокислотному профилю изоляты гороха и сои отличались более сбалансированным составом (повышенное содержание лизина и аргинина), тогда как для кукурузы (зеин) и пшеницы лимитирующим фактором выступал лизин. Полученные результаты обосновывают использование белков сои и гороха в качестве базовых компонентов при производстве растительных мясозаменителей, а пшеницы (глютен/клейковина) и кукурузы – как функциональных структурообразующих добавок.*

Ключевые слова: *растительный белок; белковый изолят; физико-химические свойства; аминокислотный профиль; мясозаменитель.*

L. Murat*, B. Shaimenova, D. Aitmuhambetov, G. Ospankulova
S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University,
010000, Republic of Kazakhstan, Astana, Zhenis Avenue, 62
*e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru

PHYSICOCHEMICAL PROPERTIES OF PROTEIN ISOLATES FROM LEGUME AND CEREAL CROPS AND THEIR APPLICATION IN MEAT ANALOGUE PRODUCTION

This article presents a comprehensive evaluation of protein isolates derived from pea, soy, wheat, and corn, including their yield, chemical composition, physicochemical and colorimetric characteristics (CIE Lab), and amino acid profiles. Proteins were obtained via alkaline extraction (0.1 M NaOH, pH 9, 30°C, 60 min). Extraction efficiency was high across all samples (83.25-85.21%); the highest yields were recorded for soy (31.1%) and pea (21.23%). The protein mass fraction in the isolates ranged from 69.37% to 79.36%; fat content was lowest in soy (0.12%), whereas the carbohydrate fraction was elevated in the wheat isolate (19.2%). Bulk and tapped densities for the wheat isolate (0.52 g/mL and 0.73 g/mL, respectively) indicate a favorable potential for forming a fibrous, meat-like texture. Color analysis confirmed high lightness across all isolates (L* = 80.15-85.47). Based on amino acid profiles, pea and soy isolates exhibited more balanced compositions (higher lysine and arginine), whereas lysine was limiting in corn (zein) and wheat. These findings substantiate the use of soy and pea proteins as base components for plant-based meat analogues, with wheat (gluten) and corn serving as functional structure-forming additives.*

Key words: *plant protein; protein isolate; physicochemical properties; amino acid profile; CIE Lab*; meat analogue.*

Авторлар туралы мәліметтер

Линара Азаматқызы Мурат* – «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының докторанты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5684-0621.

Бахыт Сайлауовна Шайменова – «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының докторанты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: bshaymenova@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5472-036X.

Даулет Какижанович Айтмухамбетов – ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: daulet-kerei@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8178-3080.

Гульназым Хамитовна Оспанкулова – биология ғылымдарының кандидаты, «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: bulashevag@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6043-4658.

Сведения об авторах

Линара Азаматқызы Мурат* – докторант кафедры «Технологии пищевых и перерабатывающих производств»; Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5684-0621.

Бахыт Сайлауовна Шайменова – докторант кафедры «Технологии пищевых и перерабатывающих производств», Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: bshaymenova@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5472-036X.

Даулет Какижанович Айтмухамбетов – кандидат сельскохозяйственных наук, Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: daulet-kerei@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8178-3080.

Гульназым Хамитовна Оспанкулова – кандидат биологических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры «Технологии пищевых и перерабатывающих производств», Казахский агротехническийисследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: bulashevag@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6043-4658.

Information about the authors

Linara Murat* – Doctoral student at the Department of «Food and Processing Production Technologies», S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5684-0621.

Bakhyt Shaimenova – Doctoral student at the Department of «Food and Processing Production Technologies», S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: bshaymenova@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5472-036X.

Daulet Aitmuhambetov – Candidate of Agricultural Sciences, S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: daulet-kerei@mail.ru. ORCID:https://orcid.org/0000-0002-8178-3080.

Gulnazym Ospankulova – Candidate of Biological Sciences, Acting Associate Professor at the Department of «Food and Processing Production Technologies», S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: bulashevag@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6043-4658.

Редакцияға енуі 22.09.2025
Өңдеуден кейін түсуі 01.10.2025
Жариялауға қабылданды 03.10.2025

https://doi.org/10.53360/2788-7995-2025-4(20)-39

BY 4.0
Check for updates

ҒТАХР: 65.33.35

С.Д. Мусаева[1]*, Г.Т. Туменова[2], С.Н. Туменов[3]
[1]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
1600018, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5
[2]М. Козыбаев атындағы Солтүстік-Қазақстан мемлекеттік университеті,
150000, Қазақстан Республикасы, Петропавловск қ., Жумабаев, 114
[3]Қазақстан өндеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты,
050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гагарин даңғылы, 238 «Г»
*e-mail: saltanat_mussayeva@yahoo.com

СОЯ ИЗОЛЯТЫ МЕН ҚАРА БИДАЙ КЕБЕГІН ГЕРОДИЕТИКАЛЫҚ КОНДИТЕРЛІК ӨНІМДЕРДЕ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа: *Қазақстанда және әлем бойынша қарт адамдар үлесінің артуына байланысты олардың физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес келетін мамандандырылған функционалдық тағам өнімдерін әзірлеу қажеттілігі туындап отыр. Осы жұмыста соя изолятын және қара бидай кебегін пайдалана отырып, геродиетикалық мақсаттағы қантты печенье жасау мүмкіндігі қарастырылды. Дайындалған үлгілердің органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштері талданды, сондай-ақ енгізілген компоненттердің дайын өнімнің дәмдік және құрылымдық қасиеттеріне әсері зерттелді. Зертте жұмыста келесі үлгілер пайдаланылды: № 1 үлгі: 90% I сұрыпты бидай ұны + 5% қара бидай кебегі + 5% соя изоляты; № 2 үлгі: 85% I сұрыпты бидай ұны + 10% қара бидай кебегі + 5% соя изоляты; № 3 үлгі: 85% I сұрыпты бидай ұны + 5% қара бидай кебегі + 10% соя изоляты және бақылау ретінде I сұрыпты бидай ұнын қолдандық. Зерттеу нәтижелері бойынша оңтайлы қатынас – 10% қара бидай кебегі мен 5% соя изолятын қосу болып табылды, бұл теңгерімді құрамды қамтамасыз етіп, тұтынушылық сапаларды жақсартады. Аталған ингредиенттерді қосу өнімнің ақуыз және тағамдық талшық мөлшерін арттыруға ықпал етеді, бұл печеньені қарт жастағы адамдар үшін пайдалы етеді. Геродиетикалық ұннан жасалған өнімдерді әзірлеу қарт адамдардың денсаулығы мен өмір сүру сапасын қолдауға бағытталған қолжетімді әрі функционалдық тағамдарды жасауға мүмкіндік береді.*

Түйін сөздер: *ұнды кондитер өнімдері, қантты печенье, геродиетикалық тамақтану, соя изолятты, қара бидай кебегі, композиттік қоспа.*

Кіріспе

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес, 2050 жылға қарай әлем халқының 20%-дан астамы 60 жастан асқан болады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында өмір сүру ұзақтығының артуы байқалып, бұл егде жастағы азаматтар санының едәуір өсуіне алып келуде. 2024 жылдың басында Қазақстанда 60 жастан асқан 2,7 миллионнан астам адам өмір сүрді. Жыл ішінде қарт адамдар саны 4,2%-ға артты, ал соңғы онжылдықта бұл көрсеткіш орта есеппен жыл сайын 4,4%-ды құрады. Бұл геродиетикалық тағам өнімдеріне деген сұраныстың артуына және олардың өндірісін жолға қою қажеттілігіне алып келеді [1, 2].

Қазіргі уақытта әртүрлі елдердегі гериатриялық тамақтанудың мақсаттары мен даму бағыты қарт адамдардың тағамдық қажеттіліктері мен ерекшеліктерін қанағаттандыруға негізделеді. Гериатриялық тағам өнімдерін әзірлеу егде жастағы адамдарды теңгерімді және құнарлы тағаммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл олардың денсаулығын, әл-ауқатын және өмір сүру сапасын сақтауға септігін тигізеді. Сонымен қатар, қарт адамдар мен олардың отбасыларын дұрыс тамақтанудың маңыздылығы туралы оқыту мен ақпараттандыруды жалғастыру өте маңызды [2-4].

Қарттар үлесінің артуы тенденциясын ескере отырып, осы тұтынушылар тобының ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыратын және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы өнімдерді жасау аса маңызды мәселеге айналуда. Егде жастағы адамдар көбінесе ас қорыту мәселелерімен, созылмалы аурулармен және әлсіреген иммундық жүйемен бетпе-бет келеді, бұл тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне ерекше назар аударуды қажет етеді [5-7].

Қантты печеньенің гериатриялық бағыттағы өндірісінің қазіргі жағдайы бірқатар ерекшеліктерімен сипатталады. Біріншіден, мұндай өнімді дайындауда ингредиенттерді таңдау мен өнім құрамына ерекше назар аударылады. Мысалы, өсімдік ақуызының мөлшері

жоғары өнімдер қолданылуда. Шетелдік зерттеушілердің пікірінше, өсімдік текті ақуызды тұтыну жамбас сүйектерінің сыну қаупін жануар ақуызымен салыстырғанда төмендетеді.

Екіншіден, қарт адамдардың қажеттіліктері мен дәрігерлердің ұсынымдарын ескере отырып, өндірушілер диеталық бағыттағы өнімдердегі қант мөлшерін азайтуға тырысуда. Үшіншіден, егде жастағы адамдарда шайнау және жұту қиындықтары кездесетіндіктен, өнімнің құрылымы мен консистенциясына ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай печеньелер жұмсақ, қытырлақ немесе ауызда оңай еритін етіп дайындалады, бұл тұтыну процесін ыңғайлы етеді.

Сонымен қатар, арнайы мақсаттағы өнім өндірушілері сапа мен қауіпсіздіктің қатаң стандарттарын ұстанады. Бұл тамақ өнімдерін өндіру ережелері мен нормаларын сақтау, ингредиенттердің сапасын тексеру және өнімнің ұзақ сақталуын қамтамасыз ету сияқты аспектілерді қамтиды [8-11]. Жалпы, жер шары халқының жедел қартайып келе жатқанын ескере отырып, арнайы қасиеттері бар ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді гериатриялық бағытта өндіру – тамақ өнеркәсібіндегі өзекті әрі келешегі зор бағыттардың бірі болып саналады.

Зерттеу әдістері

Барлық қолданылған бидай ұны үлгілері келесі көрсеткіштер бойынша талданды: ылғалдылық, қышқылдылық, клейковина мөлшері мен сапасы. Ұнның ылғалдылығы МЕМСТ 9404-60 бойынша арбитраждық әдіспен анықталды. Қышқылдылығы МЕМСТ 9404-60 және МЕМСТ 27493-87 бойынша фенолфталеин қосу арқылы титрлеу әдісімен зерттелді. Өнімнің қышқылдығы мен сілтілігін өлшеу МЕМСТ 5898 бойынша pH-метр арқылы жүргізілді.

Ақуыз мөлшері арнайы химиялық реактивтер мен анализаторлар көмегімен анықталды. Печенье мен қамырдағы май мөлшері экстракциялық немесе гравиметриялық әдістер арқылы есептелді.

Клейковина мөлшері мен қасиеттері МЕМСТ 9404-60 және [12]-ші әдеби дереккөзде келтірілген әдістеме бойынша бағаланды. Органолептикалық бағалау МЕМСТ 5897 стандартына сәйкес жүргізілді — бұл печенье мен қамырдың сыртқы түрі, түсі, формасы, құрылымы және ақаулардың болуы сияқты қасиеттерге баға беру арқылы іске асты.

Негізгі зерттеулер М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Тамақ инженериясы» кафедрасының (Шымкент қаласы) зертханалық базасында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері

Геродиетикалық мақсаттағы қантты печенье алу мақсатында біз өнімге қажетті қасиеттер беру үшін қосымша шикізат ретінде қара бидай кебегі мен соя изолятын зерттедік.

Зерттеу процесінде басшылыққа алынған негізгі құжаттар – МЕМСТ 7170-2017 «Қара бидай кебегі. Техникалық шарттар» және МЕМСТ 31388-2009 «Соядан жасалған тағамдық өнімдер. Техникалық шарттар» болды. Қара бидай кебегі мен соя изолятының органолептикалық көрсеткіштері 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Қара бидай кебегі мен соя изолятының органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Қара бидай кебегі	Соя изоляты
Түсі	Сұр, қоңырлау реңкімен	Сары, сұр реңкімен
Иісі	Кебекке тән иісі, бөгде иістерсіз, көгермеген, көнірмеген	Нан иісімен, бұршақ иісіссіз
Дәмі	Кебекке тән дәмі, бөтен дәмсіз, қышқыл емес, ащы емес	Нан дәмімен, бұршақ дәмінсіз. Әлсіз қышқылтым дәмге жол беріледі
Консистенциясы	Құрғақ, ұнтақ тәрізді, тығыз кесектерсіз	Ұсақ тартылған ұнтақ

Шетелдік иістер мен дәмдер барлық үлгілерде анықталған жоқ. Аталған құжатқа сәйкес «СибДар» сауда маркасының қара бидай кебегінің органолептикалық көрсеткіштері бұл өнімге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Қара бидай кебегі мен соя изолятының физика-химиялық көрсеткіштері 2-кестеде көрсетілген.

Соя изолятының физика-химиялық қасиеттерін зерттеу нәтижелері оның құрамындағы ақуыз мөлшері I сортты бидай ұнымен салыстырғанда 7,8 есе жоғары екенін көрсетті.

Сондай-ақ, қара бидай кебегіндегі тағамдық талшықтар мөлшері дәстүрлі технологияда қолданылатын бидай ұнымен салыстырғанда 7,4 есе көп.

Кесте 2 – Қара бидай кебегі мен соя изолятының физика-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Қара бидай кебегі	Соя изоляты	I сұрып бидай ұны
Ылғалдылығы, %	13,2	5,3	14,0
Қышқылдылығы, Т	5,6	6,3	3,2
Ақуыз, %	11,2	83,4	10,6
Майлар, %	3,2	3,3	1,1
Көмірсулар,%: крахмал талшықтар	7,5 43,6	- -	67,1 5,8
Күлділігі , %	3,4	3,6	0,75
Энергетикалық құндылығы, ккал	221	335	330

Қара бидай кебегінің ылғалдылығы кептіру процесінен кейін 13,2%-ды құрады, ал титрленетін қышқылдылығы – 5,6 Тернер градусы, бұл МЕМСТ талаптарына толық сәйкес келеді. Осылайша, соя изоляты – қантты печеньенің ақуыз құрамын арттыру үшін тиімді компонент, ал қара бидай кебегінің тағамдық талшықтары ішек перистальтикасын жақсартып, ішек микрофлорасындағы пайдалы бактерияларға субстрат ретінде қызмет ете алады.

Айта кету керек, қара бидай кебегі мен соя изолятын әртүрлі қатынаста қолдану дайын өнімнің қасиеттеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сондықтан қантты печеньенің геродиетикалық нұсқасын әзірлеу үшін алдымен рецептура құрамын нақты анықтау қажет.

Геродиетикалық бағыттағы қантты печеньеге арналған соя изоляты мен қара бидай кебегінің оңтайлы қатынасын анықтау мақсатында біз үш үлгіні зерттедік:
Үлгі №1: 90% I сортты бидай ұны + 5% қара бидай кебегі + 5% соя изоляты;
Үлгі №2: 85% I сортты бидай ұны + 10% қара бидай кебегі + 5% соя изоляты;
Үлгі №3: 85% I сортты бидай ұны + 5% қара бидай кебегі + 10% соя изоляты;
Бақылау үлгісі: 100% I сортты бидай ұны.

Геродиетикалық бағыттағы печеньенің органолептикалық талдауы оның дәмі, хош иісі, құрылымы және сыртқы келбетін бағалау үшін қажет. Бұл өнімнің сапа стандарттарына және тұтынушылардың талғамына, әсіресе арнайы диеталық талаптарды ескере отырып, сәйкес келуін қамтамасыз етуге көмектеседі. Мұндай талдау ауытқуларды анықтауға, дәм мен иіс бойынша мәселелердің алдын алуға және өнімнің тартымдылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Органолептикалық бағалау 5 дегустатордың қатысуымен жүргізілді. Бағалау әр үлгінің құрамында қандай қоспалар бар екендігі көрсетілмей, тек нөмірлері арқылы жүргізілді. Әр дегустатордың жеке талғамдық ерекшеліктері бар екенін ескеру қажет. Сонымен қатар, барлық дегустаторлар печеньенің тым тәтті емес екенін атап өтті.

Қара бидай кебегі мен соя изолятын қолданудың қантты печеньенің органолептикалық қасиеттеріне әсер ету нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Қантты печеньенің органолептикалық қасиеттері

Көрсеткіштер	Бақылау	Үлгі № 1	Үлгі № 2	Үлгі № 3
Формасы	Дұрыс	Дұрыс	Дұрыс	Шеттері жайылып кеткен
Беткі қабатының күйі	Тегіс, ойықтар мен жарықтарсыз	Тегіс, ойықтар мен жарықтарсыз	Біршама ойықтар бар	Тегіс, шұңқырлар мен жарықтарсыз
Сынық бетінің көрінісі	Біркелкі кеуектілік, араласпаған материалдың бос жерлері немесе іздері жоқ	Біркелкі кеуектілік, араласпаған материалдың бос жерлері немесе іздері жоқ	Біркелкі кеуектілік, араласпаған материалдың бос жерлері немесе іздері жоқ	Біркелкі кеуектілік, араласпаған материалдың бос жерлері немесе іздері жоқ
Түсі	Тегіс алтын түс	Тегіс, ең күңгірт түсті	Тіпті қосындылары бар қара алтын түсті	Қосындылары бар тегіс алтын түсті
Иісі	Өнім түріне сәйкес	Айқын қара бидай хош иісімен	Қара бидай ұнының жеңіл хош иісімен	Аздап соя хош иісі бар
Дәмі	Өнім түріне сәйкес	Айқын	Аздап сықырлаған дыбыс	аздап бұршақ дәмі бар

Бақылау үлгісі №1 үлгімен салыстырғанда жақсы деп танылды, бірақ дәмдік әртүрлілігімен ерекшеленбейді. Барлық 5 дегустатор №2 үлгіні (10% қара бидай кебегі – әрі қарай ҚБК және 5% соя изоляты – әрі қарай СИ) ең үздік деп бағалады. Дегустаторлар кебек мөлшері оңтайлы екенін, енгізілген дәмдеуіштердің (даршын мен кардамон) иісі мен дәмін басып тастамайтынын, печенье бетінде көрінетін кебек бөлшектері болатынын атап өтті. Соя изолятын дәмі әлсіз білінеді, құрылымында «жабысқақтық» байқалмайды.

Ал № 3 үлгіде (5% ҚБК және 10% СИ) кебек дәмі әлсіз білінеді, ал соя изолятын көп мөлшерде енгізу қамырдың біркелкі араласуына кедергі келтіріп, қамырдың көтерілуін қиындатады. Сынық жерінде ауа кеуектері жоқ. Печенье қатты.

Сахар печеньесінің сілтілік көрсеткіші мен жібіп кету қабілетінің зерттеу нәтижелері 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4 – Соя изолятын және қара бидай кебегін пайдалана отырып, қант печеньелерінің салыстырмалы физика-химиялық талдауы

Көрсеткіштері	Бақылау	Үлгі № 1	Үлгі № 2	Үлгі № 3
Сілтілігі ^{0}	2	1,9	1,84	1,89
Суды сіңіруі, %	185	190	202	187
Ылғалдылығы , %	9,8	9,7	9,5	9,2

Зерттеу нәтижелері барлық үлгілерде сілтілік көрсеткішінің бақылау үлгісіне қарағанда 5-8% шамасында сәл төмендегенін көрсетті. Сахар печеньесінің су сіңіру көрсеткіші өнімнің кеуектілігін сипаттайды. Зерттелген №1-3 үлгілерінде бұл көрсеткіш тиісінше 2,7%, 9,1% және 1,1%-ға артты. Ең жақсы нәтиже № 3 үлгіде байқалды, бұл дайын өнімнің тұтынушылық қасиеттерінің жақсарғанын көрсетеді. Сахар печеньесінің намығу нормасы – кемінде 150%.

Ылғалдылық көрсеткіші № 3 үлгіде 6,1%-ға төмендеген, бұл қара бидай кебегінің бидай ұнына қарағанда ылғалдылығының төмен екенін дәлелдейді.

МЕМСТ 24901-2014 «Печенье» стандартына сәйкес барлық үлгілер норматив талаптарына сай келеді. Органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштер бойынша ең жақсы нәтиже № 2 үлгі көрсетті. Осыған байланысты, кейінгі зерттеулер тек екі үлгіні: бақылау үлгісі мен № 2 үлгіні (85% пшеничный ұн + 10% қара бидай кебегі + 5% соя изоляты) салыстыру арқылы жүргізілді.

Бидай ұнның және композициялық қоспаның салыстырмалы талдауы 5-кестеде келтірілген.

Кесте 5 – Ұндардың салыстырмалы физико-химиялық анализі

Көрсеткіштер	Зерттеу нәтижелері	
	I сұрып бидай ұны	Үлгі № 2
Ылғалдылығы, %	13,81	13,03
Ақуызы, %	15,27	17,42
Желімшесі, %	32,16	28,21
Күлділігі, %	0,81	0,83
Қышқылдылығы, pH-150МИ, pH	6,82	6,75
Қышқылдылығы, град.	4,2	4,4

«Granum» сауда маркасындағы I сортты бидай ұны мен № 2 композиттік қоспа ұнның екі нұсқасы зерттелді. Салыстырмалы деректер инфрақызыл құралының көмегімен алынды.

Композиттік қоспалардың ылғалдылығы төмен болғаны байқалды, бұл қара бидай кебегінің (13,22%) және соя изолятының (5,3%) төмен ылғалдылығымен байланысты. Ал бидай ұнының ылғалдылығы жоғарырақ болды.

Композиттік қоспалар үлгілерінде ақуыз мөлшері I сортты бидай ұнымен салыстырғанда 14,0%-ға артқан. Бұл – соя изолятының жоғары ақуыздылығына байланысты.

Алайда, инфрақызыл құрылғысы тек ұн өнімдерін зерттеуге арналған, сондықтан соя немесе қара бидай кебегі сияқты компоненттері бар үлгілерге қатысты деректердің дәлдігі шектеулі болуы мүмкін – бұл құрылғының калибровка бағдарламасының шектеулеріне байланысты.

Желімше мөлшерінің төмендеуі соя изоляты мен қара бидай кебегін қосудың салдары болып табылады, өйткені бұл компонентті қоспалардың құрамында глютен мөлшері төмен.

Күлдің мөлшер қара бидай кебегінің жоғары минералдық құрамына байланысты артқан. Қышқылдық көрсеткіші де жоғарылады, бұл қара бидай кебегінің қышқыл ортасы әсерінен туындаған.

Ғылыми нәтижелерді талқылау

Геродиетикалық бағыттағы қантты печенье өндірудің болашағы – егде жастағы адамдардың қажеттіліктері мен талғамдарын әрі қарай зерттеу, сондай-ақ инновациялық рецептуралар мен өндірістік технологияларды әзірлеумен тығыз байланысты. Сонымен қатар, салауатты өмір салты туралы түсініктің артуы және егде жастағы адамдардың арнайы тамақ өнімдеріне деген сұранысы – геродиетикалық қантты печеньенің жаңа дәмдік және функционалдық түрлерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Адам жасы ұлғайған сайын ағзада бірқатар физиологиялық өзгерістер орын алады, бұл өз кезегінде тағамдық қажеттіліктерге әсер етеді: мысалы, зат алмасу баяулайды, ақуыздардың сіңірілуі төмендейді, тағамдық талшықтар мен витаминдердің жетіспеушілігі жиі кездеседі. Сондықтан, құрамында өсімдік текті ақуыздар мен тағамдық талшықтар бар өнімдерді күнделікті рационға енгізу – егде жастағы адамдардың денсаулығын сақтау үшін маңызды стратегия болып табылады.

Аталған зерттеуде қолданылған соя изоляты 83,4% ақуыздан тұрады, бұл бұлшықет массасын сақтау және саркопенияның алдын алу үшін қажетті аминқышқылдарының құнды көзі ретінде бағаланады. Ал қара бидай кебегі тағамдық талшықтарға бай, бұл ішек қызметін қалыпқа келтіруге және жалпы метаболизмді жақсартуға септігін тигізеді.

Осы екі компонентті қантты печенье рецептурасына біріктіру – егде жастағы адамдардың физиологиялық қажеттіліктеріне жауап беретін өнім жасауға мүмкіндік береді. Ақуыз мөлшерін арттыру – соя изолятын қосу арқылы жүзеге асырылады. Ал қара бидай кебегі – құрамындағы талшықтар арқылы ішек перистальтикасын жақсартып, тәбетті реттейді және жеңіл іш жүргізетін әсерге ие.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, соя изолятын және қара бидай кебегін геродиетикалық мақсаттағы ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді әзірлеу үшін пайдалануға болады және ұсынылады.

Соя изоляты мен қара бидай кебегінің оңтайлы мөлшерін анықтау мақсатында бірқатар зертханалық пісіру жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижелері 3 және 4-кестелерде келтірілген. Талдау нәтижелері көрсеткендей, I сұрып бидай ұнның 10%-ын қара бидай кебегімен алмастырған жағдайда (№ 2 үлгі) дайын өнімнің органолептикалық көрсеткіштері бақылау үлгісінен еш айырмашылығы болмағанын көрсетті, тек қара бидай кебегінің ұсақ бөлшектері өнім бетінде байқалды.

Соя изолятының мөлшері көп болған үлгіде (№ 3 үлгі) пішіннің өзгеруі байқалды – шеттері жайылып кеткен, анық емес формалар пайда болды. Сондай-ақ, жеңіл соя иісі сезіліп, печеньенің көтерілу деңгейі төмендеді және болмашы қытырлақтық пайда болды. Зерттеу барысында құрылған дегустациялық комиссия ең жақсы үлгі ретінде 10% қара бидай кебегі және 5% соя изолятынан тұратын № 2 үлгіні анықтады. Бұл үлгі барлық органолептикалық көрсеткіштер бойынша мемлекеттік стандарт талаптарына толық сәйкес келеді.

Композиттік қоспа мен бидай ұнды салыстырмалы зерттеу нәтижелері композиттік қоспаның ақуыз мөлшерінің жоғары екенін және оны геродиетикалық қантты печенье дайындау рецептурасына қолдануға болатынын дәлелдеді. Соя изоляты мен қара бидай кебегін қосу өнімнің тағамдық құндылығын айтарлықтай арттырды. Дәстүрлі қантты печеньемен салыстырғанда, байытылған үлгі құрамында:

– ақуыз бен тағамдық талшықтар мөлшері едәуір жоғары болды,

– бұл егде жастағы адамдар үшін пайдалы өнім ретінде бағалауға мүмкіндік береді;

Зерттеу нәтижелері қара бидай кебегі мен соя изолятын геродиетикалық печенье өндірісінде пайдалану тиімді екенін көрсетті. Алайда, рецептура мен технологияны одан әрі жетілдіру үшін төмендегідей жұмыстар жүргізу қажет:

– ингредиенттердің түрлі комбинацияларының өнімнің құрылымдық қасиеттеріне әсерін қосымша зерттеу;

– әртүрлі термиялық өңдеу әдістерінің печеньенің тағамдық құндылығына әсерін бағалау;

– өнімнің функционалдық қасиеттерін жоғалтпай, сақтау мерзімін ұзартудың әдістемесін әзірлеу.

Қорытынды

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, геродиетикалық тамақтану адамның жасына байланысты физиологиялық өзгерістеріне бейімделіп, ағзаға қажетті қоректік заттарға бай әрі жеңіл сіңетін болуы тиіс. Сонымен қатар, егде жастағы адамдардың жеке қажеттіліктері мен талғамдарын ескеру маңызды. Қазақстандық тұтынушылардың күнделікті тамақтануында ұннан жасалған кондитерлік өнімдердің орны ерекше. Осыған байланысты, қара бидай кебегі мен соя изолятын қосу арқылы әзірленген геродиетикалық печенье – егде жастағы адамдардың тамақтануын жетілдіру бағытында келешегі зор бағыт болып табылады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл компоненттерді пайдалану өнімнің тағамдық құндылығын арттыруға, ақуыз бен тағамдық талшықтар мөлшерін көбейтуге, сондай-ақ органолептикалық қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта жүргізілетін зерттеулер өнімнің рецептурасы мен өндіріс технологиясын жетілдіруге, оны одан әрі пайдалы әрі тұтынушы үшін қолжетімді етуге жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ivanova A.R. Social protection of citizens and the provision of social rights during the coronavirus infection period: advantages and disadvantages / A.R. Ivanova // Science through the prism of time. – 2021. – № 7. – P. 44-48.
2. Gutova M.I. Development prospects of the fortified children's biscuits market / M.I. Gutova, A.V. Novikova // Food Innovations and Biotechnologies. – 2017. – P. 483-484.
3. Watanabe S. Longevity and elderly care: the Japanese experience / S. Watanabe, S. Kodama, H. Hanabusa // Global Health Journal. – 2018. – Vol. 2, № 4. – P. 5-10.
4. Dickinson A. «Meals-on-wheels» services and food security among the elderly / A. Dickinson, W. Wills // Public Health and Social Care in Society. – 2022. – Vol. 30, № 6. – P. 6699-6707.
5. Arnold M. Functional nutrition enriched with antioxidants and calcium derived from eggshells – for reducing the risk of osteoporosis in the elderly / M. Arnold, Y.V. Rajagukguk, A. Gramza-Michalowska // Foods. – 2021. – Vol. 10, № 3. – P. 656.
6. Halder T. Trends in the functional food products market and the development of nutraceutical products / T. Halder, P. Mehta, N. Acharya // Anti-aging Nutraceuticals. – CRC Press, 2021. – P. 1-26.
7. Recommendations for the development of functional food products for the elderly / H. Cummins et al // Proceedings of the Nutrition Society. – 2017. – Vol. 76, № 3. – P. 84.
8. Recent advances in the consumption of functional foods by the elderly: a brief review / A. Jendrusek-Golińska et al // Comprehensive Reviews in Food Science and Food Safety. – 2020. – Vol. 19, № 2. – P. 835-856.
9. Dolmatova I.A. Wheat flour as a key factor shaping the technological properties of flour confectionery products / I.A. Dolmatova, D.V. Bezsheiko, E.V. Sedykhchenkova // Youth and Education – A Guarantee of Success – 2017. – 2017. – P. 13-16.
10. Renzyayeva T.V. Various types of flour in the technology of flour confectionery products / T.V. Renzyayeva, A.S. Tuboltseva, A.O. Renzyayev // Equipment and Technology of Food Production. – 2022. – Vol. 52, № 2. – P. 407-416.
11. Pogozheva A.V. Principles of nutrition for the elderly / A.V. Pogozheva // Clinical Gerontology. – 2017. – Vol. 23, № 11–12. – P. 74-83.
12. Puchkova L.I. Laboratory practicum on bakery production technology / L.I. Puchkova. – Moscow: Light and Food Industry, 2004 – 232 p.

S.D. Mussayeva[1]*, G.T. Tumenova[2], S.N. Tumenov[3]

[1]Auezov South Kazakhstan University,
1600018, Republic of Kazakhstan, Shymkent, Tauke khan Avenue, 5
[2]M. Kozybayev North Kazakhstan State University,
150000, Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk, Zhumabayev, 114
[3]Kazakhstan Research Institute of Processing and Food Industry,
050060, Republic of Kazakhstan, Almaty, Gagarina Avenue, 238 «G»
*e-mail: saltanat_mussayeva@yahoo.com

THE POSSIBILITY OF USING SOY ISOLATE AND RYE BRAN FOR GERODIETIC CONFECTIONERY PRODUCTS

With the increase in the proportion of elderly people in Kazakhstan and worldwide, there is a growing need to develop specialized functional food products that meet their physiological needs. This study examines the possibility of producing sugar cookies of gerodietetic purpose using soy isolate and rye bran. The prepared samples were analyzed for organoleptic and physicochemical characteristics, and the influence of the introduced components on the taste and texture properties of the final product was studied. The following samples were used in the study: Sample No. 1: 90% wheat flour of the first grade + 5% rye bran + 5% soy isolate; Sample No. 2: 85% wheat flour of the first grade + 10% rye bran + 5% soy isolate; Sample No. 3: 85% wheat flour of the first grade + 5% rye bran + 10% soy isolate; and as a control, wheat flour of the first grade was applied. According to the research results, the optimal ratio was found to be the addition of 10% rye bran and 5% soy isolate, which ensures a balanced composition and improved consumer properties. The inclusion of these ingredients contributes to an increase in protein and dietary fiber content, making the cookies beneficial for elderly people. The development of gerodietetic flour-based products opens up opportunities for creating affordable and functional foods aimed at maintaining the health and quality of life of the elderly population

Key words: *flour confectionery, sugar biscuits, gerodietic nutrition, soy isolate, rye bran, composite mixture.*

С.Д. Мусаева[1]*, Г.Т. Туменова[2], С.Н. Туменов[3]
[1]Южно-Казахстанский университет им. Ауэзова,
1600018, Республика Казахстан, г. Шымкент, проспект Тауке хана, 5
[2]Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева,
150000, Республика Казахстан, г. Петропавловск, Жумабаев, 114
[3]Казахстанский научно-исследовательский институт обрабатывающей и пищевой промышленности,
050060, Республика Казахстан, г. Алматы, проспект Гагарина, 238 «Г»
*e-mail: saltanat_mussayeva@yahoo.com

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОЕВОГО ИЗОЛЯТА И РЖАНЫХ ОТРУБЕЙ В ГЕРОДИЕТИЧЕСКИХ КОНДИТЕРСКИХ ИЗДЕЛИЯХ

В связи с увеличением доли пожилого населения в Казахстане и во всем мире возрастает необходимость разработки специализированных функциональных пищевых продуктов, соответствующих их физиологическим потребностям. В данной работе рассмотрена возможность производства сахарного печенья геродиетического назначения с применением соевого изолята и ржаных отрубей. Проведен анализ органолептических и физико-химических показателей разработанных образцов, а также исследовано влияние введенных компонентов на вкусовые и структурные характеристики готового изделия. В исследовании использованы следующие образцы: №1: 90% пшеничной муки I сорта + 5% ржаных отрубей + 5% соевого изолята; №2: 85% пшеничной муки I сорта + 10% ржаных отрубей + 5% соевого изолята; №3: 85% пшеничной муки I сорта + 5% ржаных отрубей + 10% соевого изолята; в качестве контроля применялась пшеничная мука I сорта.

Результаты исследований показали, что оптимальным соотношением является добавление 10% ржаных отрубей и 5% соевого изолята, что обеспечивает сбалансированный состав и улучшенные потребительские свойства. Включение данных ингредиентов способствует повышению содержания белка и пищевых волокон, что делает печенье полезным для лиц пожилого возраста. Разработка геродиетических мучных изделий открывает перспективы для создания доступных и функциональных продуктов питания, направленных на поддержание здоровья и качества жизни пожилого населения.

Ключевые слова: *мучные кондитерские изделия, сахарное печенье, геродиетическое питание, соевый изолят, ржаные отруби, композитная смесь.*

Авторлар туралы мәліметтер

Салтанат Джұматқызы Мусаева* – техникалық ғылымдар кандидаты, «Тағам нженериясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: saltanat_mussayeva@yahoo.com. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1430-9768.

Галия Тлеуханова Туменова – техникалық ғылымдар кандидаты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0955-3520.

Серик Ниязбекович Туменов – техникалық ғылымдарының докторы, Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан Республикасы. ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3086-1533.

Information about the authors

Saltanat Dzhumatkyzy Mussayeva* – Candidate of Technical Sciences, Associate Professor of the Department of Food Engineering, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan; e-mail: saltanat_mussayeva@yahoo.com. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1430-9768.

Galiya Tleukhanovna Tumenova – Candidate of Technical Sciences, M. Kozybayev North Kazakhstan State University, Republic of Kazakhstan. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0955-3520.

Serik Niyazbekovich Tumenov – Doctor of Technical Sciences, Kazakh Research Institute of Processing and Food Industry, Republic of Kazakhstan. ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3086-1533.

Информация об авторах

Салтанат Джуматкызы Мусаева* – кандидат технических наук, доцент кафедры «Пищевая инженерия»; Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Республика Казахстан; e-mail: saltanat_mussayeva@yahoo.com. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1430-9768.

Галия Тлеухановна Туменова – кандидат технических наук, Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева, Республика Казахстан. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0955-3520.

Серик Ниязбекович Туменов – доктор технических наук, Казахский научно-исследовательский институт переработки и пищевой промышленности, Республика Казахстан. ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3086-1533.

Редакцияға енуі 15.09.2025
Өңдеуден кейін түсуі 26.09.2025
Жариялауға қабылданды 01.10.2025

https://doi.org/10.53360/2788-7995-2025-4(20)-40

BY 4.0
Check for updates

МРНТИ: 62.13.27

Т.А. Мухамедов[1*], Т.А. Байбатыров[2], Н.А. Еріш[1], Г.С. Сагитова[1], З.К. Молдахметова[1]
[1]Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтұрсынұлы
110000, Республика Казахстан, г. Костанай, ул. Байтурсынова, 47
[2]Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана
090009, Республика Казахстан, г. Уральск, ул. Жангир хана, 51
*e-mail: cheltob@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ВКУСА МЯСА В ПРОЦЕССЕ СОЗРЕВАНИЯ

Аннотация: *Созревание мяса представляет собой комплексный процесс, включающий биохимические, микробиологические и физико-химические преобразования, определяющие вкусовой профиль конечной продукции. В рамках настоящего обзора обобщены современные научные данные о влиянии различных методов посмертного созревания (влажное, сухое, модифицированные формы) и сопутствующих технологических параметров – температуры, влажности, скорости воздушного потока, продолжительности хранения – на формирование органолептических характеристик мяса. Особое внимание уделено динамике вкусообразующих соединений (аминокислоты, пептиды, сахара, нуклеотиды, липиды), микробному сообществу (Lactic acid bacteria, Pseudomonas, Debaryomyces и др.), а также взаимодействию биотических и абиотических факторов, определяющих интенсивность метаболических реакций. Рассмотрены инновационные подходы, направленные на целенаправленное изменение вкусового профиля, включая применение ультразвука, технологий sous vide, регулируемых параметров воздушной среды и контролируемой грибковой ферментации. Представлены данные метаболомного и микробиологического профилирования, подтверждающие значимость комплексного мониторинга в процессе оптимизации сенсорных свойств. Обзор подчёркивает, что стратегическое управление условиями и длительностью созревания, а также интеграция новых технологических решений, позволяют не только адаптировать вкус под запросы потребителей, но и повысить рыночную ценность даже продукции низшей категории. Полученные выводы формируют основу для разработки научно обоснованных программ по повышению качества мясной продукции.*

Ключевые слова: *созревание мяса, вкусообразующие соединения, микробиота, метаболомика, сенсорные характеристики.*

Введение

Формирование вкуса мяса – один из ключевых аспектов, определяющих его потребительскую ценность и качество. Процессы, происходящие в мышечной ткани после убоя, представляют собой сложное взаимодействие ферментативной активности, микробиологических трансформаций и физико-химических изменений, развивающихся в течение всего периода созревания. Именно в этот период формируются сенсорные характеристики, которые впоследствии раскрываются при кулинарной обработке и напрямую влияют на восприятие готового продукта.

Понимание механизмов формирования вкуса необходимо для целенаправленного повышения качества мяса. С этой целью важным инструментом выступает комплексное химико-биохимическое исследование, позволяющее выявить широкий спектр факторов, влияющих на состав, преобразование и развитие сенсорных характеристик. Основные вкусовые соединения формируются за счёт превращения липидов, белков и углеводов, а также продуктов реакции *Майяра*, активируемых нагреванием. Вкусовой профиль варьируется в зависимости от вида животного, возраста, пола, рациона кормления и особенностей обработки, отражая совокупность характеристик качества мяса.

Современные подходы включают технологии омики – метаболомики, протеомики и микробиомного анализа – для изучения молекулярных механизмов, лежащих в основе нежности, вкуса и ароматической насыщенности мяса. Дополнительное влияние оказывают методы термической обработки и инновационные технологические решения – *sous vide*, ультразвук, модулирующая микробиота. Их внедрение открывает возможности для целенаправленного управления органолептическими свойствами продукции [1].

Настоящая работа направлена на обобщение и анализ научных данных о влиянии методов и условий созревания на формирование вкусового профиля мяса с фокусом на сопряжённые биохимические, микробные и технологические факторы, определяющие качество и конкурентоспособность конечного продукта.

Цель исследования – обобщить и систематизировать данные о влиянии различных технологических параметров созревания на формирование вкуса, аромата и текстуры мяса; выявить основные биохимические и микробиологические механизмы, лежащие в основе сенсорных характеристик; оценить потенциал инновационных подходов для их целенаправленного регулирования.

Материалы и методы

Материал, представленный в данном обзоре, основан на исследовании научных публикаций. Системный поиск проводился в базах данных Scopus и Web of Science. Поиск осуществлялся по ключевым словам соответствующих статей, опубликованных в период с 2019 года по 1 августа 2025 года. Отбор проводился на основе анализа заголовков и аннотаций. Отобранные публикации подвергались комплексной оценке. Для расширения охвата литературы также вручную анализировался список ссылок из релевантных статей.

Результаты

Влияние созревания на органолептические и физико-химические характеристики мяса.

Процесс постмортемного созревания мяса оказывает решающее влияние на формирование его вкуса, аромата и текстуры, что, в свою очередь, определяет его потребительскую привлекательность. Разнообразные методы созревания, такие как сухое, влажное, комбинированное с использованием ультрафиолетовой обработки (УФ-обработки) или упаковки с высокой влагопроницаемостью, формируют уникальный биохимический и микробиологический профиль мяса, влияя на накопление вкусообразующих соединений.

Авторами [2] был исследован вклад различных методов созревания – влажного, сухого и сухого с УФ-обработкой – в формирование вкуса свиной корейки на этапе постмортемного преобразования тканей. В условиях созревания продолжительностью 21 сутки при контролируемых параметрах (2 °C, 70 % влажности, 0,8 м/с скорости воздушного потока) выявлено, что метод сухого созревания не только способствует улучшению влагоудерживающей способности мяса, но и обеспечивает накопление более широкого спектра вкусообразующих метаболитов по сравнению с влажным созреванием. Анализ метаболомики показал увеличение содержания свободных аминокислот, пептидов и других соединений, ассоциированных с мясным вкусом. При этом УФ-обработка позволила снизить микробную нагрузку без отрицательного влияния на сенсорные показатели. Таким образом,

сухое созревание, особенно в сочетании с УФ-воздействием, демонстрирует эффективность в формировании выразительного вкуса мяса и представляет интерес для повышения потребительской ценности продукции.

В дополнение к результатам, полученным на примере свинины, особое внимание в литературе уделено формированию вкуса говядины в условиях сухого созревания как одного из наиболее распространённых и технологически значимых методов постмортемного преобразования мясного сырья.

Авторами [3] рассматривается формирование вкуса говядины в ходе сухого созревания как одного из ключевых этапов постмортемной трансформации мяса, способствующего развитию его органолептических свойств. В условиях возрастающих требований потребителей к стабильности качества и выраженному вкусоароматическому профилю особое внимание уделяется влиянию факторов системы «от фермы до вилки», включая генетику, условия содержания животных, транспортировку, технологическую переработку и, в частности, созревание. Сухое созревание, несмотря на его традиционный характер, вновь приобретает значимость благодаря способности инициировать комплекс биохимических процессов в мышечной ткани, ведущих к деградации белков, накоплению свободных аминокислот и образованию летучих соединений, ответственных за вкус и аромат. Потеря влаги в процессе созревания способствует концентрации вкусовых компонентов и изменению текстуры, что усиливает вкусовое восприятие продукта. Таким образом, сухое созревание демонстрирует свою значимость как эффективный способ формирования характерного вкуса мяса, обеспечивая при этом высокую потребительскую привлекательность продукции. В продолжение темы биохимических преобразований, сопровождающих процесс созревания, рассматриваются ключевые молекулярные механизмы и метаболические пути, обеспечивающие формирование вкуса, аромата и текстуры говядины при разных методах созревания.

Авторами [4] рассматриваются биохимические и микробиологические процессы, лежащие в основе формирования вкуса мяса в процессе его созревания. В частности, обобщаются данные о влиянии трёх методов созревания – традиционного сухого, влажного в вакуумной термоусадочной упаковке и сухого в пакетах с высокой влагопроницаемостью – на развитие вкусовых, ароматических и текстурных характеристик говядины. Улучшение вкуса в процессе созревания связывают с высвобождением восстанавливающих сахаров в результате переходов гликогена и АТФ, накоплением свободных аминокислот и пептидов через протеолиз, а также деградацией нуклеотидов с образованием ИМФ, ГМФ, инозина и гипоксантина. В то же время аромат формируется за счёт летучих соединений, возникающих при термическом окислении жирных кислот и реакции *Майяра*. Изменения текстуры обусловлены разрушением миофибриллярного цитоскелета и соединительной ткани под действием эндогенных ферментов. Особое внимание уделено гипотезам о роли микроорганизмов, чья метаболическая активность может влиять на качество вкусоароматических характеристик продукта. Таким образом, процесс созревания является ключевым этапом формирования комплексного вкуса мяса и представляет значительный интерес для дальнейших исследований и оптимизации мясопереработки.

Однако органолептический профиль мяса формируется не только на стадии созревания, но и во многом зависит от условий последующей термической обработки. В этой связи заслуживает внимания исследование, посвящённое влиянию различных способов кулинарной обработки на раскрытие вкусового потенциала мяса после созревания.

18	Лизин	≥150	18.71	3,57	224,03

Кесте 2 – Әр түрлі сұрыпты сұлы дәндерінің май қышқылдық құрамы, (%)

№	Май қышқылының атауы	Норма, %	Думан	Никола	Ишимский
1	Пальмитин қышқылы (C16:0)	15-20	17.47	17.58	18.22
2	Стеарин қышқылы (C18:0)	2-4	2.68	3.67	2.86
3	Олеин қышқылы (C18:1)	35-45	41.23	41.26	41.60
4	Линол қышқылы (C18:2)	30-40	36.32	36.08	34.87
5	Линолен қышқылы (C18:3, ω-3)	≥1.0	-	1.41	-
6	Альфа-линолен қышқылы (ω-3)	≥1.0	1.71	-	1.57
7	Нервон қышқылы (C24:1)	-	0.367	-	0.55
8	Докозагексаен қышқылы (C22:6)	≥0.2	0.2183	-	0.32

Аминқышқылдық талдау нәтижелеріне сәйкес, ең жоғары аминқышқылдар мөлшері «Ишимский» сұрпында анықталды. Әсіресе келесі алмастырылмайтын және шартты түрде алмастырылмайтын аминқышқылдардың жоғары концентрациясы тіркелді: цистин – 1109,11 μg/ml, тирозин – 769,81 μg/ml, валин – 784,01 μg/ml, аргинин – 314,79 μg/ml, гистидин – 265,96 μg/ml, аланин – 242,93 μg/ml.

«Думан» сұрпы да аминқышқылдарының едәуір жоғары концентрациясын көрсетті: валин – 535,35 μg/ml, тирозин – 606,90 μg/ml, цистин – 460,91 μg/ml, аргинин – 216,61 μg/ml, гистидин – 178,47 μg/ml. Бұл көрсеткіштер аталған сұрыптың ақуыздарының айқын биосинтетикалық әлеуетке ие екенін дәлелдейді.

«Никола» сұрпы аминқышқылдардың көпшілігі бойынша салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштер көрсетті. Алайда оның құрамында барлық негізгі алмастырылмайтын аминқышқылдар кездеседі, соның ішінде: гистидин (136,17 μg/ml), аргинин (153,58 μg/ml), аспарагин (91,95 μg/ml) және тирозин (109,99 μg/ml).

Айрықша назар валин, изолейцин, лейцин, лизин, треонин, метионин және фенилаланин сияқты алмастырылмайтын аминқышқылдарға аударылуы тиіс. Бұл аминқышқылдар барлық сұрыптардан әртүрлі деңгейде анықталды. «Ишимский» сұрпында олардың көпшілігі физиологиялық ұсынылатын нормалардан жоғары концентрацияда тіркелген, бұл оны функционалдық өнімдер өндіруге арналған перспективалы шикізат ретінде сипаттайды.

Осылайша, жүргізілген талдау негізінде «Ишимский» мен «Думан» сұрыптары анағұрлым айқын аминқышқылдық профилге ие екені анықталды. Бұл олардың жоғары биологиялық құндылығын және профилактикалық тағамдар құрамында қолдануға орынды екенін көрсетеді.

2-кестеде көрсетілгендей, барлық сұлы сұрыптарында қанықпаған май қышқылдары басым, әсіресе: олеин қышқылы (C18:1) – 41,23%-дан 41,60%-ға дейін және линол қышқылы (C18:2) – 34,87%-дан 36,32%-ға дейін. «Думан» сұрпы май қышқылдарының бірегей

үйлесімімен ерекшеленеді, оның құрамында келесідей май қышқылдары бар: альфа-линолен қышқылы (ω-3) – 1,71%, нервон қышқылы – 0,367% және докозагексаен қышқылы (DHA, C22:6, ω-3) – 0,218%.

«Думан» сұлы сұрыпының құрамында DHA мен нервон қышқылы сияқты құнды май қышқылдарының болуы оның функционалдық қасиеттерін кеңейтеді, әсіресе нейропротекторлық әсер және липидтік алмасуды реттеу тұрғысынан.

«Никола» және «Ишимский» сұрыптары негізгі май қышқылдарының мөлшері бойынша ұқсас нәтижелер көрсетті, алайда «Думан» сұрыпында анықталған кейбір полиқанықпаған компоненттер бұл сұрыптарда анықталған жоқ. Бұл ерекшелік сұрыптың генетикалық қасиеттеріне байланысты болуы мүмкін және оны байытылған диеталық өнімдерді өндіруде қолданудың әлеуетін көрсетеді.

Алынған барлық көрсеткіштер ТР ТС 021/2011 «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің талаптарына толық сәйкес келеді. Ғылыми әдебиеттер мен Codex Alimentarius деректеріне сүйенсек, полиқанықпаған май қышқылдары мен аминқышқылдары жоғары деңгейде болатын сұлы функционалдық тағамдарға арналған болашағы зор компонент ретінде қарастырылады, әсіресе балалар, спортшылар және егде жастағы адамдар үшін.

Қорытынды

«Думан», «Никола» және «Ишимский» сұлы сұрыптарының дәніндегі аминқышқылдық және май қышқылдық құрамына жүргізілген кешенді зерттеу шикізаттың тағамдық және функционалдық құндылығына әсер ететін айтарлықтай сұрыптық айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Аминқышқылдық талдау нәтижелері бойынша, «Ишимский» және «Думан» сұрыптары ең бай әрі теңгерімді аминқышқылдық профильмен сипатталады. Әсіресе, валин, аргинин, тирозин, цистин және гистидин секілді алмастырылмайтын аминқышқылдарының жоғары концентрациясы бұл сұрыптардың жоғары биологиялық әлеуетке ие екенін көрсетеді. «Никола» сұрпы да негізгі аминқышқылдар спектрін қамтығанымен, олардың мөлшері салыстырмалы түрде төмен.

Май қышқылдық құрамды талдау барлық сұрыптарда қанықпаған май қышқылдарының (олеин және линол қышқылдарының) басым екенін көрсетті, бұл адам денсаулығы үшін қолайлы көрсеткіш болып табылады. «Думан» сұрпы альфа-линолен және докозагексаен қышқылдары секілді құнды май қышқылдарының әртүрлілігімен ерекшеленіп, оны липид алмасуын жақсарту және нейропротекцияға бағытталған функционалдық тағам өнімдерін өндіруде қолдану мүмкіндігін кеңейтеді.

Барлық алынған көрсеткіштер ТР ТС 021/2011 «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің, сондай-ақ ГОСТ 28673-2019, ГОСТ 32195-2013, ГОСТ 31665-2012 стандарттардың талаптарына толық сәйкес келеді:

Осылайша, «Думан» мен «Ишимский» сұлы сұрыптары жоғары тағамдық және биологиялық құндылыққа ие өсімдік тектес сусындар өндіруге арналған шикізат ретінде үлкен қызығушылық тудырады. Алынған деректер сұлы өнімдерін дені сау, профилактикалық және спорттық тамақтану рационында, әсіресе балалар, егде жастағы адамдар және жоғары физикалық жүктемеге ұшырайтын тұлғалар үшін пайдаланудың әлеуетін растайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Горбатова К.К. Химия пищевых продуктов / К.К. Горбатова. – М.: КолосС, 2012. – 528 с.
2. Vasanthi H.R. Phytochemicals from plants to combat cardiovascular disease / H.R. Vasanthi, R. Muthuswamy, D.K. Das // Current Medicinal Chemistry, 2012.
3. Ляшенко В.И. Современные аспекты использования овса в диетическом питании / В.И. Ляшенко, И.А. Романенко // Вопросы питания. – 2016. – № 2. – С. 52-56.
4. Nutritional composition, health benefits and processing of oats / X. Zhang et al // Food Science and Human Wellness, 2021.
5. Гусев А.М. Аминокислотный состав зерновых культур и их пищевая ценность / А.М. Гусев. – Зерновое хозяйство России, 2020.
6. Codex Alimentarius. Standard for Processed Cereal-Based Foods for Infants and Young Children. Codex Stan 074-1981 (rev. 2006).

7. Власова Н.А. Функциональные свойства овса и перспективы его использования в продуктах здорового питания / Н.А. Власова, А.М. Гусев // Вестник Алтайского ГАУ. – 2020. – № 4. – С. 76-81.
8. ГОСТ 31665-2012. Масла растительные и жиры животные. Получение метиловых эфиров жирных кислот. – Введ. 2013-07-01. – М.: Стандартинформ, 2013. – 12 с.
9. Simopoulos, A.P. The importance of the omega-6/omega-3 fatty acid ratio in cardiovascular disease and other chronic diseases. Exp. Biol. Med., 2008.
10. Журавель И.А. Генетические особенности сортов овса и качество зерна / И.А. Журавель // Сельское хозяйство, 2021.
11. ТР ТС 021/2011. Технический регламент Таможенного союза «О безопасности пищевой продукции». – Утв. Решением Комиссии Таможенного союза от 9 декабря 2011 г. № 880. – Введён в действие с 1 июля 2013 г.

References

1. Gorbatova K.K. Khimiya pishchevykh produktov / K.K. Gorbatova. – M.: KoloSS, 2012. – 528 s. (In Russian).
2. Vasanthi H.R. Phytochemicals from plants to combat cardiovascular disease / H.R. Vasanthi, R. Muthuswamy, D.K. Das // Current Medicinal Chemistry, 2012. (In English).
3. Lyashenko V.I. Sovremennye aspekty ispol'zovaniya ovsa v dieticheskom pitanii / V.I. Lyashenko, I.A. Romanenko // Voprosy pitaniya. – 2016. – № 2. – S. 52-56. (In Russian).
4. Nutritional composition, health benefits and processing of oats / X. Zhang et al // Food Science and Human Wellness, 2021. (In English).
5. Gusev A.M. Aminokislotnyi sostav zernovykh kul'tur i ikh pishchevaya tsennost' / A.M. Gusev. – Zernovoe khozyaistvo Rossii, 2020. (In Russian).
6. Codex Alimentarius. Standard for Processed Cereal-Based Foods for Infants and Young Children. Codex Stan 074-1981 (rev. 2006). (In English).
7. Vlasova N.A. Funktsional'nye svoistva ovsa i perspektivy ego ispol'zovaniya v produktakh zdorovogo pitaniya / N.A. Vlasova, A.M. Gusev // Vestnik Altaiskogo GAU. – 2020. – № 4. – S. 76-81. (In Russian).
8. GOST 31665-2012. Masla rastitel'nye i zhiry zhivotnye. Poluchenie metilovykh ehfirov zhirnykh kislot. – Vved. 2013-07-01. – M.: Standartinform, 2013. – 12 s. (In Russian).
9. Simopoulos, A.P. The importance of the omega-6/omega-3 fatty acid ratio in cardiovascular disease and other chronic diseases. Exp. Biol. Med., 2008. (In English).
10. Zhuravel' I.A. Geneticheskie osobennosti sortov ovsa i kachestvo zerna / I.A. Zhuravel' // Sel'skoe khozyaistvo, 2021. (In Russian).
11. TR TS 021/2011. Tekhnicheskii reglament Tamozhennogo soyuza «O bezopasnosti pishchevoi produktsil». – Utv. Resheniem Komissii Tamozhennogo soyuza ot 9 dekabrya 2011 g. № 880. – Vveden v deistvie s 1 iyulya 2013 g. (In Russian).

А.Д. Мыржыкбаева[1]*, А.Ж. Хастаева[2], В.С. Жамурова[1], Г.Т. Юсупова[3], С.С.Толеубекова[4]
[1]Казахский национальный аграрный исследовательский университет,
050000, Республика Казахстан, г.Алматы, ул. Абая, 8
[2]Казахский университет технологии и бизнеса им. К. Кулажанова,
010000, Республика Казахстан, г.Астана, ул. Кайым Мухамедханов, 37А
[3]Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина,
010011, Республика Казахстан, г. Астана,пр. Жеңіс, 62
[4]Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
*e-mail: Aidanadauletkeldi@mail.ru

СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ АМИНОКИСЛОТНОГО И ЖИРНОКИСЛОТНОГО СОСТАВА ЗЕРНА ОВСА РАЗЛИЧНЫХ СОРТОВ

В данной статье представлены результаты сравнительного анализа аминокислотного и жирнокислотного состава зерна овса сортов «Думан», «Никола» и «Ишимский». Овёс является важным источником биологически активных веществ, включая незаменимые аминокислоты и полиненасыщенные жирные кислоты, которые играют важную роль в поддержании здоровья человека, укреплении иммунной системы и нормализации обмена веществ.

Сравнительный анализ был проведён на базе Японского центра при Казахском национальном аграрном исследовательском университете с использованием методов высокоэффективной жидкостной и газовой хроматографии. Исследуемое зерновое сырьё было предоставлено Научно-производственным центром земледелия имени А.И. Бараева.

По результатам исследования, сорт «Ишимский» показал наивысшие показатели по содержанию аминокислот: цистин – 1109,11 μg/ml, валин – 784,01 μg/ml, тирозин – 769,81 μg/ml, аргинин – 314,79 μg/ml, гистидин – 265,96 μg/ml, аланин – 242,93 μg/ml.

Сорт «Думан» также отличался высоким содержанием валина (535,35 μg/ml), тирозина (606,90 μg/ml), цистина (460,91 μg/ml), аргинина (216,61 μg/ml) и гистидина (178,47 μg/ml), а также наличием уникальных омега-3 жирных кислот, отсутствующих в других сортах: альфа-линоленовой (1,71 %), докозагексаеновой (0,218 %) и нервоновой кислот (0,367 %).

Указанные характеристики делают сорт «Думан» перспективным объектом для использования в функциональных пищевых продуктах, производстве овсяных напитков и разработке биологически активных добавок. Полученные данные представляют научный и практический интерес для селекционеров, технологов пищевой промышленности и специалистов в области нутрицевтики.

Ключевые слова: *овёс, сорта овса, аминокислотный состав, жирнокислотный состав, высокоэффективная жидкостная хроматография.*

A.D. Myrzhykbayeva[1]*, A.Zh. Khastayeva[2], V.S. Zhamurova[1], G.T. Yussupova[3], S.S. Toleubekova[4]

[1]Kazakh National Agrarian Research University,
050000, Republic of Kazakhstan, Almaty, Abay Street, 8
[2]Kazakh University of Technology and Business named after K. Kulyazhanov,
010000, Republic of Kazakhstan, Astana, Kaim Mukhamedkhanov Street, 37A
[3]S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University,
010011, Republic of Kazakhstan, Astana, Zhenis Avenue, 62
[4]Shakarim University of Semey,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, Glinki Street, 20A
*e-mail: Aidanadauletkeldi@mail.ru

COMPARATIVE STUDY OF THE AMINO ACID AND FATTY ACID COMPOSITION OF OAT GRAIN OF DIFFERENT VARIETIES

This article presents the results of a comparative analysis of the amino acid and fatty acid composition of oat grains from three varieties: «Duman», «Nikola», and «Ishimsky2. Oats are an important source of biologically active compounds, including essential amino acids and polyunsaturated fatty acids, which play a crucial role in maintaining human health, supporting the immune system, and regulating metabolic processes.

The comparative study was conducted at the Japanese Center of the Kazakh National Agrarian Research University using high-performance liquid chromatography (HPLC) and gas chromatography (GC) methods. The oat grain samples were provided by the A.I. Baraev Scientific and Production Center of Grain Farming.

According to the results, the «Ishimsky» variety showed the highest concentrations of amino acids: cystine – 1109.11 μg/ml, valine – 784.01 μg/ml, tyrosine – 769.81 μg/ml, arginine – 314.79 μg/ml, histidine – 265.96 μg/ml, and alanine – 242.93 μg/ml.

The «Duman» variety also demonstrated high levels of valine (535.35 μg/ml), tyrosine (606.90 μg/ml), cystine (460.91 μg/ml), arginine (216.61 μg/ml), and histidine (178.47 μg/ml), as well as the presence of unique omega-3 fatty acids not found in other varieties: alpha-linolenic (1.71 %), docosahexaenoic (0.218 %), and nervonic acid (0.367 %).

These characteristics make the «Duman» variety a promising candidate for use in functional food products, oat-based beverages, and the development of biologically active supplements. The data obtained are of scientific and practical interest to breeders, food technologists, and specialists in the field of nutraceuticals.

Key words: *oats, oat varieties, amino acid composition, fatty acid composition, high-performance liquid chromatography.*

Авторлар туралы мәліметтер

Айдана Даулеткельдиевна Мыржыкбаева* – Phd докторанты, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ.; e-mail: aidanadauletkeldi@yandex.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2216-3674.

Айгерим Жанузаковна Хастаева – Phd, қауым.профессор, Қ. Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті, Қазақстан, Астана қ.; e-mail: gera_or@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2679-0210.

Венера Серикбаевна Жамурова – а/ш.ғ.к қауым.профессор, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ.; e-mail: zhamurova@yandex.kz. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0972-2785.

Гаухар Тургалиевна Юсупова – PhD, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының аға оқытушысы, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ, Астана қ., Қазақстан; e-mail: gaukhar.nitra@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1722-1294.

Сандугаш Сайлауовна Толеубекова – техника ғылымдарының кандидаты; қауымдастырылған профессор, «Биоинженерлік жүйелер» кафедрасы, Шәкәрім университеті, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: saltosha-sandu@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2658-9514.

Сведения об авторах

Айдана Даулеткельдиевна Мыржыкбаева* – Phd докторант, Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан; e-mail: aidanadauletkeldi@yandex.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2216-3674.

Айгерим Жанузаковна Хастаева – Phd, асс.профессор, Казахский университет технологии и бизнеса им. К. Кулажанова, Казахстан, Астана; e-mail: gera_or@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2679-0210.

Венера Серикбаевна Жамурова – к.с/х наук ассоц.профессор Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан; e-mail: zhamurova@yandex.kz. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0972-2785.

Гаухар Тургалиевна Юсупова – PhD, старший преподаватель кафедры «Стандартизация, метрология и сертификация», Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, г. Астана, Казахстан; e-mail: gaukhar.nitra@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1722-1294.

Сандугаш Сайлауовна Толеубекова – кандидат технических наук; ассоциированный профессор; кафедра «Биоинженерные системы», Шәкәрім университет, г. Семей, Республика Казахстан; e-mail: saltosha-sandu@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2658-9514.

Information about the autors

Aidana Dauletkeldievna Myrzhykbayeva* – Phd student. Kazakh National Agrarian Research University, Kazakhstan, Almaty; e-mail: aidanadauletkeldi@yandex.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2216-3674.

Aigerim Zhanuzakovna Khastayeva – PhD, ass.professor, Kazakh University of Technology and Business named after K.Kulazhanov, Kazakhstan, Astana; e-mail: gera_or@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2679-0210.

Venera Serikbaevna Zhamurova – Candidate of Agricultural Sciences, assoc.professor Kazakh National Agrarian Research University, Kazakhstan, Almaty; e-mail: zhamurova@yandex.kz. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0972-2785.

Gaukhar Turgaliyevna Yussupova – PhD, Senior Lecturer at the Department of «Standardization, Metrology and Certification», S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, NJSC, Astana, Kazakhstan; e-mail: gaukhar.nitra@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1722-1294.

Sandugash Toleubekova – Candidate of Technical Sciences; Associate Professor; Department of Bioengineering Systems, Shakarim University, Semey city, Republic of Kazakhstan; e-mail: saltosha-sandu@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2658-9514.

Редакцияға енуі 23.06.2025
Өңдеуден кейін түсуі 01.10.2025
Жариялауға қабылданды 07.10.2025

https://doi.org/10.53360/2788-7995-2025-4(20)-42

BY 4.0
Check for updates

ҒТАХР: 65.09.33

С.Е. Аман*, У.О. Тунгышбаева, А.К. Токтабаева, Р.К. Рахметуллаева, Ш.С. Аманова
Алматы Технологиялық Университеті,
050012, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Төле би 100
*e-mail: erbolatovnass@mail.ru

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ: ТАБИҒИ ПОЛИМЕРЛЕР НЕГІЗІНДЕГІ БИОЫДЫРАЙТЫН ҚАПТАМАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІН САҚТАУ ТИІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа: *Бұл мақалада биоыдырайтын қаптамалардың тағам өнімдерін сақтау мерзімі мен жарамдылығына әсері зерттеледі. Зерттеу нысаны ретінде тоқаш өнімі таңдалып, оның әртүрлі биоыдырайтын қаптама түрлерінде сақтау тиімділігі бағаланды. Қаптама ретінде экологиялық қауіпсіз, табиғи және жартылай синтетикалық полимерлерге негізделген материалдар: желатин, агар, крахмал, хитозан, натрий карбоксиметилцеллюлозасы (NaКМЦ), поливинил спирті (ПВС) пайдаланылды. Бұл материалдардың физика-химиялық тұрақтылығы, тағаммен өзара әрекеттесу қабілеті, температура мен ылғалдылыққа төзімділігі зерттеу барысында сарапталды.*

Зерттеу Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) 12 – «Жауапты тұтыну мен өндіру» бағытына сәйкес келеді. Аталған мақсат экологиялық қауіпсіз шешімдер арқылы қалдықтар көлемін азайтып, ресурстарды тиімді қолдануға бағытталған. Бұл зерттеу биоыдырайтын қаптамаларды тағам өндірісіне енгізудің ғылыми және қолданбалы тұрғыдан маңыздылығын негіздейді.

Зерттеу нәтижесінде биоыдырайтын материалдардың сақтау тиімділігі біркелкі еместігі анықталды. Кейбір үлгілер ұзақ мерзімді сақтау барысында өнім сапасын жақсы деңгейде ұстап тұрса, басқа үлгілерде құрылымдық тұрақтылықтың жеткіліксіздігі байқалды. Сонымен қатар, қаптама сапасына әсер ететін факторлар – полимердің түрі, қалыңдығы мен ылғал өткізгіштік қасиеттері шешуші рөл атқаратыны дәлелденді.

Түйін сөздер: *биоыдырайтын қаптама, тоқаш өнімі, сақтау тиімділігі, тағам қауіпсіздігі, қаптама сәйкестігі, экологиялық қаптама, сақтау шарттары, полиэтилен қаптама.*

Кіріспе

Азық-түлік өнімдерін қаптауда қолданылатын дәстүрлі полимерлі материалдардың қоршаған ортаға ұзақ уақыт бойы ыдырамай тигізетін зияны бүгінгі күні жаһандық экологиялық проблема ретінде қарастырылуда.Полиэтилен және оған ұқсас синтетикалық материалдар биологиялық тұрғыдан ыдырамайтын қасиетке ие болғандықтан, оларды экологиялық таза баламалармен алмастыру қажеттігі туындап отыр. Осы бағытта биоыдырайтын қаптамалар – тағам өнеркәсібі үшін қауіпсіз әрі экологиялық шешім ретінде кеңінен зерттелуде [1].

Қазақстан Республикасында қолданыстағы ТР ТС 005/2011 «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің 5-бабында қаптаманың (орауыш құралдарының) қауіпсіздігіне қойылатын талаптар қарастырылған. Онда қаптама өз мақсатына сай жобаланып, өндірісте қолданылу барысында конструкциялық ерекшеліктері арқылы қауіптерді азайтуы тиіс екені көрсетіледі. Сонымен қатар, қаптаманың қауіпсіздігі бірқатар талаптардың жиынтығы арқылы қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, тағаммен тікелей жанасатын материалдар санитариялық-гигиеналық көрсеткіштерге, механикалық беріктікке, химиялық төзімділікке және герметикалылыққа сай болуы керек [2].

Бүгінгі таңда биоыдырайтын қаптамалар табиғи және жартылай синтетикалық полимерлер негізінде жасалады. Мұндай материалдарға желатин, агар, крахмал, хитозан, натрий карбоксиметилцеллюлозасы (NaКМЦ), поливинил спирті (ПВС) және глицерин жатады. Бұлардан алынған пленка түріндегі өнімдер икемділік береді. Ал кей жағдайларда мырыш оксиді (ZnO) сияқты антимикробтық және қорғаныш қасиетке ие заттар қосылады. Бұл материалдардың тағам өнімдерімен тікелей жанасуға жарамдылығы, сондай-ақ қоршаған ортада ыдырау қабілеті жоғары екені белгілі [3].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында биоыдырайтын қаптамаларға қатысты МЕМСТ 33474-2016 «Оксо-биоыдырайтын қаптама. Жалпы техникалық шарттар» атты мемлекетаралық стандарты қолданыста бар. Аталған стандартта оксо-биоыдырайтын

қаптамаларға қойылатын жалпы техникалық талаптар көрсетілген. Дегенмен, бұл құжатта тағам өнімдерімен жанасатын биоыдырайтын қаптамаға арналған нақты регламенттелген талаптар көзделмеген. Осыған байланысты тағаммен жанасатын биоыдырайтын қаптамалардың сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты талаптарды ғылыми тұрғыдан негіздеу қажеттілігі туындайды. Мәселен, биоыдырайтын қаптамалар өндірісі бойынша алғашқы өндірістік желі Астана қаласында іске қосылды. Жобаланған қаптамалар салмаққа төзімділік қасиеті бойынша 13 килограммға дейінгі жүктемеге шыдай алады. Қаптаманың құрамына целлюлоза, крахмал және сүт қышқылы негізіндегі компоненттер кіреді. Өндірушілер ай сайын 5 миллион данаға дейін биоыдырайтын пакет шығару мүмкіндігі бар екенін және бұл өндіріс көлемі ішкі нарықтағы сұранысты толық қанағаттандыруға жететінін мәлімдеген. Алайда айтылған мәселе республиканың бұл саладығы мәселесін толық шешпейді,. Сол себепті бұл салада табиғи полимерлер негізіндегі биоыдырайтын қаптамалардың өндірісін ғылыми негіздеу маңызды заман талабы.


Экологиялық қаптамалар арнайы гранулдардан алынады. Бұл гранулдар сүт қышқылы, целлюлоза және модификацияланған крахмал негізінде дайындалады. Шикізат бункерге салынып, жоғары температурада қыздырылғаннан кейін дайын пакетке айналады. Өндіріс желісі минутына 100 данаға дейін пакет шығара алады. Осылайша, айына 5 миллион данаға дейін өнім өндіруге мүмкіндік бар. Кәсіпорын өкілдерінің айтуынша, өндірілетін өнім еліміздің нарығындағы биоыдырайтын пакетке деген сұранысты толық қамтамасыз етуге қауқарлы [4, 5].

Осы зерттеу аясында зертханалық жағдайда дайындалған тоқаш өнімі жеті түрлі қаптамаға салынып, олардың сақтау шарттарына сәйкестігі бағаланды. Оның ішінде төрт үлгі зерттеу барысында арнайы әзірленген биоыдырайтын материалдардан жасалса, екеуі сатылымда бар дайын биоыдырайтын пакеттер болды. Салыстыру мақсатында стандартты полиэтилен пленкасы бақылау үлгісі ретінде қолданылды. Барлық үлгілерге бірдей температура мен бастапқы ылғалдылық жағдайында талдау жүргізілді. Бұл зерттеу биоыдырайтын қаптамаларды нақты тағам түріне сәйкестендіріп қолдану қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, қаптама құрамының өнім сапасына әсерін ғылыми негізде бағалауға мүмкіндік беріп, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз балама жасауға жол ашады [6, 7].

Зерттеу әдістері

Биоыдырағыш қаптама үлгілерін жасау. Зерттеу нысаны ретінде ашытылған қамырдан дайындалған тоқаш өнімі және оған қолданылған жеті түрлі қаптама үлгісі алынды. Зерттеу үшін қолданылған төрт түрлі биоыдырайтын қаптама үлгісі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасында арнайы дайындалды.

Қаптамалар ретінде қолдану үшін композициялық табиғи үлдір түзуші заттарды (желатин, агар, крахмал, NaКМЦ, хитозан, ПВС) қажетті құрамда ерітіліп, үлдірлер алу үшін 60℃ температурада және араластыру жылдамдығы 300 айн/мин-да 10 минут араластырылды. Кейін композицияға пластификатор ретінде есептелген глицерин енгізіліп, қоспа тағы да 10 минут араластырылады. Алынған ерітінді қалыптарға құйылып, 3-4 тәулік еріткіштерінен буландырылады (Сурет 1).



Сурет 1 – Биоыдырағыш қаптама түрлері

Үлдірлердің биоыдырағыштығын зерттеу. Үлдірлердің табиғи ортада ыдырау қабілетін бағалау мақсатында биологиялық ыдырағыштыққа зерттеу жүргізілді. Бұл зерттеу МЕМСТ 13432-2015 стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылды. Аталған стандарт биоыдырауға бейім материалдардың компост жағдайындағы ыдырау жылдамдығы мен деңгейін анықтауға мүмкіндік береді және олардың экологиялық қауіпсіздігін бағалаудың негізгі әдістемесі болып саналады.

Зерттеу әдістемесіне сәйкес, әр үлдірден біркелкі өлшемде кесінділер дайындалды. Әрбір үлгі органикалық заттарға бай бақша топырағына көміліп, пластик контейнерлерде сақталды. Топырақ ретінде бейтарап pH-ты, табиғи микрофлораға бай, торф негізіндегі универсалды топырақ қоспасы қолданылды. Инкубация процесі бөлме температурасында 25 ± 1°C және 60-70% салыстырмалы ылғалдылық жағдайында жүргізілді. Ылғалдылық деңгейі тұрақты бақылауда ұсталып, қажет болған жағдайда топырақ дистилденген сумен ылғалдандырылып отырды.

Зерттеу мерзімі 12 аптаға созылды. Апта сайын үлгілер топырақтан алынып, массасы өлшеніп отырды. Осылайша, бастапқы және соңғы масса арасындағы айырмашылық бойынша үлдірлердің биодеструкция дәрежесі анықталды.Тоқаш өнімінің рецептурасы «Сборник рецептур мучных кондитерских и булочных изделий для предприятий общественного питания» (Санкт-Петербург: МТК Троицкий мост, 2017) жинағындағы №107 рецептураға негізделді [8].

Зерттеу нысандары. Зерттеу жұмысында жоғарыда айтылған биоыдырайтын қаптамалардан бөлек салыстыру мақсатында сатылымдағы биоыдыратын қаптама түрлері мен полиэтилен қаптамасы таңдалып алынды (кесте 1).

Кесте 1 – Биоыдырайтын және бақылау қаптамаларының сипаттамалары

№ үлгі	Қаптама түрлері	Биодеструкция дәрежесі	Сақтау мерзімі
1	[Желатин]:[Агар]:[ПВС]= 50:30:20 масс.%	12 апта	-
2	[NaКМЦ]:[Крахмал]:[ПВС]=50:30:20 масс.%	12 апта	-
3	[Желатин]:[Крахмал]:[ПВС]=50:30:20 масс.%	12 апта	-
4	[ПВС]:[Хитозан]:[ZnO]=69,5:30:0,5 масс.%	12 апта	-
5	Сатылымдағы биоыдырайтын қаптама № 1	-	1 жыл
6	Сатылымдағы биоыдырайтын қаптама № 2	-	1 жыл
Бақылау үлгісі	Полиэтилен	-	-

Сатылымдағы биоыдырайтын қаптама № 1 төмен қысымды полиэтиленнен (HDPE) дайындалған және құрамында биоыдырауды қамтамасыз ететін қоспалар бар. Бұл қаптама көкөніс пен жеміс-жидектерді сақтау және мұздату үшін қолданылады. Өндіруші мәліметтері бойынша жарамдылық мерзімі – 1 жыл. Сатылымдағы биоыдырайтын қаптама № 2 полиэтилен негізінде жасалып, оған экологиялық тұрғыдан қауіпсіз биоыдырайтын қоспа енгізілген. Аталған қаптама тағамдық өнімдерді сақтау мен орау мақсатында пайдаланылады, сақтау мерзімі – 1 жыл. Дегенмен қаптама бетінде нақты қоспалардың атауы мен мөлшері көрсетілмегендіктен, зерттеу барысында олар жалпы сипаттамасы бойынша бағаланды.

Зерттеу барысында салыстыру үшін бақылау үлгісі ретінде полиэтилен қаптамасы қолданылды. Полиэтилен қазіргі таңда ең көп таралған қаптама материалының бірі. Ол механикалық беріктігімен, икемділігімен және ылғалға төзімділігімен ерекшеленеді. Алайда оның басты кемшілігі – табиғи ортада ұзақ уақыт бойы ыдырамауы, бұл экологиялық тұрғыдан айтарлықтай мәселе туындатады.

Аталған қаптамалар тағамдық өнімдердің сақтау мерзімі мен сапасына ықпалын бағалау үшін пайдаланылды. Бұл мақсатта бидай ұны (МЕМСТ 26574-2017), қант (МЕМСТ 21-94), ашытқы (МЕМСТ 171-81) талаптарына сәйкес алынған. Рецептураға маргарин, тұз, ванилин енгізіліп, тоқаш өнімдері қалыпқа келтіріліп, 230-240 °C температурада 12-15 минут бойы пісірілді (сурет 2).

Сонымен қатар, сақтау барысындағы сапалық өзгерістерді бағалау мақсатында органолептикалық талдау жүргізілді. Бұл әдіс бойынша өнімдердің түсі, иісі, сыртқы көрінісі мен құрылымдық қасиеттері күнделікті визуалды бақылау арқылы тіркеліп отырды. Әр қаптама

үлгісімен қапталған тоқаш өнімдерінің органолептикалық көрсеткіштері 7 күн бойы салыстырмалы түрде бағаланды.



Сурет 2 – Тоқаш өнімін дайындау процессі

Өнімнің толық піскендігі беткі қабаттың қызаруы мен ішкі құрылымының біртекті болуымен анықталды (сурет 3).



Сурет 3 – Пісірілген тоқаш өнімінің температурасы

Пісіруден кейін дайын өнім бөлме температурасында салқындатылып, +25 °С-та қаптамаларға салынды.

Зерттеуде қолданылған полиэтилен қаптама полимерлі материалдарға арналған МЕМСТ 10354-82 талаптарына сәйкес алынды. Ал биоыдырайтын қаптама үлгілерінің тиімділігі мен тағам өнімдеріне сәйкестігі EN 13432-2015 халықаралық стандарттарына сәйкес салыстырмалы түрде бағаланды [9, 10].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау


Бұл бөлімде табиғи полимерлер негізіндегі биоыдырайтын қаптамаларды дайындау және сынау нәтижелері келтірілді. Полимерлі үлдірдің қоршаған ортада биологиялық ыдырау қабілеті – оның экологиялық қауіпсіздігін және компосттауға жарамдылығын бағалаудағы негізгі көрсеткіштердің бірі. Осы зерттеу барысында КМЦ, крахмал, желатин және поливинил спирті (ПВС) негізінде алынған үлдірлердің биоыдырағыштық қасиеті бағаланды. Зерттеу жұмысы 12 апта бойы жүргізіліп, әр апта сайын үлдір массасының өзгерісі тіркеліп отырды. Үлгілердің бастапқы және қалған массасы бойынша ыдырау дәрежесі есептеліп, салыстырмалы талдау жүргізілді.

Зерттеуге келесі үлдір түрлері алынды: [Желатин]:[Агар]:[ПВС]= 50:30:20 масс.%; [NaКМЦ]:[Крахмал]:[ПВС] =50:30:20 масс.%; [Желатин]:[Крахмал]:[ПВС]= 50:30:20 масс.%; [ПВС]:[Хитозан]:[ZnO]= 69,5:30:0,5 масс.% және салыстырмалы бақылау үлгісі ретінде биологиялық ыдырамайтын полиэтилен (ПЭ) қолданылды.

Әр үлгінің бастапқы массасы өлшеніп, кейіннен апталық өзгерісі жазылып отырды. Нәтижелер негізінде биоыдырау дәрежесі пайыздық түрде есептелді. Биодеструкция көрсеткіші ретінде массаның салыстырмалы жоғалтуы (%) қолданылды. Нәтижелер сурет 4-де берілген.

12 аптадан кейін алынған нәтижелерге сүйенсек, ең жоғары биоыдырау дәрежесі [ПВС]:[Хитозан]:[ZnO]= 69,5:30:0,5 масс.% құралған үлдірде байқалды. Бұл үлгінің массасы бастапқы 0,4517 г-нан 0,0823 г-ға дейін төмендеп, жалпы массаның 72,1%-ы ыдырауға ұшыраған (сурет 4). Сол сияқты, [Желатин]:[Крахмал]:[ПВС] = 50:30:20 масс.% үлдірінің де ыдырау дәрежесі жоғары болды – 53,0%. Салыстырмалы түрде қолданылған синтетикалық

ыдырамайтын полиэтилен 12 аптада 10,1% ғана ыдырағанын бақылауға болады. Бұл табиғи биополимерлердің ферментативтік әсерге сезімтал екенін дәлелдейді.



Сурет 4 – Полимерлі үлдірлердің биоыдырағыштығы

1. [Желатин]:[Крахмал]:[ПВС] = 50:30:20 масс.%; 2. [ПВС]:[Хитозан]:[ZnO] = 69,5:30:0,5 масс.%; 3. [Желатин]:[Агар]:[ПВС] = 50:30:20 масс.%; 4. [NaКМЦ]:[Крахмал]:[ПВС] = 50:30:20 масс.%; 5. ПЭ

Табиғи полимерлер негізіндегі биоыдырайтын қаптамаларда азық-түлік өнімдерін сақтау нәтижелері. Зерттеу барысында дайындалған тоқаш өнімдері +25°С температураға дейін суытылып барлық қаптама үлгілеріне салынып, 7 тәулік бойы бірдей сақтау режимінде бақылауға алынды.

7 күн бойы әр қаптама үлгісінде өнім жағдайы күн сайын бағаланып отырды. Бағалау барысында өнімнің құрғау дәрежесі, көгеру белгілерінің пайда болуы, қаптама материалының тұтастығы және құрылымдық өзгерістері ескерілді. Салыстырмалы нәтижелер 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Қаптамалардың сақтау нәтижелері (7 күндік бақылау негізінде)


№	Қаптама құрамының сипаттамасы	Сақтау ұзақтығы, күн	5-7 тәуліктегі өнім жағдайы	Жалпы бағалау
1	[Желатин]:[Агар]:[ПВС]= 50:30:20 масс.%	7 (орташа)	5-ші күннен бастап кебу байқалды	Сәйкес келеді
2	[NaКМЦ]:[Крахмал]:[ПВС] =50:30:20 масс.%	1	1 күннен кейін кеуіп кетті	Сәйкес емес
3	[Желатин]:[Крахмал]:[ПВС]= 50:30:20 масс.%	1	1 күннен кейін кеуіп кетті	Сәйкес емес
4	[ПВС]:[Хитозан]:[ZnO]= 69,5:30:0,5 масс.%	2	2 күнге жетпей құрғау, бөгде иіс тіркелді	Сәйкес емес
5	Сатылымдағы биоыдырайтын пакет №1	3	3-ші күнге дейін қалыпты, кейін өнімнің бөлшектенуі	Шартты түрде сәйкес
6	Сатылымдағы биоыдырайтын пакет №2	3	3-ші күнге дейін қалыпты, кейін өнімнің бөлшектенуі	Шартты түрде сәйкес
7	Полиэтилен қаптамасы	5	5-ші күнге дейін қалыпты, өнімнің бөлшектенуі	Сәйкес емес

Сонымен қатар, өнімнің сақтау процесіндегі органолептикалық көрсеткіштері де бағаланды. Оның нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

Органолептикалық бағалаумен қатар, тоқаш өнімдерінің сақтау мерзімі ішінде ылғал мөлшерінің өзгерісі де маңызды фактор ретінде қарастырылды. Осы мақсатта өнім үлгілерінен бастапқы ылғалдылықты анықтау үшін арнайы аспаптық талдау жүргізілді. Бұл талдау өнім сапасының физика-химиялық көрсеткіштерін бағалауға мүмкіндік берді. Бастапқы ылғалдылықты анықтау мақсатында үш түрлі салмақтағы үлгілер (екі дана – 30 г, бір дана – 50 г) таңдалып алынған болатын. Тоқаш өнімдері әртүрлі қаптама материалдарында 7 тәулік бойы бөлме температурасында сақталып, органолептикалық көрсеткіштер бойынша бағаланды (түсі, иісі, сыртқы түрі/құрғау, көгеру белгілері, жалпы баға). Зерттеуге Желатин – Агар – ПВС, NaКМЦ – Крахмал – ПВС, Желатин – Крахмал – ПВС, ПВС – Хитозан – ZnO, сатылымдағы био қаптамалар № 1 – № 2 және бақылау ретінде полиэтилен енгізілді (сурет 5).

Кесте 3 – Қаптама үлгілеріне байланысты тоқаш өнімінің органолептикалық бағасы (7 күндік бақылау)

№	Қаптама үлгісі	Түсінің өзгеруі	Иісінің өзгеруі	Құрғау белгілері	Жалпы визуалды баға
1	[Желатин]:[Агар]:[ПВС]= 50:30:20 масс.%	Жоқ	Жоқ	5-күні байқалды	Жақсы, жарамды
2	[NaКМЦ]:[Крахмал]:[ПВС] =50:30:20 масс.%	Жоқ	Әлсіз иіс	1-күні	Жарамсыз
3	[Желатин]:[Крахмал]:[ПВС]= 50:30:20 масс.%	Жоқ	Әлсіз иіс	1-күні	Жарамсыз
4	[ПВС]:[Хитозан]:[ZnO]= 69,5:30:0,5 масс.%	Түс өзгерді	Бөгде иіс	2-күнге жетпеді	Жарамсыз
5	Сатылымдағы био қаптама №1	Жоқ	Жоқ	3-күні	Шартты жарамды
6	Сатылымдағы био қаптама №2	Жоқ	Жоқ	3-күні	Шартты жарамды
7	Полиэтилен	Жоқ	Әлсіз иіс	5-күні көгеру	Жарамсыз (көгеру бар)



Сурет 5 – Қаптама үлгілерінің органолептикалық бағасы (5 баллдық шкала, 7 тәулік)

Радар-диаграмма қаптама түрлерінің органолептикалық тұрақтылығын айқын көрсетті. Желатин–Агар–ПВС (50:30:20 масс.%) түсі мен иісін сақтап, беткі құрғау мен көгеру белгісі байқалмай, ең жоғары нәтижені көрсетті. Сатылымдағы био қаптамалар №1–№2 орташа деңгейде, ішінара құрғау әсері байқалады (шартты тиімді). NaКМЦ–Крахмал–ПВС және Желатин–Крахмал–ПВС үлгілерінде ерте ақаулану (бетінің тез құрғауы) тіркеліп, органолептикалық көрсеткіштер төмендеді. ПВС–Хитозан–ZnO (69,5:30:0,5 масс.%) түс пен иіс бойынша әлсіреу байқатты. Полиэтиленде сақтау соңында көгеру тіркеліп, органолептикалық жарамдылығы төмен болды.

Тоқаш өнімі – сүт, қант және ванилин негізіндегі байытылған құрамға ие болғандықтан, МЕМСТ 27844-88 стандарты бойынша «сдобные булочные изделия» тобына жатады [11, 12]. Аталған стандарттың 4-кестесіне сәйкес, бұл өнімдер үшін рұқсат етілетін ылғалдылық мөлшері 34,0%-дан аспауы тиіс (кесте 4).

Кесте 4 – Тоқаш өнімінің бастапқы ылғалдылығы бойынша зерттеу нәтижесі

№	Үлгі салмағы (г)	Ылғалдылық мөлшері, %	Стандарт бойынша шекті мән (%)	Бағалау
1	30	22,9	≤ 34,0	Сәйкес келеді
2	30	23,1	≤ 34,0	Сәйкес келеді
3	50	23,0	≤ 34,0	Сәйкес келеді
Орташа мән	–	23		Сәйкес

Бастапқы ылғалдылық барлық үлгілерде бір деңгейде болғандықтан, кейін байқалған органолептикалық айырмашылықтар негізінен қаптама материалдарының қасиеттерімен түсіндіріледі. Салыстырмалы талдау Желатин–Агар–ПВС (50:30:20 масс.%) қаптамасының тиімді екенін көрсетті. Бұл қаптамада тоқаш өнімі алғашқы үш тәулік бойы өзінің құрылымын,

жұмсақтығын және сыртқы сапасын жақсы сақтады. МЕМСТ 31805-2018 стандартына сәйкес, қаптамадағы тоқаш өнімдерінің сақтау мерзімі 48 сағаттан аспауы тиіс [13,14]. Сондықтан бұл үлгінің көрсеткіші белгіленген нормативке толық сәйкес келеді. Био-қаптамалар №1–№2 орташа деңгейде, ал қалған қаптама үлгілерінде өнімнің тұтынуға жарамдылық мерзімі 1–2 күнмен шектеліп, кейбір жағдайларда көгеру және өнімде құрылымдық бөлшектену ерте басталғаны байқалды. Осылайша, табиғи полимерлер негізіндегі бұл биоыдырайтын қаптама тоқаш өнімін сақтау талаптарына сай келіп, экологиялық және технологиялық тұрғыдан тиімді шешім ретінде танылды [15].

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері табиғи полимерлер негізінде дайындалған биоыдырайтын қаптамалардың тоқаш өнімдерін сақтау тиімділігіне айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті. Қолданылған үлгілердің ішінде желатин–агар–ПВС–глицерин композициясы ең жоғары нәтижеге қол жеткізіп, өнімнің органолептикалық көрсеткіштерін және физика-химиялық тұрақтылығын МЕМСТ 31805-2018 талабына сәйкес мерзімге дейін сақтап тұрды. Бұл үлгінің ерекшелігі – ылғал деңгейін тұрақты ұстап, өнімнің құрылымдық тұтастығын бұзбай, көгеру белгілерінің пайда болуына жол бермеуі.

Қалған қаптамаларда сақтау мерзімі қысқа болып, 1-3 күн ішінде өнімнің құрғауы, иісінің өзгеруі немесе құрылымдық бұзылуы байқалды. Мұндай нәтижелер олардың газөткізгіштік қабілеті, механикалық беріктігі және микробиологиялық тосқауылдық қасиеттері жеткіліксіз екенін айқындады. Осы деректер биоыдырайтын қаптаманың тиімділігі оның құрамындағы полимерлік компоненттердің арақатынасына, қалыңдығына және физика-химиялық қасиеттеріне тікелей байланысты екенін дәлелдейді.

Алдағы уақытта биоыдырайтын қаптамалардың сапасын жетілдіру үшін полимер қоспаларын оңтайландыру, қалыңдығы мен тығыздығын реттеу, табиғи антимикробтық компоненттер енгізу және конденсат түзілуін болдырмайтын жаңа модификацияларды әзірлеу маңызды. Сонымен қатар, алынған нәтижелерді тек тоқаш өнімдерімен ғана емес, басқа да нан-тоқаш және кондитерлік өнімдермен салыстырмалы түрде тексеру қажет. Мұндай кешенді зерттеулер биоыдырайтын қаптамаларды өндірістік масштабта кеңінен енгізуге мүмкіндік беріп, тағам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өнім сапасын арттыруға және экологиялық тұрақтылықты нығайтуға жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

1. Biodegradable polymers for food packaging: a review / V. Siracusa et al // Trends in Food Science & Technology. – 2008. – Vol. 19, № 12. – P. 634-643.
2. Кодекс Республики Казахстан «О зеленой экономике» [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/H16EV000096 (дата обращения: 24.08.2025).
3. Thompson G. Biodegradable packaging: A review of materials and applications / G. Thompson, L. Clark // Trends in Food Science & Technology. – 2021. – Vol. 118, Part A. – P. 285-296.
4. Производство эко-пакетов [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: https://greenpole.su/proizvodstvo-jeko-paketov/ (дата обращения: 24.08.2025).
5. Оборудование для производства биоразлагаемых эко-пакетов [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: https://paketodel.ru/info/articles/oborudovanie-dlya-proizvodstva-biorazlagaemykh-eko-paketov/ (дата обращения: 24.08.2025).
6. Recent advances on chitosan-based films for sustainable food packaging applications / H. Haghighi et al // Food Packaging and Shelf Life. – 2020. – Vol. 26. – Article 100551.
7. Сергазиева О.Д. Применение пленок на основе желатина для сохранения качества пищевых продуктов / О.Д. Сергазиева, Н. Долганова // Техника и технология пищевых производств. – 2018. – Т. 48, № 1. – С. 156-163
8. Сборник рецептур мучных кондитерских и булочных изделий для предприятий общественного питания: справочник. – Санкт-Петербург: МТК Троицкий мост, 2017. – 194 с.
9. EN 13432:2000. Requirements for packaging recoverable through composting and biodegradation – Test scheme and evaluation criteria for the final acceptance of packaging. – Brussels: European Committee for Standardization (CEN), 2015. – 20 p.
10. ГОСТ Р 54533-2011. Упаковка. Требования к биоразлагаемости [Электрон. ресурс]. – URL: https://meganorm.ru/Data2/1/4293738/4293738651.pdf (дата обращения: 24.08.2025).

11. ГОСТ 27844-88. Пластмассы. Методы испытаний на биоразлагаемость [Электрон. ресурс]. – URL: https://allgosts.ru/67/060/gost_27844-88 (дата обращения: 24.08.2025).
12. Технический регламент Таможенного союза «О безопасности упаковки» (ТР ТС 005/2011) [Электрон. ресурс]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30517012 (дата обращения: 24.08.2025).
13. ГОСТ ISO 14855-1-2014. Определение степени биоразложения [Электрон. ресурс]. – URL: https://files.stroyinf.ru/Data2/1/4293734/4293734203.pdf (дата обращения: 24.08.2025).
14. ГОСТ Р 54257-2010. Экологические требования к упаковке [Электрон. ресурс]. – URL: https://internet-law.ru/gosts/gost/69820/ (дата обращения: 24.08.2025).
15. Zinc oxide enhanced the antibacterial efficacy of biodegradable PBAT/PBS nanocomposite films: Morphology and food packaging properties / K. Promhuad et al // Food Bioscience. – 2023. – Vol. 51. – Article 103077.

References

1. Biodegradable polymers for food packaging: a review / V. Siracusa et al // Trends in Food Science & Technology. – 2008. – Vol. 19, № 12. – R. 634-643. (In English).
2. Kodeks Respubliki Kazakhstan «O zelenoi ehkonomikE» [Ehlektron. resurs]. – 2016. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/H16EV000096 (data obrashcheniya: 24.08.2025). (In Russian).
3. Thompson G. Biodegradable packaging: A review of materials and applications / G. Thompson, L. Clark // Trends in Food Science & Technology. – 2021. – Vol. 118, Part A. – R. 285-296. (In English).
4. Proizvodstvo ehko-paketov [Ehlektron. resurs]. – 2020. – URL: https://greenpole.su/proizvodstvo-jeko-paketov/ (data obrashcheniya: 24.08.2025). (In Russian).
5. Oborudovanie dlya proizvodstva biorazlagaemykh ehko-paketov [Ehlektron. resurs]. – 2020. – URL: https://paketodel.ru/info/articles/oborudovanie-dlya-proizvodstva-biorazlagaemykh-eko-paketov/ (data obrashcheniya: 24.08.2025). (In Russian).
6. Recent advances on chitosan-based films for sustainable food packaging applications / N. Haghighi et al // Food Packaging and Shelf Life. – 2020. – Vol. 26. – Article 100551. (In English).
7. Sergazieva O.D. Primenenie plenok na osnove zhelatina dlya sokhraneniya kachestva pishchevykh produktov / O.D. Sergazieva, N. Dolganova // Tekhnika i tekhnologiya pishchevykh proizvodstv. – 2018. – T. 48, № 1. – S. 156-163. (In Russian).
8. Sbornik retseptur muchnykh konditerskikh i bulochnykh izdelii dlya predpriyatii obshchestvennogo pitaniya: spravochnik. – Sankt-Peterburg: MTK Troitskii most, 2017. – 194 s. (In Russian).
9. EN 13432:2000. Requirements for packaging recoverable through composting and biodegradation – Test scheme and evaluation criteria for the final acceptance of packaging. – Brussels: European Committee for Standardization (CEN), 2015. – 20 p. (In English).
10. GOST R 54533-2011. Upakovka. Trebovaniya k biorazlagaemosti [Ehlektron. resurs]. – URL: https://meganorm.ru/Data2/1/4293738/4293738651.pdf (data obrashcheniya: 24.08.2025). (In Russian).
11. GOST 27844-88. Plastmassy. Metody ispytanii na biorazlagaemost' [Ehlektron. resurs]. – URL: https://allgosts.ru/67/060/gost_27844-88 (data obrashcheniya: 24.08.2025). (In Russian).
12. Tekhnicheskii reglament Tamozhennogo soyuza «O bezopasnosti upakovkI» (TR TS 005/2011) [Ehlektron. resurs]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30517012 (data obrashcheniya: 24.08.2025). (In Russian).
13. GOST ISO 14855-1-2014. Opredelenie stepeni biorazlozheniya [Ehlektron. resurs]. – URL: https://files.stroyinf.ru/Data2/1/4293734/4293734203.pdf (data obrashcheniya: 24.08.2025). (In Russian).
14. GOST R 54257-2010. Ehkologicheskie trebovaniya k upakovke [Ehlektron. resurs]. – URL: https://internet-law.ru/gosts/gost/69820/ (data obrashcheniya: 24.08.2025). (In Russian).
15. Zinc oxide enhanced the antibacterial efficacy of biodegradable PBAT/PBS nanocomposite films: Morphology and food packaging properties / K. Promhuad et al // Food Bioscience. – 2023. – Vol. 51. – Article 103077. (In English).

Қаржыландыру: *Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің қаржыландыруымен 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру аясында келесі жоба: ИРН № AP26198637*

«Разработка биоразлагаемой упаковки на основе природных полимеров и исследование её влияния на безопасность хлебобулочных изделий» шеңберінде жүзеге асырылды.

С.Е. Аман*, У.О. Тунгышбаева, А.К. Токтабаева, Р.К. Рахметуллаева, Ш.С. Аманова
Алматинский Технологический Университет,
050012, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Толе би, 100
*e-mail: erbolatovnass@mail.ru

ЦЕЛИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ: РАЗРАБОТКА БИОРАЗЛАГАЕМЫХ УПАКОВОК НА ОСНОВЕ ПРИРОДНЫХ ПОЛИМЕРОВ И ИССЛЕДОВАНИЕ ИХ ВЛИЯНИЯ НА ЭФФЕКТИВНОСТЬ ХРАНЕНИЯ ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТОВ

В статье исследуется влияние биоразлагаемой упаковки на срок хранения и пригодность пищевых продуктов. В качестве объекта исследования выбрано мучное изделие (булочка), для которого оценивалась эффективность хранения в различных видах биоразлагаемой упаковки. В качестве упаковочных материалов использованы экологически безопасные природные и полусинтетические полимеры: желатин, агар, крахмал, хитозан, натрий карбоксиметилцеллюлоза (NaKMЦ) и поливиниловый спирт (ПВС). В ходе исследования анализировались физико-химическая стабильность данных материалов, их взаимодействие с пищевой продукцией, а также устойчивость к температуре и влажности.

Работа выполнена в соответствии с Целью устойчивого развития ООН (ЦУР) № 12 «Ответственное потребление и производство», направленной на сокращение объема отходов и рациональное использование ресурсов посредством экологически безопасных решений. Проведённое исследование подтверждает как научную, так и прикладную значимость внедрения биоразлагаемой упаковки в пищевую промышленность.

Результаты показали, что эффективность хранения в биоразлагаемой упаковке не является однородной: некоторые образцы сохраняли качество продукции в течение длительного времени, в то время как другие характеризовались недостаточной структурной стабильностью. Установлено, что решающими факторами, определяющими качество упаковки, являются тип используемого полимера, его толщина и влаго и газопроницаемость.

Ключевые слова: *биоразлагаемая упаковка, булочка, эффективность хранения, пищевая безопасность, соответствие упаковки, экологическая упаковка, условия хранения, полиэтиленовая упаковка.*

S.E. Aman*, U.O. Tungyshbayeva, A.K. Toktabayeva, R.K. Rakhmetullayeva, Sh.S. Amanova
Almaty Technological University
050012, Republic of Kazakhstan, Almaty, Tole bi 100
*e-mail: erbolatovnass@mail.ru

SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS: DEVELOPMENT OF BIODEGRADABLE PACKAGING BASED ON NATURAL POLYMERS AND INVESTIGATION OF THEIR IMPACT ON THE STORAGE EFFICIENCY OF FOOD PRODUCTS

This article investigates the influence of biodegradable packaging on the shelf life and suitability of food products. A bun was chosen as the research object, and its preservation efficiency in various types of biodegradable packaging was evaluated. As packaging materials, environmentally safe natural and semi-synthetic polymers were used: gelatin, agar, starch, chitosan, sodium carboxymethylcellulose (NaCMC), and polyvinyl alcohol (PVA). During the study, the physicochemical stability of these materials, their ability to interact with food products, and their resistance to temperature and humidity were analysed.

The research was conducted in accordance with the United Nations Sustainable Development Goal (SDG) 12 – «Responsible Consumption and Production», which focuses on reducing waste and promoting efficient use of resources through environmentally safe solutions. This study substantiates the scientific and practical importance of introducing biodegradable packaging into the food industry.

The results demonstrated that the storage efficiency of biodegradable materials is not uniform. Some samples maintained product quality for a longer period, while others showed insufficient structural stability. Furthermore, it was confirmed that the decisive factors affecting packaging performance are the type of polymer, its thickness, and moisture permeability.

Key words: *biodegradable packaging, bun, storage efficiency, food safety, packaging compliance, ecological packaging, storage conditions, polyethylene packaging.*

Авторлар туралы мәліметтер

Сағыныш Ерболатқызы Аман* – «Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі» кафедрасының докторанты, «Алматы технологиялық университеті» АҚ, Алматы қ., Казақстан; e-mail: erbolatovnass@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0009-0000-5160-5200.

Улбала Облбековна Тунгышбаева – PhD, «Тағам өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі» кафедрасының қауым. проф., Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Казақстан; e-mail: ulbala_84@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6290-0528.

Асель Кыргызбаевна Токтабаева – х.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технологиясы кафедрасының доценті, Алматы, Қазақстан; e-mail: Asel.Toktabayeva@gmail.com. ORCID: http://orcid.org/0000-0002-1313- 8696.

Райхан Кулымбетовна Рахметуллаева – х.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технологиясы кафедрасының доценті, Алматы, Қазақстан; e-mail: Raikhan.rakhmetullayeva@gmail.com. ORCID: http://orcid.org/0000-0003-1002-2046.

Шолпан Сапаровна Аманова – PhD, «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі және сапасы» кафедрасының ассистент-профессоры, «Алматы технологиялық университеті» АҚ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: amanova_sh@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5560-5144.

Сведения об авторах

Сагыныш Ерболаткызы Аман* – докторант кафедры «Качество и безопасность пищевых продуктов», АО «Алматинский технологический университет», г. Алматы, Казахстан; e-mail: erbolatovnass@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0009-0000-5160-5200.

Улбала Облбековна Тунгышбаева – PhD, ассоц. проф. кафедры «Безопасность и качество пищевых продуктов», АО «Алматинский технологический университет», г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: ulbala_84@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6290- 0528.

Асель Кыргызбаевна Токтабаева – к.х.н., КазНУ им. аль-Фараби, доцент кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров, Алматы, Казахтан; e-mail: Asel.Toktabayeva@gmail.com. ORCID: http://orcid.org/0000-0002-1313- 8696.

Райхан Кулымбетовна Рахметуллаева – к.х.н., КазНУ им. аль-Фараби, доцент кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров, Алматы, Казахтан; e-mail: Raikhan.rakhmetullayeva@gmail.com. ORCID: http://orcid.org/0000-0003-1002-2046.

Шолпан Сапаровна Аманова – PhD, ассистент-профессор кафедры «Безопасность и качество пищевых продуктов», АО «Алматинский технологический университет», г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: amanova_sh@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5560-5144.

Information about the authors

Sagynysh Erbolatkyzy Aman* – PhD student at the Department of «Food Product Quality and Safety», JSC «Almaty Technological University», Almaty, Kazakhstan; e-mail: erbolatovnass@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0009-0000-5160-5200.

Ulbala Oblbekovna Tungyshbaeva – PhD, Associate Professor, Department of «Food safety and quality», JSC «Almaty Technological University», Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: ulbala_84@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6290-0528.

Assel Kyrgyzbayevna Toktabayeva – Ph.D, Associate Professor, Department of Chemistry and Technology of Organic Substances, Natural Compounds and Polymers, Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: Asel.Toktabayeva@gmail.com. ORCID: http://orcid.org/0000-0002-1313- 8696.

Raykhan Kulymbetovna Rakhmetullayeva – Ph.D., Associate Professor, Department of Chemistry and Technology of Organic Substances, Natural Compounds and Polymers, Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: Raikhan.rakhmetullayeva@gmail.com. ORCID: http://orcid.org/0000-0003-1002-2046.

Sholpan Saparovna Amanova – PhD, Assistant Professor, Department of Food Safety and Quality, Almaty Technological University JSC, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: amanova_sh@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5560-5144.

Редакцияға енуі 17.09.2025
Өңдеуден кейін түсуі 21.10.2025
Жариялауға қабылданды 24.10.2025

https://doi.org/10.53360/2788-7995-2025-4(20)-43

CC BY 4.0
Check for updates

ҒТАХР: 65.59.03

М.М. Джумажанова*, А.К. Какимов, А.М. Муратбаев, Э.К. Окусханова, А.А. Даутова
[1]Шәкәрім университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинки к-сі, 20 А
*e-mail: madina.omarova.89@mail.ru

БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ҚАРҚЫНДАТУ ҮШІН ЖӘНЕ ҚҰС ЕТІНЕН ЖАСАЛҒАН ШИКІДЕЙ ҚАҚТАЛҒАН ӨНІМДЕРДІҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ ҮШІН ИНГРЕДИЕНТТЕРДІ ТАҢДАУДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕУ

Аңдатпа: *Бұл мақалада құс етінен дайындалатын шикілей қақталған өнімдердің сапасын арттыру және биотехнологиялық процестерді қарқындату мақсатында ингредиенттерді талдау мен таңдаудың ғылыми негіздемесі қарастырылды. Қазіргі таңда тамақ өнеркәсібінде тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары, органолептикалық көрсеткіштері жақсы жаңа өнім түрлерін өндіру өзекті мәселе болып табылады. Зерттеу барысында пробиотикалық культуралар мен фитошикізат негізіндегі сулы-спирт тұнбаларын пайдалану арқылы биотехнологиялық, биохимиялық және микробиологиялық процестерді басқару мүмкіндігі қарастырылды.*

Фитоэкстрактілерді іріктеу кезінде олардың физиологиялық құндылығы ғана емес, сонымен қатар құс етімен органолептикалық үйлесімділігі мен пробиотикалық культуралармен сәйкестігі ескерілді. Эксперименттік зерттеулер нәтижесінде 0,4% концентрациядағы итмұрын тұнбасы пробиотикалық штаммдардың өсуіне әртүрлі әсер ететіні анықталды: L. Plantarum өсімінің төмендеуі байқалса, L. Casei тұрақты даму қабілетін көрсетті. Сонымен бірге сүтқышқылды бактериялар мен бифидобактерияларды 1:2 арақатынасында қолдану олардың өзара сандық тепе-теңдігін қамтамасыз ететіні және протеолитикалық белсенділігін оңтайландыруға ықпал ететіні дәлелденді.

Жүргізілген зерттеулер құс етінен дайындалатын шикілей қақталған өнімдерді өндіру технологиясында пробиотикалық культуралар мен фитопрепараттардың кешенді түрде қолданылуы өнім сапасын жақсартуға, жетілу кезеңдерін жеделдетуге және технологиялық процестердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін көрсетті.

Түйін сөздер: *пробиотикалық культуралар, бифидобактериялар, сүтқышқылды бактериялар, фитоэкстрактілер, шикілей қақталған құс еті өнімдері, биотехнологиялық процесс, протеолитикалық белсенділік.*

Кіріспе

Қазіргі уақытта тамақ өнеркәсібі үшін жоғары сапалы, жоғары тағамдық және биологиялық құндылығымен, сондай-ақ тартымды тауарлық түрімен ерекшеленетін жаңа өнім түрлерін өндіруді ұйымдастыру ерекше өзекті болып табылады. Сонымен қатар, өнімнің түбегейлі жаңа түрлерін шығаруды игеру мақсатында сала кәсіпорындарын қайта құру маңызды міндет болып табылады. Бұл мәселені шешуде құс өңдеу саласының ресурстарын тиімді және мақсатты пайдалануға бағытталған әзірлемелер маңызды рөл атқарады [1, 2].

Бұл мәселені шешудің объективті алғышарттары құс шаруашылығы мен құс өңдеу өнеркәсібінің қарқынды дамуы болып табылады. Сонымен қатар, өндірістің экономикалық тиімділігі мен рентабельділігі құстың жоғары өнімділігімен, тез жетілгіштігімен, сондай-ақ ауа-райы жағдайларына тәуелділігінің төмендігімен қамтамасыз етіледі.

Шикідей қақталған өнімнің қажетті тұтынушылық және технологиялық сипаттамаларына қол жеткізу үшін – дәмі, хош иісі, түсі мен консистенциясы, сондай – ақ жетілу процестерінің тұрақты жүруін қамтамасыз ету үшін-қазіргі уақытта пробиотикалық культуралардың құрамына кіретін әртүрлі микроорганизмдер кеңінен қолданылады.

Сулы – спирт тұнбаларының жекелеген түрлерін пайдалану, сондай-ақ пробиотикалық культураларды қолдану биохимиялық, физика-химиялық және микробиологиялық процестерді өзгерте алады, осылайша шикідей қақталған дайын өнімінің сапасына айтарлықтай әсер етеді. Пробиотикалық культураларды және шөптер негізіндегі фитоэкстрактілерді пайдалана отырып, құс етінен жасалған шикідей қақталған тұтас бұлшықет өнімдерінің биотехнологиясын әзірлеу үшін биотехнологияда пайдалануға жоспарланған

ингредиенттердің сапалық сипаттамаларын, сондай-ақ зерттелетін өнімнің құрамын, қасиеттерін, тағамдық және биологиялық құндылығын кешенді зерттеу жүргізу қажет.

Шикідей қақталған өнімдерді өндіру технологиясында спиртті тұнбаларын қолданудың бұрын алынған оң нәтижелерін, сондай-ақ осы өңірде өсетін өсімдік шикізатының қолжетімділігін ескере отырып, жергілікті дәрілік шөптер негізіндегі фитопрепараттарға артықшылық берілді.

Зерттеу шарттары мен әдістері

Зерттеу нысандарының (құс көкірек еті бұлшықеттері, пробиотикалық культуралар, өсімдік тұнбалары), модельдік жүйелер мен дайын өнімдердің сапалық сипаттамаларын, сондай-ақ олардың физика-химиялық және биологиялық факторлардың әсерінен өзгеру сипатын зерттеу әдістер кешені арқылы жүргізілді. Атап айтқанда, эксперимент жүргізу барысында жалпы қабылданған стандартты зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Сулы-спирт тұнбаларын іріктеу кезең-кезеңмен жүргізілді. Бірінші кезеңде дегустация нәтижелері бойынша (кесте 1) құс етінің дәмдік және иістік қасиеттерімен үйлесімді келетін, айқын дәрілік реңктері, жағымсыз дәмі, артық өткірлігі немесе тұтқырлығы жоқ үлгілер іріктелді. Оларға итмұрын, гүлшетен (розмарин), марал тамыры (левзея сафлоровидная), жебіршөп (чабрец) және қызыл эхинацеядан алынған тұнбалар жатқызылды [3, 4].

Кесте 1 – Фитоэкстракттардың органолептикалық бағалау нәтижелері

Спирт тұнбалары	Қолданылатын препараттың дозасы, %	Көрсеткіш			Жалпы бағалау
		түсі	иісі	дәмі	
Гүлшетен (розмарин)	0,1	8	8,5	8,4	8,3
	0,2	8,3	8,5	8,7	8,5
	0,3	8,1	8,3	8,8	8,4
	0,4	8,2	8,5	9,1	8,6
Итмұрын (шиповник)	0,1	9	8,7	8,8	8,8
	0,2	8,7	8,9	9	8,9
	0,3	8,5	8,6	8,4	8,5
	0,4	8,3	8,2	8,7	8,4
Қызғылт родиола (родиола розовая)	0,1	8,5	7,8	8,2	8,2
	0,2	8,5	7,5	7,6	7,8
	0,3	8,4	7,6	7,6	7,8
	0,4	8,3	7,8	7,4	7,8
Марал тамыры (левзея сафлоровидная)	0.1	7,1	7,5	6,9	7,2
	0,2	7,5	7,4	7	7,3
	0,3	8,2	7,3	7,2	7,5
	0,4	7,9	7,2	7	7,3
Жебіршөп (чабрец)	0.1	8,5	5,2	5,7	6,4
	0,2	8,9	5,3	5,8	6,6
	0,3	8,7	5,7	5,8	6,7
	0,4	8,7	5,4	5,6	6,5
Эхинацея	0.1	8,1	7,8	8,2	8
	0,2	8,3	8,3	8,3	8,3
	0,3	7,1	7,5	7,5	7,3
	0,4	7,5	7,6	7,1	7,4

Сондықтан тұнбаларды іріктеу барысында олардың физиологиялық құндылығын ғана емес, сондай-ақ құс етімен органолептикалық үйлесімділігін ескеру маңызды. Сонымен қатар пробиотиктермен үйлесімділігін де назарға алған жөн.

Пробиотикалық культуралар мен фитоэкстрактілер кешенін қолдана отырып, шикідей қақталған ет өнімдерін өндірудің биотехнологиясын әзірлеуге байланысты міндеттерді ескере отырып, сүтқышқылды микроорганизмдерінің жекелеген штамдарына сулы-спирт тұнбаларының (құрамында этил спирті бар) әсер ету дәрежесін бағалауды жүргізу негізделген болып табылады. Модельдік эксперименттердің нәтижелері ет шикізатына шикізат массасының 0,4% – на дейін фитоэкстрактілерді қосу инъекцияланған құс етінің органолептикалық қасиеттерін айтарлықтай жақсартуға ықпал ететінін көрсетті. Осыған байланысты, микробиологиялық зерттеулер кезінде пробиотикалық культураларды культивирлеу үшін қоректік ортаға айқын сенсорлық әсерді қамтамасыз ететін шекті рұқсат етілген доза ретінде «итмұрын» тұнбасы негізінде 0,4% фитоэкстракт концентрациясы енгізілді.

Шикідей қақталған және шикі ет өнімдерінің сапалық көрсеткіштерін қалыптастырудағы пробиотикалық культуралардың негізгі рөлін, сондай-ақ сулы-спирт фитоэкстрактілерінің пробиотикалық культураларғаға әсері туралы ақпараттың шектеулілігін ескере отырып, 0,4% концентрациясында «итмұрын» тұнбасын қосу кезінде пробиотикалық культуралардың негізгі штаммдарының өсу ерекшеліктерін анықтауға бағытталған зерттеулер жүргізілді.

Кесте 2 – «Итмұрын» тұнбасының пробиотикалық культураларға өсуі мен дамуына әсері

Сүтқышқылды микроорганизмдер	Бақылау				«Итмұрын» тұнбасы			
	Инкубирлеу уақыты, тәулік							
	0	1	2	3	0	1	2	3
L. Casei	$5,4\times10^6$	$1,2\times10^7$	$5,7\times10^7$	$1,5\times10^8$	$5,7\times10^6$	$2,0\times10^7$	$2,7\times10^7$	$3,5\times10^7$
L. Plantarum	$4,4\times10^6$	$7,2\times10^6$	$1,0\times10^7$	$1,8\times10^7$	$4,8\times10^6$	$4,0\times10^6$	$3,7\times10^6$	$3,2\times10^6$

Сүтқышқылды микроорганизмдерінің жасушаларының болуын және сандық құрамын анықтау үшін пробиотиктің 5% сүтке инокуляцияланды, содан кейін жартылай сұйық қоректік ортада шекті сұйылту әдісімен анықтау, содан кейін термостаттау жүргізілді. 2 кестедегі мәліметтерден көріп отырғанымыздай, 0,4% фитоэкстрактінің қоректік ортаға қосылуы штаммдарға әртүрлі әсер етті: L. Plantarum өсу тиімділігінің төмендеуін тіркеді, ал L. Casei дамуы инкубациялық кезеңде тұрақты болып қалды.

Шикідей қақталған ет өнімдерінің технологиясында пробиотикалық культураларды қолдану өзара байланысты коллоидты-химиялық, биохимиялық және ферментативті-биологиялық процестерді реттеп қана қоймайды, сонымен қатар соңғы өнімнің сапалық сипаттамаларын арттыруға көмектеседі. Ет және ет өнімдері бактериологиялық культуралардың өсуіне қолайлы орта болып табылғанымен, шикідей қақталған өнімдерді (ас тұзы, натрий нитриті және басқалары) өндіру кезінде енгізілген немесе өндірілген мұндай компоненттер микроорганизмдердің тіршілік әрекетін тежеуге қабілетті.

Пробиотикалық культуралардың штамдарын іріктеу кезінде шикідей қақталған ет өнімдерінің технологиясында қолдану үшін олардың натрий нитритінің, тұздың, pH мен судың төмен мәндерінің әсеріне төзімділігі негізгі критерийлер ретінде ескерілді. Сонымен қатар, шикідей қақталған өнімдерді өндіру процесінде пробиотикалық культуралардың өсуі мен дамуына бәсекелес микрофлора, атап айтқанда өнімнің жетілуінің алғашқы кезеңдерінде басым болатын грам-теріс микроорганизмдер айтарлықтай әсер етеді.

Көп штаммды пробиотикалық культуралар қоршаған ортаның қолайсыз факторларына жоғары төзімділігімен сипатталады және монокультуралар негізінде алынған пробиотиктермен салыстырғанда метаболитикалық белсенділігі анағұрлым жоғары болады. Сонымен қатар поликомпонентті пробиотикалық культуралар құрамына кіретін штаммдардың биологиялық үйлесімділігі ерекше маңызға ие.

Отандық және шетелдік өндірістің кең ауқымды стартерлік культураларын талдау нәтижесінде пробиотикалық культураларды қолдану туралы шешім қабылданды. Әзірленген композиция шикілей қақталған және шикілей кептірілген шұжықтарды өндіру технологиясында қолдануға бағытталған, бұл бір мезгілде тұздау мен кептіру сияқты технологиялық кезеңдердің ұзақтығын қысқартумен қатар, жоғары сапалы өнім алуды қамтамасыз етеді

Әдеби деректерді талдауда бифидобактериялардың айқын тотықсыздандыру қабілетіне және патогенді микрофлораға қатысты антагонистік белсенділікке ие екенін көрсетеді. Бұл микроорганизмдер анаэробты жағдайларда дамып, сүт қышқылын және ұшпа май қышқылдарын түзеді, сондай-ақ дәрумендерді синтездейді. Аталып өткен қасиеттер жиынтығы бифидобактерияларды шикілей қақталған ет өнімдерін өндіру технологиясында қолданудың жоғары болашағын айқындайды.

Құс етінен дайындалатын шикілей қақталған өнімдерді өндіру биотехнологиясында қолданылатын стартерлік культуралардың ықтимал нұсқаларының бірі ретінде сүтқышқылды бактериялар мен бифидобактерияларды қамтитын комбинирленген пробиотикалық культуралар қарастырылды.

Стартерлік культураларды таңдау барысында олардың құрамына кіретін микроорганизмдердің симбиотикалық өзара қатынаста болуы принципті түрде маңызды. Бифидобактерияларды сүтқышқылды бактериялармен бірге культивирлеу, әдетте, олардың арасында антагонистік әсермен жүрмейді [5, 6].

Культуралардың оңтайлы арақатынасын таңдау мақсатында стерильденген сүтте активтендірілген әртүрлі композициялар құрылып, олардың қышқылтүзу белсенділік деңгейі мен протеолитикалық белсенділік дәрежесін қоса алғанда, қасиеттері зерттелді (кесте 3).

Кесте 3 – Сүтқышқылды культуралар мен бифидобактериялардың арақатынасын оңтайландыру

Культуралар комбинациялары (сүтқышқылды бактериялар / бифидобактериялар)	Қышқылдылығы		1 см³ жасушалар саны, КТБ		Белсенділік, сағ
	^{0}Т	pH	Лактобактерия	Бифидобактерия	
1:1	58,50	4,92	10^7	10^8	16
2:1	62,10	4,85	10^8	10^7	17
3:1	67,54	4,89	10^8	18^8	17
1:2	59,22	4,94	10^8	10^9	18
1:3	58,16	4,97	10^7	10^9	18

3 кесте мәліметтеріне сәйкес зерттелген параметрлер бойынша ең жақсы көрсеткіштер сүтқышқылды бактериялар мен бифидобактериялардың 1:2 арақатынасында қамтитын культуралар комбинацияларынан байқалды. Сүтқышқылды бактериялардың үлесі азайған кезде бифидобактериялардың өміршең жасушаларының саны артатыны анықталды, бұл ашытқы композициясындағы қарастырылып отырған микроорганизм түрлерінің арасында сандық тепе-теңдіктің орнауына ықпал етеді. Кейіннен, биотехнологиялық режимдердің модельдік өзгерістері жағдайында культуралардың протеолитикалық белсенділігін зерттеу барысында сүтқышқылды бактериялар мен бифидобактерияларды 1:2 арақатынасында қамтитын комбинирленген культуралар қолданылды.

Пробиотикалық культуралардың биокатализатор ретінде негізгі қасиеттерінің бірі – олардың протеолитикалық белсенділігі, өйткені ақуыздық молекулалардың гидролизі үдерістері мен әртүрлі молекулалық массадағы ыдырау өнімдерінің жиналуы ет шикізатының құрылымдық-механикалық және функционалды-технологиялық сипаттамаларын қалыптастыруда, сондай-ақ дайын өнімнің тұтынушылық қасиеттерін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Жүргізілген зерттеу шеңберінде зерттелетін пробиотикалық культуралар кешенінің протеолитикалық белсенділігіне баға берілді, оған бұл көрсеткішті микроорганизмдердің белсенді өсу фазасында да, сондай-ақ олардың кейінгі әртүрлі модельдік жүйелердегі әсер ету үдерісінде де анықтау енгізілді.

Осыған байланысты пробиотикалық культураларды ғылыми тұрғыдан дұрыс таңдау үшін әртүрлі композициялық құрам нұсқалары (сүтқышқылды бактериялар; сүтқышқылды бактериялар мен бифидобактериялардың үйлесімі) қалыптастырылды. Оларға қатысты протеолитикалық қасиеттер, атап айтқанда протеолитикалық белсенділік, pH деңгейі, ас тұзының жоғары концентрациясы және төмен температуралық жағдайлар сияқты факторларды өзгерте отырып зерттелді.


Сүтқышқылды бактериялардың, бифидобактериялардың, сондай-ақ олардың комбинациясының протеолитикалық белсенділігі ақуыздың ыдырау өнімдерінің мөлшері бойынша, атап айтқанда қоректік орта ретінде қолданылған (t 121 ± 2 °С, 10-15 мин) стерильденген майсыздандырылған сүт ақуыздарының гидролизі нәтижесінде жиналған аминді азоттың мөлшері бойынша бағаланды. Инокулят ретінде сүтқышқылды бактериялар мен бифидобактериялар сүт массасының 5% мөлшерінде, сондай-ақ олардың 1:2 қатынасындағы комбинирленген культурасы сол көлемде қолданылды. Белсендіру аяқталған соң ұйындының титрленетін қышқылдығы мынадай болды: сүтқышқылды бактериялар үшін – 67 ± 2 °Т, бифидобактериялар үшін – 64 ± 2 °Т, комбинирленген культура үшін – 66 ± 2 °Т. Белсенді қышқылдық көрсеткіштері тиісінше 5,05 ± 0,2; 5,09 ± 0,3; 5,02 ± 0,2 болды. Ферментация басталғаннан кейін 6 сағаттан соң сынамалар алынып, аминді азоттың мөлшері анықталды. Аталған көрсеткіштің эксперименттік анықтау нәтижелері 4 кестеде келтірілген. Алынған мәліметтерді талдау микроорганизмдердің өсуі мен дамуы барысында аминді азот мөлшерінің үзіліссіз артуын көрсетеді, сонымен қатар сүтқышқылды бактериялар мен бифидобактерияларды қамтитын пробиотикалық культура кешенінде ферментативтік белсенділіктің анағұрлым жоғары болуына айқын бейімділік байқалады (кесте 4).

Кесте 4 – Пробиотикалық культураларды белсендіру үдерісінде аминді азот мөлшерінің өзгеруі

Ұйыту уақыты, сағ	Сүтқышқылды бактериялар		Бифидобактериялар		Сүтқышқылды бактериялар + бифидобактериялар	
	%	бастапқыға шаққанда, %	%	бастапқыға шаққанда, %	%	бастапқыға шаққанда, %
6	0,056	100	0,055	100	0,059	100
8	0,069	121,4	0,064	122,2	0,074	132,7
10	0,082	145,2	0,077	145,9	0,089	157,4
12	0,097	170,7	0,087	167,8	0,107	181,8
14	0,107	192,2	0,094	176,5	0,114	197,2

Сонымен қатар аминді азот көрсеткішінің абсолюттік мәндері барлық зерттелген нұсқаларда аз молекулалы азотты қосылыстардың жиналу қарқындылығы шамалас деңгейде екенін көрсетеді, ал олардың арасындағы байқалған айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан маңызды емес. Бұл зерттеуде қолданылған пробиотикалық культуралардың сүттегі ақуыздық компоненттерді тиімді ыдыратып, оларды азот көзі ретінде пайдалана алатынын және соның нәтижесінде айқын протеолитикалық белсенділік танытатынын дәлелдейді.

Белсендірілген пробиотикалық культуралар кейіннен модельдік жүйелерде субстраттар мен ферменттердің өзара әрекеттесуін зерттеу үшін ферменттік кешендердің көздері ретінде қолданылды. Зерттеудің бастапқы кезеңінде қойылған міндет – ферменттік кешендердің протеолитикалық белсенділігінің орта pH деңгейіне тәуелділігін анықтау болды. Осы мақсатта pH мәндері 3-тен 7-ге дейінгі аралықта буферлік ерітінділер арқылы ерекшеленетін бірқатар модельдік жүйелер дайындалды. Модельдік жүйелер 36 ± 1 °C температурада бір сағат бойы инкубацияланды. Алынған эксперименттік мәліметтерге сәйкес, натрий казеинаты субстраты бар жүйеде (1 сурет) зерттелген pH ауқымының барлық бөлігінде комбинирленген культура негізіндегі ферменттік кешеннің протеолитикалық белсенділігінің абсолюттік мәндері сүтқышқылды бактериялар мен бифидобактерия концентраты негізінде алынған жеке кешендердің сәйкес көрсеткіштерінен асып түсті.




Сурет 1 – Пробиотикалық культуралардың ферменттік кешендерінің протеолитикалық белсенділігіне pH деңгейінің әсері

Алынған эксперименттік мәліметтерді талдау барлық зерттелген культуралардың протеолитикалық ферменттері натрий казеинатына қатысты ең жоғары белсенділікті pH-тың бейтарап және оған жақын аймағында көрсететінін анықтауға мүмкіндік береді. Комбинирленген культура негізіндегі ферменттік кешен үшін белсенділіктің ең жоғарғы мәндері pH 4,5-6,5 аралығында тіркелген, бұл ет шикізатына тән pH көрсеткіштеріне сәйкес келеді. Сүтқышқылды бактериялар үшін ең жоғары белсенділік pH 5,5 деңгейінде байқалса, бифидобактериялар үшін протеолитикалық белсенділіктің шыңы pH 7,0 кезінде жетеді. Алынған нәтижелер таза культуралардың белгілі физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келеді және бифидобактериялардың протеиназ белсенділігінің аймағы pH 5,0-9,5 аралығында орналасатынын көрсететін әдеби деректермен үйлеседі [7, 8].

Дегенмен, бифидобактериялардың таза культураларындағы протеолитикалық белсенділіктің pH-оптимумының белгіленген мәндері оларды құс етінен жасалған шикідей қақталған өнімдер өндірісінде стартерлік культураның жалғыз компоненті ретінде қолданудың

шектеулі мақсатқа сай екенін көрсетеді. Сонымен қатар, бифидобактериялармен үйлескен сүтқышқылды бактерияларды қолдану pH 5,0-6,0 аралығында сүтқышқылды микроорганизмдердің ферменттік жүйелерінің протеолитикалық белсенділігін арттыруға ықпал етеді, бұл ет өнімдерінің пісіп-жетілу үдерісіндегі биохимиялық түрленулер үшін оңтайлы жағдайларға сәйкес келеді [9, 10].

Шикідей қақталған өнімдердің пісіп-жетілу кезеңінде жүретін ферменттік үдерістердің жылдамдығы мен қарқындылығына әсер ететін маңызды фактордың бірі – дәстүрлі түрде шикізат пен дайын өнімнің қажетті сипаттамаларын қалыптастыруда, сондай-ақ консервілеуші компонент ретінде қолданылатын ас тұзының болуы мен оның концентрациясы. Пробиотикалық культураларды шикідей қақталған өнімдер өндірісінде тұтас бұлшықет текті шикізатқа енгізу тұздықпен шприцтеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, мұнда тұздықтың концентрациясы 5-15 % аралығында болады, ал шприцтеуден кейін шикізаттағы ас тұзының мөлшері орта есеппен 1,2-2 % құрайды. Осыған байланысты пробиотикалық культуралардың протеолитикалық белсенділігіне ас тұзының әсерін бағалауда оның концентрациясы модельдік жүйелерде 1-ден 2,5 %-ға дейінгі аралықта өзгертілді. Зерттеулер сүтқышқылды бактериялар және олардың бифидобактериялармен комбинациясы негізінде жасалған, pH 5,5 деңгейінде (протеолитикалық үдерістер үшін оңтайлы мәнге сәйкес келетін) натрий казеинатын қамтитын модельдік жүйелерді қолдану арқылы жүргізілді. Эксперимент нәтижелері 2 суретте келтірілген.




Сурет 2 – Пробиотикалық культуралардың протеолитикалық белсенділігі ортадағы ас тұзы мөлшеріне тәуелділігі

Алынған эксперименттік мәліметтерге сәйкес, ас тұзы пробиотикалық культуралардың протеолитикалық белсенділігіне айтарлықтай әсер етеді. Мәселен, натрий казеинаты бар модельдік жүйеге 2% тұз қосылғанда сүтқышқылды бактериялар өндіретін ферменттердің протеолитикалық белсенділігі 6%-ға, ал бифидобактериялармен кешенде қолданылғанда 8%-ға төмендегені байқалды. Құс етінен жасалған шикідей қақталған өнімдер технологиясын әзірлеу барысында тұздың оңтайлы концентрациясы ретінде 1,2% мәнін қарастыруға болады, себебі бұл жағдайда пробиотикалық культуралардың белсенділігінің төмендеуі бар болғаны 1-2%-ды құрайды. Атап өту керек, стартерлік культуралардың протеолитикалық белсенділігін бағалау бойынша жоғарыда келтірілген мәліметтер бифидобактериялардың тіршілік әрекеті үшін оңтайлы болып саналатын 37 °C температурада алынған. Алайда шикідей қақталған ет өнімдерін өндірудің технологиялық процесінде шикізатқа температуралық әсер ету 4-тен 25 °C аралығында өзгеретіндіктен, пробиотикалық культуралардың белсенділігінің температураға тәуелділігін зерттеу қажеттілігі туындайды.


Фермент-субстрат кешенін инкубациялау ұзақтығы шикідей қақталған ет өнімдері технологиясында шприцтеу, массаждау, сондай-ақ ет шикізатының пісіп-жетілудің бастапқы сатыларына тән 4-15°C температуралық жағдайда 24 сағатқа дейін созылды. Ет шикізатының pH мәні 6,1-ден (құс төс филесіне тән) болжамды 5,0-5,5 деңгейіне дейін төмендейтінін ескере отырып, пробиотикалық культуралардың протеолитикалық белсенділігі температура мен орта pH көрсеткіштерінің өзгеруін ескере отырып бағаланды (3 және 4-суреттер).

Эксперименттік нәтижелерге сәйкес, модельдік жүйелерді 16°C температурада инкубациялау кезінде протеолитикалық белсенділіктің ең аз төмендеуі тіркелді. Атап айтқанда, 4°C температурада және бейтарап протеиназдарға тән pH деңгейінде сүтқышқылды бактерияларды қолданғанда белсенділік 39,3%-ға, ал сүтқышқылды культуралар мен бифидобактериялар кешенін пайдаланғанда 34,6%-ға төмендегені байқалды, бұл ең жоғары

физиологиялық белсенділікті қамтамасыз ететін температура жағдайында тіркелген көрсеткіштермен салыстырғанда. 16°С температурада белсенділіктің төмендеуі тиісінше 21,4% және 23%-ды құрады.



Сурет 3 – Сүтқышқылды бактериялардың протеолитикалық белсенділігінің температураға тәуелділігі



Сурет 4 – Сүтқышқылды культуралар мен бифидобактериялардың комбинирленген кешенінің протеолитикалық белсенділігінің температураға тәуелділігі

Жүргізілген эксперимент нәтижелері сүтқышқылды бактерияларды, сондай-ақ сүтқышқылды бактериялар мен бифидобактерияларды қамтитын кешенді пробиотикалық культураны төменгі оң температура жағдайларында ет шикізатына ферменттік өңдеу жүргізу үшін қолданудың мақсатқа сай екендігін көрсетеді.

Алынған нәтижелердің елеулі практикалық маңызы бар. Шприцтеуге арналған тұздықтарды дайындау барысында пробиотикалық культураларды алдын-ала 30-35°С температурада белсендіруден кейін, соңғы кезеңде енгізіп, тұздықты бірден шприцтеу сатысына жіберу ұсынылады. Тұздықтың ет шикізаты ішінде қайта бөлінуі нәтижесінде ас тұзының концентрациясы бастапқы ерітіндідегі мөлшеріне қарағанда айтарлықтай төмендейді, бұл пробиотикалық культуралардың протеиназаларының белсенділігіне тежегіш әсерді барынша азайтады.

Қорытынды

Алынған эксперименттік деректер негізінде өсімдік тұнбалары мен пробиотикалық культуралардың түрлері ғылыми тұрғыдан негізделіп таңдалды, сондай-ақ олардың бірлесіп қолданылуындағы оңтайлы мөлшерлері айқындалды. Мұндай тәсіл шикідей қақталған өнімдердің органолептикалық сипаттамаларын жақсартуға, технологиялық үдерістің тиімділігін арттыруға және дайын өнімнің санитарлық-гигиеналық қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуға бағытталған. Алынған нәтижелер құс етінен дайындалатын тұтас бұлшықетті шикідей қақталған өнімдерді өндірудің жаңа биотехнологиясын әзірлеу үшін ғылыми және практикалық негіз болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Ahmad N. Rose hip (Rosa canina L.) oils. In: Essential oils in food preservation, flavor and safety / N. Ahmad F. Anwar // Academic Press. – 2016. – P. 667-675.
2. Polyphenols, vitamin C and antioxidant activity in wines from Rosa canina L. and Rosa rugosa Thunb / A. Czyzowska et al // Journal of Food Composition and Analysis. – 2015. – № 39. – P. 62-68.
3. (Rosmarinus officinalis L., syn Salvia rosmarinus Spenn.) and Its Topical Applications: A Review / L.M. de Macedo et al // Plants. – 2020. – № 9. – P. 651. https://doi.org/10.3390/plants9050651.
4. Antioxidant effect of various rosemary (Rosmarinus officinalis L.) clones. Acta Biol / É. Stefanovits-Bányai et al // Szeged. – 2003. – № 47. – P. 111-113.

5. Гигиенические требования безопасности и пищевой ценности пищевых продуктов. СанПиН 2.3.2.1078-01. – М.: ФГУП«ИнтерСЭН», 2002. – 168 с.
6. Hosono A. Inhibitory effect of lactic acid bacteria from fermented milk on the mutagenicities of volatile nitrosamines, Agric / A. Hosono, R. Wardojo, H. Otani // Bioi. Chem. – 1990. – № 54. – P. 1639-1643.
7. Красникова, Л.В. Бифидобактерии и использование их в молочной промышленности: обзорная информация / Л.В. Красникова, И.В. Салахова, В.И. Щаробайко. – М.: АгроНИИТЭИММП, 1991. – 32 с.
8. Гудков А.В. Бифидобактерии: биология, роль в жизнедеятельности человека и животных. Производство бифидосодержащих продуктов / А.В. Гудков, С.А. Гудков, М.Я. Козловская. – Углич, 1999. – 64 с.
9. Ганина, В.И. Пробиотики. Назначение, свойства и основы биотехнологии: монография / В.И. Ганина. – М.: МГУПБ, 2001. – 169 с.
10. Slade L. Beyond water activity: recent advances based on an alternative approach to the assessment of food quality and safety / L. Slade, H. Levine // Critical Reviews in Food Science and Nutrition. – 1991. – № 30. – P. 115-360. https://doi.org/10.1080/10408399109527543.

References

1. Ahmad N. Rose hip (Rosa canina L.) oils. In: Essential oils in food preservation, flavor and safety / N. Ahmad, F. Anwar // Academic Press. – 2016. – R. 667-675. (In English).
2. Polyphenols, vitamin C and antioxidant activity in wines from Rosa canina L. and Rosa rugosa Thunb / A. Czyzowska et al // Journal of Food Composition and Analysis. – 2015. – № 39. – R. 62-68. (In English).
3. (Rosmarinus officinalis L., syn Salvia rosmarinus Spenn.) and Its Topical Applications: A Review / L.M. de Macedo et al // Plants. – 2020. – № 9. – R. 651. https://doi.org/10.3390/plants9050651. (In English).
4. Antioxidant effect of various rosemary (Rosmarinus officinalis L.) clones. Acta Biol / É. Stefanovits-Bányai et al // Szeged. – 2003. – № 47. – R. 111-113. (In English).
5. Gigienicheskie trebovaniya bezopasnosti i pishchevoi tsennosti pishchevykh produktov. SaNPIN 2.3.2.1078-01. – M.: FGUP«InteRSEHN», 2002. – 168 s. (In Russian).
6. Hosono A. Inhibitory effect of lactic acid bacteria from fermented milk on the mutagenicities of volatile nitrosamines, Agric / A. Hosono, R. Wardojo, H. Otani // Bioi. Chem. – 1990. – № 54. – P. 1639-1643. (In English).
7. Krasnikova, L.V. Bifidobakterii i ispol'zovanie ikh v molochnoi promyshlennosti: obzornaya informatsiya / L.V. Krasnikova, I.V. Salakhova, V.I. Shcharobaiko. – M.: AgrONIITEHIMMP, 1991. – 32 s. (In Russian).
8. Gudkov A.V. Bifidobakterii: biologiya, rol' v zhiznedeyatel'nosti cheloveka i zhivotnykh. Proizvodstvo bifidosoderzhashchikh produktov / A.V. Gudkov, S.A. Gudkov, M.YA. Kozlovskaya. – Uglich, 1999. – 64 s. (In Russian).
9. Ganina, V.I. Probiotiki. Naznachenie, svoistva i osnovy biotekhnologii: monografiya / V.I. Ganina. – M.: MGUPB, 2001. – 169 s. (In Russian).
10. Slade L. Beyond water activity: recent advances based on an alternative approach to the assessment of food quality and safety / L. Slade, H. Levine // Critical Reviews in Food Science and Nutrition. – 1991. – № 30. – R. 115-360. https://doi.org/10.1080/10408399109527543. (In English).

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым комитеті (Грант No BR24992938 «Құс ұшаларын кешенді өңдеудің прогрессивті технологиялық процестерін, әдістері мен шешімдерін ғылыми негіздеу, әзірлеу және енгізу») қаржыландырды.

М.М. Джумажанова*, А.К. Какимов, А.М. Муратбаев, Э.К. Окусханова, А.А. Даутова
Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
*e-mail: madina.omarova.89@mail.ru

БИОТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ ИНТЕНСИФИКАЦИИ И ОБОСНОВАНИЕ ВЫБОРА ИНГРЕДИЕНТОВ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА СЫРОКОПЧЁНЫХ ИЗДЕЛИЙ ИЗ МЯСА ПТИЦЫ

В данной статье рассмотрено научное обоснование анализа и выбора ингредиентов с целью повышения качества сырокопчёных изделий из мяса птицы и интенсификации биотехнологических процессов. В настоящее время в пищевой промышленности актуальной задачей является производство новых видов продукции с высокой пищевой и биологической ценностью, а также с хорошими органолептическими показателями. В ходе исследования рассматривалась возможность управления биотехнологическими, биохимическими и микробиологическими процессами с использованием пробиотических культур и водно-спиртовых настоек на основе фитосырья.

При отборе фитоэкстрактов учитывалась не только их физиологическая ценность, но и органолептическая совместимость с мясом птицы и сочетаемость с пробиотическими культурами. В результате экспериментальных исследований установлено, что настойка шиповника в концентрации 0,4 % оказывает различное влияние на рост пробиотических штаммов: наблюдалось снижение роста L. Plantarum, в то время как L. Casei проявлял стабильную способность к развитию. Кроме того, было доказано, что применение молочнокислых бактерий и бифидобактерий в соотношении 1:2 обеспечивает их взаимное количественное равновесие и способствует оптимизации протеолитической активности.

Проведённые исследования показали, что комплексное применение пробиотических культур и фитопрепаратов в технологии производства сырокопчёных изделий из мяса птицы позволяет улучшить качество продукции, ускорить стадии созревания и обеспечить стабильность технологических процессов.

Ключевые слова: *пробиотические культуры, бифидобактерии, молочнокислые бактерии, фитоэкстракты, сырокопчёные изделия из мяса птицы, биотехнологический процесс, протеолитическая активность.*

M.M. Jumazhanova*, A.K. Kakimov, A.M. Muratbayev, E.K. Okuskhanova, A.A. Dautova
Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20A Glinki St.
*e-mail: madina.omarova.89@mail.ru

BIOTECHNOLOGICAL PROCESS INTENSIFICATION AND JUSTIFICATION OF INGREDIENT SELECTION TO IMPROVE THE QUALITY OF DRY-CURED POULTRY PRODUCTS

This article presents the scientific rationale for the analysis and selection of ingredients aimed at improving the quality of dry-cured poultry products and intensifying biotechnological processes. At present, an urgent task in the food industry is the production of new types of products with high nutritional and biological value, as well as favorable organoleptic characteristics. The study examined the possibility of controlling biotechnological, biochemical, and microbiological processes through the use of probiotic cultures and hydroalcoholic extracts based on herbal raw materials.

When selecting phytoextracts, not only their physiological value was taken into account, but also their organoleptic compatibility with poultry meat and their suitability for use with probiotic cultures. Experimental studies established that rosehip extract at a concentration of 0.4% had different effects on the growth of probiotic strains: a decrease in the growth of L. plantarum was observed, while L. casei showed stable growth potential. In addition, it was demonstrated that the use of lactic acid bacteria and bifidobacteria in a 1:2 ratio ensures their mutual quantitative balance and contributes to the optimization of proteolytic activity.

The conducted research has shown that the combined use of probiotic cultures and phytopreparations in the production technology of dry-cured poultry products makes it possible to improve product quality, accelerate maturation stages, and ensure the stability of technological processes.

Key words: *probiotic cultures, bifidobacteria, lactic acid bacteria, phytoextracts, dry-cured poultry products, biotechnological process, proteolytic activity.*

Авторлар туралы мәліметтер

Мадина Муратовна Джумажанова* – PhD, «Биоинженерлік жүйелер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., Шәкәрім университеті, Қазақстан; e-mail: madina.omarova.89@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9169-6722.

Айтбек Калиевич Какимов – техника ғылымдарының докторы, «Биоинженерлік жүйелер» кафедрасының профессоры, Шәкәрім университеті, Қазақстан; e-mail: bibi.53@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9607-1684.

Алибек Манарбекович Муратбаев – PhD, «Биоинженерлік жүйелер» кафедрасының постдокторанты, Шәкәрім университеті, Қазақстан; e-mail:Great-mister@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0830-5007.

Элеонора Құрметқызы Окусханова – PhD, «Тамақ технологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қазақстан; e-mail: eokuskhanova@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5139-9291.

Асель Алибековна Даутова – магистр, Тамақ инженериясы зерттеу мектебінің декан орынбасары, Қазақстан; e-mail: aska_nur@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2373-2445.

Сведения об авторах

Мадина Муратовна Джумажанова* – PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Биоинженерных систем», Шәкәрім университет, Казахстан; e-mail: madina.omarova.89@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9169-6722.

Айтбек Калиевич Какимов – доктор технических наук, профессор кафедры «Биоинженерных систем», Шәкәрім университет, Казахстан; e-mail: bibi.53@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9607-1684.

Алибек Манарбекович Муратбаев – PhD, постдокторант кафедры «Биоинженерных систем», Шәкәрім университет, Казахстан; e-mail: Great-mister@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0830-5007.

Элеонора Курметовна Окусханова – PhD, ассоциированный профессор кафедры «Пищевой технологии», Казахстан, e-mail: eokuskhanova@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5139-9291.

Асель Алибековна Даутова – магистр, заместитель декана исследовательской школы пищевой инженерии, Казахстан; e-mail: aska_nur@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2373-2445.

Information about the authors

Madina Jumazhanova* – PhD, Acting Associate Professor, Department of Bioengineering Systems, Shakarim University, Kazakhstan; e-mail: madina.omarova.89@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9169-6722.

Aitbek Kakimov– Doctor of Technical Sciences, Professor, Department of Bioengineering Systems, Shakarim University, Kazakhstan; e-mail: bibi.53@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9607-1684.

Alibek Muratbayev – PhD, Postdoctoral Researcher, Department of Bioengineering System, Shakarim University, Kazakhstan; e-mail: Great-mister@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0830-5007.

Eleonora Okuskhanova – PhD, Associate Professor, Department of Food Technology, Kazakhstan; e-mail: e-mail: eokuskhanova@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5139-9291.

Asel Dautova – Master's Degree, Deputy Dean of the Research School of Food Engineering, Kazakhstan; e-mail: e-mail: aska_nur@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2373-2445.

Редакцияға енуі 30.09.2025
Өңдеуден кейін түсуі 16.10.2025
Жариялауға қабылданды 20.10.2025

https://doi.org/10.53360/2788-7995-2025-4(20)-44

BY 4.0
Check for updates

МРНТИ: 62.13.99

Э.Б. Жаппарбергенова[1*], Г.Б. Алпамысова[2]
[1]Южно-Казахстанский педагогический университет им. Ө. Жәнібеков,
160000, Республика Казахстан, г. Шымкент. ул. Байтурсынова 13
[2]Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова,
160050, Республика Казахстан г. Шымкент, пр.Тауке хана 5
*e-mail: zhaffarelmira@gmail.com

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ БИОЛОГИЧЕСКИ АКТИВНЫХ КОМПОНЕНТОВ ШПИНАТА ОГОРОДНОГО В БИОТЕХНОЛОГИИ: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ОБЛАСТИ СОЗДАНИЯ НАТУРАЛЬНОЙ РАСТИТЕЛЬНОЙ ПРОДУКЦИИ

Аннотация: *Научные исследования посвящены процессам культивации Шпината огородного (Spinacia oleracea) и дальнейшим этапам приготовления из выращенного растения вакуумированного порошка (БАД) и экомыла. Основной объект исследования – Шпинат огородный на сегодняшний день является одним из общепризнанных лидеров овощной зелени в рационе современного человека. Данный факт связан с наличием широкого спектра биологически важных химических компонентов в данном растении. В связи с этим в рамках данного исследования была поставлена задача создания современного продукта с длительным сроком хранения, удобным в ежедневном применении, сохраняющим полноценный биохимический состав, доступный с экономической точки зрения. Немаловажным аспектом эксперимента был контроль условий культивации, не допускающий использование химических удобрений, поскольку шпинат обладает свойством накапливать эти вещества в биомассе в больших количествах. Процесс культивации*

зеленой биомассы сопровождался мониторингом показателей температуры, влажности, освещения и частоты полива, что позволило к концу культивирования провести сравнительный анализ в динамике роста в разрезе времени.

Исследования, направленные на создание экспериментальной биотехнологической продукции – вакуумированного порошка из высушенных листьев шпината, позволили получить биологически активную пищевую добавку длительного хранения (в течении одного года). Предлагаемая добавка, являющаяся альтернативой свежему шпинату, обладает преимуществом внесезонной продукции, полноценно сохраняющей биологическую активность в вакуумированном состоянии. Также важен спектр возможностей применения порошка шпината как в традиционной рецептуре, так и в составе коктейлей и смузи, и как натурального красителя в кондитерскойй технологии. С целью сравнительного анализа сохранения биологической активности в вакуумированном порошке и в свежесобранных листьях шпината, был проведен хроматографический анализ. Индикатором биологической активности явились хлорофиллы a и b, содержащиеся в свежих и высушенных листьях шпината.

На заключительном этапе исследований была разработана технология использования свежевыжатого сока молодого шпината, так называемого «baby spinach», для изготовления экомыла. Урожай «baby spinach» собирался на второй неделе культивации в заданных условиях, затем был собран и измельчен путем жидкостной экстракции. В традиционный технологический процесс варки мыльной массы был включен этап внедрения жидкой растительной биомассы (экстракта шпината).

Ключевые слова: *биологически активные добавки, растительная биомасса, процесс культивации, вакуумированный порошок, экомыло.*

Введение

Биологически активные добавки в современной технологической индустрии являются уже не дополняющими добавками, а инновационной самостоятельной продукцией. Возможности высокотехнологичной продукции позволяют применять БАДы как индивидуальный продукт, усиливающий фармакологичные свойства основных компонентов. Актуальность БАДов, являющихся постоянным обитателем рациона современного человека, свяханно с нехваткой минеральных элементов растительной продукции.

Современная биотехнологическая отрасль проводит инновационные иследования, направленные на интеграционное использование новейших достижений науки и техники. Одним из таких примеров является разработка группой исследователей рецептуры и технологии гелевой формы БАД, рекомендованной в качестве профилактической добавки при заболеваниях желудочно-кишечного тракта [1].

Согласно данным исследованиям, в основе технологии приготовления данного продукта лежит растворение основных компонентов, например ферментов и витаминов в жидком носителе, состоящем из фруктовых соков, воды и загустителей. В качестве основных компонентов были использованы растительные купажные экстракты, имеющие схожие биологические и фармакологические характеристики. Результаты мониторинга показали высокую биологическую активность конечного продукта, связанную с высокой концентрацией веществ в экстракте. Кроме того, согласно авторам, пектиновая основа геля также позволила веществам находиться в равномерном взвешенном состоянии.

Рацион современного человека в настоящие дни включает постоянный атрибут в виде биологически активных добавок из порошковых или капсульных компонентов. Одной из причин активного потребления этих веществ является существенный недостаток объема минералов, получаемых их овощей и фруктов урбанизированного среднестатистического человека. Наличие макро и микроэлементов, витаминных комплексов в ежедневно потребляемом растительном рационе неукоснительно снижается и приводит к деффициту в организме Ca, K, Mg и других элементов. Причинами данного феномена современности признано истощение почвенного состава культивируемых полей, также не контролируемое использование нитратов и пестицидов. В последние годы причиной недостаточности важных компонентов растительного рациона человека явилось технологическая доступность и дешевизна гидропонного культивирования овощей на минеральной вате или кокосовых стружках.

В связи с этим, возникла необходимость создания и внедрения альтернативных источников биологически активных добавок из растительных ресурсов, нацеленно обогащенных макро и микроэлементами. Важными критериями при создании такой

продукции явились: применение локально произрастающих видов растительных ресурсов; неприхотливые и не требующие особых условий сорта; короткий период вегетации. Соответствие данным критериям позволило снизить себестоимость конечной продукции, что безусловно является ценным конкурентноспособным показателем на профильном рынке.

В тенденциях современного рынка потребления данного вида зелени наблюдается спрос к молодому шпинату, так называемому «baby spinach», урожай которого собирают на второй-четвертой неделях вегетации. Согласно концепции нутрициологов, длина листьев молодого шпината не должна превышать 5 см, что снижает уровень антинутриентов в зелени. Согласно исследованиям современных тенденций в области переработки продуктов из микроводорослей, биоперерабатывающая промышленность должна использовать запасы уникальных местных растений, что позволяет применять их в биомедицинских и фармацевтических целях. Особое внимание исследователи данного направления акцентируют на получение целого ряда ценных продуктов, в основном, пигментов (хлорофиллов и каратиноидов), полиненасыщенных жирных кислот, углеводов, витаминов, нутрицевтики [2].

В центре экспериментов итальянских исследователей была взаимосвязь между биологически активными добавками, растительными компонентами, лекарственными препаратами растительного происхождения и пищевыми продуктами с потенциально полезными свойствами. Ученые изучили использование растений в новых рецептурах пищевых добавок, в частности этанольных экстрактов камбоджийских и филиппинских растений, применяемых потив диареи в указанных регионах [3].

Современный рынок биологически активных добавок, согласно научным работам ряда авторов, может оцениваться до 120 миллиардов долларов, что составляет 6% в эквиваленте ежегодного прироста. Основная масса торгового оборота зафиксирована в Европе, Северной Америке, а также в азиатских странах [4, 5, 6]. Биологически активные добавки используют, согласно исследованиям респондентов из разных стран, представители всех возрастных групп. Кроме того, в список попали как здоровые люди, так и люди, имеющие хронические заболевания. Кроме того, наблюдался баланс в гендерной категории. Преимущественно, респонденты приобретали биологически активные добавки в аптеках, а также через онлайн платформы [7, 8, 9]. Авторы научных исследований особое внимание уделяют фактам бесконтрольного использования добавок, включая добавки на растительной основе. Такое необоснованно частое использование добавок, согласно мнению ряда авторов, может привести к отклонению в организме даже здорового человека.

Демонстрации лечебного потенциала натуральных растительных продуктов, в частности клинического эффекта, механизма действия, взаимосвязи структуры и активности, а также фармококинетическим свйоствам была посвящена серия специального выпуска американо-китайской команды ученых. Согласно результатам исследований, составлен справочник рекомендаций в открытии потенциально полезных молекул из растительных источников для применения в медицине [10].

Коллектив датских ученых, исследовавших экологическое и генетическое разнообразие мохобразных, доказало их влияние на химическое разнообразие данных растительных ресурсов. Результаты экспериментальных работ позволяют расширить спектр новых биологически активных добавок, представляющих большой коммерческий интерес [11]. Аналогичный мета анализ эффективности пищевых добавок на растительной основе, направленный на улучшение вазомоторных симптомов, также представляет коммерческий интерес в области фармацевтики [12].

Ряд отечественных авторов исследовали возможности применения растительных масел, в частности полиненасыщенных жирных кислот, также направленых на повышение энергетической ценности пищевого рациона [13]. Также исследования направлены на повышение биологической активности синтезированных соединений карбаматов, имеющих коммерческие перспективы [14]. Методы использования биологически активных веществ с целью получения коэффициенты парной корреляции и даказали эффективность использования БАВ и азотно фосфорных удобрений для широкозарядного посева семян рекомендуют исследования отечественных исследователей [15]. Ряд исследователей также провели оценку физиолого-биохимической эффективности новой кормовой добавки и ее применение [16].

В связи с актуальностью культивирования Шпината огородного в искусственных условиях, нами был проведен обзор отечественных исследователей, изучающих аналогичные условия культивирования растений. Так, авторы научной работы изучили преимущественные возможности гидропонной системы культивации растительных ресурсов в искусственных условиях [17]. Несмотря на явные преимущества гидропонной культивации, существуют вопросы к качеству, биохимическому составу растительного сырья.

В научных исследованиях сербских ученых, направленных на эффективное использование и повышение ценности отходов агропромышленного комплекса, показаны ряд экологических проблем, связанных с неправильной утилизацией. В частности, экспериментальные работы показали современное состояние и важность устойчивого микробиологического производства биосурфактантов [18].

Аналогичные требования к утилизации также в перспективе будут актуальны и в производстве биологически активных добавок их растительных ресурсов, в частности Шпината огородного.

Материалы и методы исследования

С учетом данных аналитических исследований в качестве объекта был выбран Шпинат огородный (Spinacia oleracea), являющийся одним из популярных представителей овощной зелени. Шпинат признан одним из часто используемых видов зелени у последователей «правильного питания». Кроме того, данное однолетнее растений из семейства Луковых (Onione), не требует особых условий культвирования и имеет короткий вегетационный период.

В соответствии данной концепции, нами *на первом этапе* экспериментальных исследований, на плодородной обогащенной почве с применением естественного освещения в условиях лаборатории был культивирован Шпинат огородный (Spinacia oleracea). Условия культивирования были приближены к домашним условиям среднестатистического урбанизированного человека, предпочитающего круглогодично выращивать зелень на подоконнике в качестве свежего источника микроэлементов и витаминов. Семена шпината были посажены в контейнер с универсальным и обогащенным грунтом, при этом использовалосьь естественное освещение и регулярный полив. Динамика роста растения отслеживалась каждые 2-4 дня.

Мақалада тамақ өнеркәсібінің шағын және орта кәсіпорындарының қажеттіліктеріне бағытталған сұйық тағамдарды қоюлату және пастерлеу үшін эксперименттік қондырғыны әзірлеу ұсынылған. Сүт шикізатын және басқа сұйық өнімдерді өңдеуге арналған ықшам және энергияны үнемдейтін жабдықты құрудың өзектілігі негізделген. Қондырғының конструкциясына жылу алмастырғыш қабаты бар сыйымдылықты буландырғыш, вакуумдау жүйесі, жылу тасымалдағышты дайындау және айналым блогы, автоматтандырылған басқару блогы және конденсация модулі кіреді. Вакуумды пайдалану процесті төмен қысымда жүргізуге мүмкіндік береді, бұл қайнау температурасын төмендетеді, қоректік заттардың жоғалуын азайтады және өнімнің термиялық зақымдануын болдырмайды. Құрылғының негізгі принциптері және технологиялық процестің реттілігі келтірілген. Процесті басқаруды автоматтандыру жұмысты жеңілдетеді, энергия шығынын азайтады және нәтиженің тұрақтылығын арттырады. Қондырғы төмен қысымда ылғалды буландыру арқылы тиімді қоюлануды қамтамасыз етеді, бұл энергия шығынын азайтуға, тағамның тағамдық құндылығын сақтауға және пайдалану ыңғайлылығын арттыруға мүмкіндік береді. Әзірлеуді шаруа қожалықтарында және шағын кәсіпорындарда қоюландырылған сүт, шырындар, сығындылар және сұйық тамақ өнімдерінің басқа түрлерін өндіруде қолдануға болады.

Түйін сөздер: *вакуумдық буландыру, қоюлату, пастерлеу, сұйық тағам өнімдері, шағын қондырғы, сүт өнеркәсібі, жылуалмасу, энергия үнемділігі.*

D. Dukenbayev*, A. Kakimov[1], A. Suychinov[2], Zh. Yessimbekov[2], B. Kabdylzhar[2]
[1]Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, Glinka st., 20A
[2]Semey branch of JSC «Kazakh Research Institute of Processing and Food Industry»,
071410, Republic of Kazakhstan, Semey, Baitursynov st., 29
*e-mail: da_mir.1991@mail.ru

DEVELOPMENT OF A LOW-PRODUCTIVITY EQUIPMENT FOR CONDENSATION AND PASTEURIZATION OF LIQUID AND VISCOUS FOOD PRODUCTS

This article presents the development of experimental low-productivity equipment for the condensation and pasteurization of liquid food products, aimed on the needs of small and medium-sized food industry enterprises. The relevance of creating compact and energy-efficient equipment for the processing of dairy raw materials and other liquid products is substantiated. The design of the equipment includes a capacitive evaporator with a heat exchange jacket, a vacuum system, a coolant preparation and circulation unit, an automated control unit and a condensation module. The use of a vacuum allows the process to be carried out at reduced pressure, which ensures a lower boiling point, minimizes nutrient loss and prevents thermal damage to the product. The basic principles of the device operation and the sequence of the technological process are presented. Automation of process control simplifies operation, reduces energy costs and increases the stability of the obtained results. The equipment provides efficient condensation by evaporating moisture at low pressure, which reduces energy costs, preserves the nutritional value of products, and improves ease of use. The development can be used in farms, craft workshops and small enterprises in the production of condensed milk, juices, extracts and other types of liquid food products.

Key words: *vacuum evaporation, condensation, pasteurization, liquid food products, small-sized equipment, dairy industry, heat exchange, energy efficiency.*

Сведения об авторах

Дамир Кайратович Дукенбаев* – докторант кафедры «Биоинженерных систем», Шәкәрім университет, Республика Казахстан; e-mail: Da_mir.1991@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0009-0005-4197-9133.

Айтбек Калиевич Какимов – доктор технических наук, профессор кафедры «Биоинженерных систем», Шәкәрім университет, Республика Казахстан; e-mail: bibi.53@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9607-1684.

Ануарбек Казезович Суйчинов – PhD., ассоциированный профессор; Семейский филиал ТОО «Казахский научно-исследовательский институт перерабатывающей и пищевой промышленности», Республика Казахстан; e-mail: asuychinov@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0000–0003–4862–3293.

Жанибек Серикбекович Есимбеков – PhD., ассоциированный профессор, Семейский филиал ТОО «Казахский научно-исследовательский институт перерабатывающей и пищевой промышленности», Республика Казахстан; e-mail: ezhanibek@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000–0002–8556–9954.

Бактыбала Кабылтайкызы Кабдылжар – PhD., старший научный сотрудник; Семейский филиал ТОО «Казахский научно-исследовательский институт перерабатывающей и пищевой промышленности», Республика Казахстан; e-mail: baktybala.20@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7935-0182.

Авторлар туралы мәліметтер

Дамир Кайратович Дукенбаев* – «Биоинженерлік жүйелер» кафедрасының докторанты; Шәкәрім университеті, Қазақстан Республикасы; e-mail: Da_mir.1991@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0009-0005-4197-9133.

Айтбек Калиевич Какимов – техника ғылымдарының докторы, «Биоинженерлік жүйелер» кафедрасының профессоры, Шәкәрім университеті, Қазақстан Республикасы; e-mail: bibi.53@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9607-1684.

Ануарбек Казезович Суйчинов – PhD., қауымдастырылған профессор; «Қазақ өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің Семей филиалы, Қазақстан Республикасы; e-mail: asuychinov@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0000–0003–4862–3293.

Жанибек Серикбекович Есимбеков – PhD., қауымдастырылған профессор; «Қазақ өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің Семей филиалы, Қазақстан Республикасы; e-mail: ezhanibek@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000–0002–8556–9954.

Бактыбала Кабылтайкызы Кабдылжар – PhD., аға ғылыми қызметкер; «Қазақ өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің Семей филиалы, Қазақстан Республикасы; e-mail: baktybala.20@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7935-0182.

Information about the authors

Damir Dukenbaev* – doctoral student of the Department of Bioengineering Systems; Shakarim University, Republic of Kazakhstan; e-mail: Da_mir.1991@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0009-0005-4197-9133.

Aitbek Kakimov – Doctor of Technical Sciences, Professor of the Department of «Bioengineering Systems», Shakarim University, Republic of Kazakhstan; e-mail: bibi.53@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9607-1684.

Anuarbek Suychinov – PhD, Associate Professor; Semey Branch of JSC «Kazakh Scientific Research Institute of Processing and Food Industry», Republic of Kazakhstan; e-mail: asuychinov@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0000–0003–4862–3293.

Zhanibek Yessimbekov – PhD, Associate Professor; Semey Branch of JSC «Kazakh Scientific Research Institute of Processing and Food Industry», Republic of Kazakhstan; e-mail: ezhanibek@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000–0002–8556–9954.

Baktybala Kabdylzhar - PhD, Senior Researcher; Semey Branch of JSC «Kazakh Scientific Research Institute of Processing and Food Industry», Republic of Kazakhstan; e-mail: baktybala.20@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7935-0182.

Поступила в редакцию 24.09.2025
Поступила после доработки 13.10.2025
Принята к публикации 13.10.2025

https://doi.org/10.53360/2788-7995-2025-4(20)-46

BY 4.0
Check for updates

ҒТАХР: 65.09.03; 65.09.30

Л.А. Мурат*, Ә.Б. Қиықбай, Д.К. Айтмухамбетов, Г.Х. Оспанкулова
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 62
*e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru

СОЯ ЖӘНЕ БҰРШАҚ АҚУЫЗ ИЗОЛЯТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Аңдатпа: *Зерттеуде соя және бұршақ ақуыз изоляттарының құрылымдық-функционалдық қасиеттері салыстырмалы түрде талданды. SPI және PPI үлгілерінің ақуыз фракцияларының құрамы мен құрылымы, коллоидтық-физикалық қасиеттері (ζ-потенциал, электрофоретикалық жылжымалылық, бөлшек мөлшері, электрөткізгіштік), жылулық тұрақтылығы (DSC талдауы) және*

ақуыздық профилі (SDS-PAGE) қарастырылды. Нәтижелерге сәйкес, SPI жоғары жылулық тұрақтылықпен және тығыз гельдік құрылымдар түзу қабілетімен ерекшеленеді, ал PPI ұсақ бөлшек мөлшерімен және жоғары дисперсиясымен сипатталады, бұл оған эмульгирлеу қасиеттерінің жоғарылығын қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері SPI мен PPI-ді тағам өнеркәсібінде мақсатты пайдалану қажеттілігін және олардың комбинациясы арқылы өнімдердің оңтайлы функционалдық қасиеттеріне қол жеткізу мүмкіндігін айқындайды.

Нәтижелер соя изолятының жоғары термиялық тұрақтылыққа ие екенін және тығыз гельдік құрылымдар түзу қабілеті басым екенін көрсетті. Ал бұршақ ақуызы изоляты ұсақ дисперстілігімен және жоғары эмульгирлеу қасиеттерімен ерекшеленді. Зерттеу қорытындылары SPI мен PPI-ді тағам өнімдерінің әртүрлі түрлерінде мақсатты түрде қолданудың тиімділігін және оларды біріктіре пайдалану арқылы өнімдердің функционалдық қасиеттерін оңтайландыру мүмкіндігін дәлелдейді.

Түйін сөздер: *соя ақуызы изоляты, бұршақ ақуызы изоляты, функционалдық қасиеттер, коллоидтық тұрақтылық, жылу тұрақтылығы, SDS-PAGE.*

Кіріспе

Соңғы жылдары өсімдік текті ақуыздарға қызығушылықтың жаһандық өсуі тұтынушылардың талғамының өзгеруімен және экологиялық тұрғыдан тұрақты қорек көздеріне ұмтылысымен түсіндіріледі. Өсімдік ақуыздары жоғары тағамдық құндылығы, функционалдық қасиеттері және өндірістің салыстырмалы түрде төмен экологиялық ізі арқасында жануар текті ақуыздарға балама ретінде қарастырылады [1]. Ақуыз изоляттарын алуға арналған шикізаттардың ішінде соя (Glycine max) мен бұршақ (Pisum sativum) бастапқы материалдағы ақуыздың жоғары концентрациясына (шикізатта 25-35% дейін) және өңдеу технологияларының дамуына байланысты ерекшеленеді. Соя ақуызы изоляты (SPI) теңгерімді аминқышқылдық құрамы мен функционалдық сипаттамаларының арқасында тағам өнеркәсібінде (тофу, соя сусындары, текстураланған ет аналогтары және т.б.) кеңінен қолданылады [2]. Бұршақ ақуызы изоляты (PPI) соңғы жылдары гипоаллергенді әрі ГМА-сыз ингредиент ретінде назар аудартып, жаңа функционалдық өнімдер мен глютенсіз рецептурларды жасауға перспективалы деп саналады [3]. Кейбір өңірлерде тұтынушылардың 22%-ға дейінгі бөлігі соя өнімдерінен аллергиялық қауіптену себебінен бас тартатыны атап өтілген [4], сондықтан PPI маңызды балама ретінде көрінеді. Болжамдарға сәйкес, алдағы жылдары бұршақ ақуызына негізделген ингредиенттердің әлемдік нарығы жылына шамамен 13%-ға өседі [5], бұл PPI қасиеттерін зерттеудің өзектілігін айқындайды.

SPI мен PPI-дің құрылымдық-функционалдық сипаттамаларын зерттеу мақсатты қасиеттері бар тағам өнімдерін әзірлеу үшін шешуші мәнге ие. Негізгі ақуыз фракцияларының құрамы мен құрылымын, коллоидтық қасиеттерін (дисперсия тұрақтылығы, заряд, бөлшек мөлшері), жылу тұрақтылығын және функционалдық көрсеткіштерін салыстыру әр изоляттың артықшылықтары мен шектеулерін айқындауға мүмкіндік береді. Осы жұмыстың мақсаты – соя және бұршақ ақуыз изоляттарының коллоидтық-физикалық параметрлерін тағамдық технологиядағы қолданылуын ескере отырып, термиялық тұрақтылығын және ақуыздық профилін салыстырмалы түрде талдау.

SPI мен PPI-дің құрылымдық ерекшеліктері

Соя және бұршақ изоляттары – құрғақ заттағы ақуыз мөлшері 85-90%-ды құрайтын жоғары концентрациялы ақуыз изоляттары болып табылады және өсімдік тектес глобулиндік ақуыздар тобына кіреді [6, 7]. SPI негізін екі глобулин тобы құрайды: 7S (β-конглицинин) және 11S (глицинин); олар молекулалық массасы мен субъединицалық құрылымы бойынша ерекшеленеді [9]. Бұршақ изолятында ұқсас ақуыз фракциялары – 7S (вицилин) және 11S (легумин) басым [6]. Бұл фракциялардың арақатынасы өзгермелі: мысалы, бұршақ ақуызында көбіне 7S-фракциясының (вицилиннің) үлесі жоғары; ол цистеин қалдықтарын қамтымайды [10], сондықтан молекулааралық дисульфидті байланыстар түзе алмайды. Ал 11S-фракциялар (соядағы глицинин және бұршақтағы легумин) қышқыл және негізгі полипептидтерден тұрады және олар дисульфидті көпіршелер арқылы байланысқан, бұл олардың гель түзуші қабілетіне әсер етеді [9][10]. Аминқышқылдық құрамы да ерекшеленеді: бұршақ ақуызы, әдетте, соямен салыстырғанда күкіртті аминқышқылдарын (метионин мен цистеинді) төменірек мөлшерде қамтиды [10], дегенмен екі изолят та аминқышқылдарының негізгі жиынтығы бойынша толыққанды және жоғары сіңімділікке ие.

Изоляттарды алудың дәстүрлі технологиясы ақуыздарды сілтілі ортада экстракциялауды және кейінгі изоэлектрлік тұндыруды қамтиды. Мұндай «дымқыл» тәсіл өнімнің жоғары тазалығына қол жеткізуді қамтамасыз етеді, бірақ ақуыздардың ішінара денатурациясына әкелуі мүмкін. Баламалы тәсілдер, мәселен тұзды экстракция әдісі немесе реактивтер қолданбайтын жұмсақ фракциялау, ақуыздардың нативті қасиеттерін сақтау мақсатында зерттеліп келеді [12]. Мәселен, ұнтақтау мен ауа ағынымен бөлуге негізделген құрғақ фракциялау әдісі бұршақ ақуыз концентраттарын ерігіштігі мен функционалдық қасиеттерін сақтай отырып, энергия шығынын азайтуға және ағынды сулардың түзілуін болдырмауға мүмкіндік береді [12]. Экстракция әдістерін жетілдірудің келесі бағыты – әртүрлі тағамдық қолдануларға арналған, мақсатты құрылымдық және технологиялық сипаттамалары бар ақуыз изоляттарын алу болып табылады.

Коллоидтық қасиеттер және тұрақтылық

Ақуыз изоляттарының функционалдық қасиеттері олардың су жүйелеріндегі әрекетіне – ерігіштігіне, беткі зарядына және дисперсияларды тұрақтандыру қабілетіне – айтарлықтай тәуелді. Бейтарап pH-та екі жүйе де орташа теріс ζ-потенциал мәніне (шамамен –10…–20 мВ) ие, бұл коллоидтардың шектеулі электростатикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Воуе және авторластарының мәліметтері бойынша [8], дәнді-бұршақ тұқымдастар изоляттарының су ұстау қабілеті (СҰҚ) мен ерігіштігі белгілі бір шектерде өзгереді: бұршақ ақуызының көрсеткіштері сояға қарағанда сәл төмен, бірақ салыстырмалы деңгейде қалады. Изоэлектрлік нүктенің (pI ≈ 4,5) бейтарап мәнге жақындығы салдарынан соя және бұршақ изоляттарының ерігіштігі қышқыл ортада айтарлықтай төмендейді, бұл ақуыз молекулаларының агрегациясына және эмульсиялардың қабатталуына әкелуі мүмкін [8]. Ал сілтілі ортада (pH > 7) ақуыз молекулаларының зарядының артуы мен электростатикалық тебілу күштерінің күшеюіне байланысты ерігіштік күрт жоғарылайды.

Коллоидтық тұрақтылыққа изолятты алу тәсілі де маңызды ықпал етеді. «Жұмсақ» әдістер ақуыздың табиғи қасиеттерін сақтауға мүмкіндік береді: мысалы, зертханалық жағдайда алынған PPI үлгілері кейбір коммерциялық PPI-лерге (10%-дан төмен) қарағанда әлдеқайда жоғары ерігіштік (≈65-70%) көрсете алады; бұл өндірістік кептіру кезіндегі денатурациямен байланысты [7]. Sarsa және авторластар [13] изоэлектрлік тұндырудың орнына тұзды экстракцияны қолдану бұршақ изоляттарының ерігіштігі мен эмульгирлеу қабілетін арттыратынын көрсетті. Демек, экстракция мен кейінгі өңдеу шарттарын таңдау SPI және PPI-дің коллоидтық-физикалық параметрлерін басқаруға мүмкіндік береді.

Жылу тұрақтылығы (DSC-талдау)

Өсімдік ақуыздарының термиялық тұрақтылығы негізгі фракциялардың денатурация температураларымен және осы үдерістің энергиясымен сипатталады. Жалпы, соядағы 11S глицинин 7S фракциясына қарағанда жоғары денатурация температурасына ие, ал бұршақтың 11S легуминінің температурасы төменірек деп саналады [9]. Әдебиетте бұршақ изоляттарының денатурациясы сояға қарағанда сәл төмен температурада басталатыны келтіріледі: PPI үшін ≈88-95 °C және SPI үшін 100 °C-тан жоғары мәндер [11]. Сонымен қатар, PPI-дің денатурация энтальпиясы (ΔH) әдетте төменірек болады, бұл оның ақуыздық құрылымдарын тарқату үшін талап етілетін энергияның аздығын көрсетеді. Жылулық қасиеттер бастапқы өңдеуге де тәуелді: қайталама қыздыру немесе жоғары қысым денатурация температураларын төмендетуі мүмкін. Utsumi және Kinsella-ның классикалық зерттеулері [9] соя ақуызының жеке фракциялары (7S және 11S) жылулық денатурацияға және гель түзуге төзімділігі бойынша айырмашылыққа ие екенін көрсетті: 11S глобулині қайтымсыз құрылымдық өзгерістер үшін жоғарырақ температураны талап етеді. Бұл SPI-дің PPI-ге қарағанда жоғары термостабильдігі туралы жалпы тенденцияны растайды. Алайда тұздардың болуы немесе аралас жүйелерде (мысалы, полисахаридтер қатысында) критикалық температуралар ығысуы мүмкін, сондықтан тура салыстыру тек стандартталған жағдайда орынды. Жалпы алғанда, изоляттардың қыздыру кезіндегі реакциясын және құрылымдық өзгерістерін түсіну пастерлеу мен экструзия сияқты термоөңдеу процестерінде олардың технологиялық жарамдылығын бағалау үшін маңызды.

Ақуыздық профиль (SDS-PAGE)

Денатурлейтін гельдегі электрофоретикалық талдау (SDS-PAGE) изоляттардың негізгі ақуыздық компоненттерін айқындауға және олардың құрылымы туралы жанама ақпарат алуға мүмкіндік береді. SPI электрофореграммасында әдетте 7S β-конглицининге (~52-60 кДа, тримерлер) және 11S глицининің субъединицаларына тән жолақтар көрінеді: қышқыл α-

тізбектер (~35 кДа) және негізгі β-тізбектер (~20 кДа) [9]. Бұршақ изолятында 7S вицилинге тән (~50-60 кДа, дисульфидтік байланыссыз тример) және 11S легуминнің қышқыл (~40 кДа) және негізгі (~20 кДа) тізбектеріне сәйкес жолақтар тән [6]. PPI-де бастапқы сортқа қарай ~70 кДа аймағында конвицилин фракциясы көрінуі мүмкін [6]. Жоғарыда айтылғандай, вицилин молекуласының цистеинді қамтымауы оның S–S-көпірлер арқылы полимерленуін шектейді [10]. Керісінше, соя глицинині мен бұршақ легумині жұп SH-топтарының болуы арқасында молекулааралық тігілулер түзе алады, бұл олардың гель түзу қабілетіне үлес қосады. Осылайша, электрофорез нәтижелері SPI мен PPI-дің негізгі ақуыздық компоненттер жиынтығы ұқсас екенін, ал айырмашылықтардың негізінен фракциялар арақатынасы мен олардың құрылымдық ерекшеліктеріне қатысты екенін айқындайды. Жалпы, бұршақ изолятында 7S (вицилин) үлесінің көбірек болуы оның эмульгирлеу қасиеттерін күшейтеді [6], ал соя изолятындағы 7S/11S-тің теңгерімді қатынасы функционалдық сипаттамалардың «әмбебаптығын» қамтамасыз етеді [9].

Изоляттарды функционалды қолдану

Аталған қасиеттердің жиынтығы SPI мен PPI-дің тағамдық технологияларда кеңінен қолданылуын қамтамасыз етеді. SPI дәстүрлі түрде эмульгатор, көбік түзгіш және текстурлаушы ретінде қолданылады. Ол суды және майды тиімді байланыстырып, тұрақты эмульсиялар түзе алады және қыздыру кезінде тығыз гельдер қалыптастырады, бұл шұжық өнімдерінде, ет және сүт баламаларында, кондитерлік өнімдерде көрініс табады. Бірқатар функционалдық көрсеткіштері (ерігіштік, эмульгирлеу және көбік түзу қабілеті) бойынша бұршақ изоляты соядан кем түспейтіні көрсетілген [11]. Дегенмен, бұршақ ақуызының гель түзу қабілеті, әдетте, төменірек: берік гель алу үшін қатаңырақ қыздыру шарттары немесе айқастырғыш агенттер қажет болуы мүмкін [14]. Мысалы, Shand және авторлар [14] PPI-дің термиялық индуцирленген гельдерінің SPI-ге қарағанда сол жағдайларда беріктігі мен серпімділігі төменірек екенін хабарлайды. Соған қарамастан, эмульгирлеу белсенділігі бойынша PPI жиі соямен салыстырмалы немесе одан да жоғары нәтижелер көрсетеді; бұл межфазалық бетте тез жайылатын 7S-компоненттердің (вицилиннің) молдығымен түсіндіріледі [6]. Мәселен, Barac және т.б. [11] бұршақ және соя изоляттарын салыстырған зерттеуде PPI мен SPI-дің эмульгирлеу қабілеті мен эмульсия тұрақтылығы бір деңгейде екені, ал SPI-дің су ұстағыш қабілеті сәл жоғары екені көрсетілді. Бұған қоса, ақуыздарды алдын ала өңдеу факторлары функционалдық қасиеттерге әсер етеді: нативті құрылымды сақтайтын «жұмсақ» технологиялар (жоғарыда айтылған құрғақ және тұзды фракциялау) ерігіштік пен эмульгирлеуді жақсартуы мүмкін [12, 13]. Екінші жағынан, мақсатты физикалық өңдеу (мысалы, жоғары гидростатикалық қысым, ультрадыбыс) бұршақ изолятында су ұстау мен эмульгирлеуді күшейтіп, молекулалық құрылымды икемдірек етеді [15].

SPI (соя ақуыз изоляттарын) құрылым түзу және ылғалды ұстап тұру талап етілетін өнімдерде – ет баламалары, фарш өнімдері мен ақуыз мөлшері жоғары нан-тоқаш өнімдерінде – қолдану орынды [8]. Ал PPI (бұршақ ақуыз изоляттары) жоғары ерігіштігі мен аллергенсіздігі бағаланатын сусындар, соустар, диеталық және глютенсіз өнімдер рецептураларында тиімді қолданылады [3]. Мысалы, рецептураға PPI енгізу тауық наггетстерінің шығымын және шырындылығын фарштың ылғал байланыстыру қабілетін арттыру есебінен жақсартады [20]. Отандық зерттеулер де әртүрлі өсімдік изоляттарын (соя, бұршақ, күнбағыс, люпин) біріктіріп қолданудың болашағын растайды: олардың өзара толықтыратын функционалдық-технологиялық қасиеттері өнімдердің қажетті консистенциясы мен жоғары қоректік құндылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [18].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысандары. Зерттеу объектілері ретінде сілтілі экстракция және кейінгі изоэлектрлік тұндыру арқылы алынған, шашыратпа кептірумен кептірілген коммерциялық соя (SPI) және бұршақ (PPI) ақуыз изоляттары пайдаланылды. Эксперименттер алдында үлгілер 65% салыстырмалы ылғалдылықтағы бөлме температурасында кондицияланды.

Коллоидтық-физикалық көрсеткіштер. Белок дисперсияларының ζ-потенциалы мен электрофоретикалық қозғалғыштығы 25°C, pH 7,0 жағдайында (ақуыз концентрациясы 1%) лазерлік Доплер электрофорезі әдісімен (Zetasizer, Malvern) анықталды. Бөлшектер электр өрісінде қозғалғандағы жылдамдығы бойынша ζ-потенциал (мВ) және қозғалғыштық (×10^-8 м^2/В·с) есептелді. Гранулометриялық құрам динамикалық жарық шашырауы (DLS) әдісімен сол құрылғыда бағаланып, орташа гидродинамикалық диаметр (Z-average) және өлшемдер

таралуы алынды. 1% суспензиялардың электрөткізгіштігі 20 °C-та кондуктометрмен өлшенді. Барлық өлшемдер үш қайталауда орындалды.

Жылу тұрақтылығы. Дифференциалды сканерлейтін калориметрия (DSC) талдауы **TA Instruments** құрылғысында 20-140°C температура аралығында жүргізілді. SPI және PPI ұнтақ үлгілері (шамамен 5-10 мг) алюминий ұяшықтарға мықтап жабылып салынып, 2°C/мин жылдамдықпен қыздырылды. Алынған термограмма негізінде денатурацияның басталу температурасы, шың температурасы, аяқталу температурасы және денатурация энтальпиясы (ΔH) анықталды. Температуралық өлшеу дәлдігі индий үлгісі арқылы тексерілді.

Электрофорез (SDS-PAGE). Белоктық профильдер Laemmli әдістемесі бойынша SDS-PAGE арқылы талданды. Үлгілер β-меркаптоэтанол қатысындағы тотықсыздандыру жағдайында дайындалып, 12% акриламидтік градиент геліне енгізілді. Электрофорез тұрақты токта бояу фронты гель түбіне жеткенге дейін жүргізілді. Гель кумасси G-250-мен боялды; молекулалық массалар Precision Plus (Bio-Rad) маркері бойынша денситометрленді. Фракциялар әдебиет деректеріндегі негізгі соя және бұршақ ақуыз субъединицаларының молекулалық массаларына сәйкес сәйкестендірілді.

Нәтижелер және талқылау

Изоляттардың коллоидтық-физикалық қасиеттері

Бейтарап су дисперсияларында екі изолят та негізінен электростатикалық тебілу және гидратация есебінен тұрақтандырылған зарядталған бөлшектер түзеді. SPI-дің өлшенген ζ-потенциалы (–14,0 мВ) PPI-ден (–10,4…–12,6 мВ) біршама теріс болды, бұл соя ақуызының коллоидтық тұрақтылығының сәл жоғары екенін көрсетеді. Бұл мәндер модулі бойынша орташа тұрақтылық аймағына (|ζ| ≈10–15 мВ) жатады, мұнда уақыт өте баяу агрегация мүмкін [1]. Біздің деректер әдебиетпен үйлеседі: мысалы, Zhang және т.б. pH 7 кезінде көптеген өсімдік изоляттарының ζ-потенциалы шамамен –10 мВ болатынын және жеткілікті тұрақтылыққа тек күштірек зарядта немесе стабилизаторлар қосылғанда жететінін хабарлайды [1]. Электрофоретикалық қозғалғыштықтың модулі де SPI-де жоғарырақ болды (–1,10 × 10^-8 м^2/В·с қарсы PPI үшін –0,85 × 10^–8 м^2/В·с).

Орташа гидродинамикалық өлшемдері айтарлықтай ерекшеленді: SPI ірілеу агрегаттар (312,8-421,3 нм) түзсе, PPI үшін бөлшек өлшемдері анағұрлым кіші (87,1-203,2 нм) болды. Болжам бойынша, бейтарап pH-та бұршақ ақуыздары молекулааралық байланыстар мен ассоциацияларды азырақ түзіп, дисперстілігі жоғарырақ жүйе береді. Кіші бөлшек өлшемі әдетте коллоидтық тұрақтылыққа және эмульгирлеу қасиеттеріне пайдалы: ұсақ бөлшектердің шөгуі баяу және эмульсия құрылымы біркелкі. 1% суспензиялардың электрөткізгіштігі екі үлгіде де ұқсас болды (~1,5 мСм/см), бұл ерітінділердің иондық күші мен иондалу дәрежесінің ұқсастығын көрсетеді (кесте 1).

Кесте 1 – Соя (SPI) және бұршақ (PPI) ақуыз изоляттарының коллоидтық-физикалық қасиеттері

Көрсеткіш	SPI	PPI
ζ-потенциал, мВ	–14,0	–10,4…–12,6
Электрофоретикалық қозғалғыштық, ×10^-8 м^2/В·с	–1,10	–0,80…–0,95
Электрөткізгіштік, мСм/см	~1,5	~1,5
Орташа бөлшек өлшемі, нм	312,8-421,3	87,1-203,2

Алынған нәтижелердің практикалық мәні мынада: SPI мен PPI коллоидтық тұрақтылық дәрежесі бойынша айырмашылық танытады. Сәл үлкенірек теріс заряд пен ірілеу бөлшектер түзуге бейімділігі бар SPI соустар мен сусындар сияқты дисперстік жүйелерге тұтқырлық пен тығыз құрылым бере алады. Ал PPI ұсақ дисперстілігі арқасында эмульсиялар мен көбік жүйелерін тиімдірек тұрақтандырады, бұл майонездер, кремдер, сусындар сияқты эмульсиялық өнімдер үшін құнды. Бұл деректер Воуе және т.б. [8] хабарлаған су ұстағыш қабілетке қатысты мәліметтерді толықтырады: PPI-дің суды байланыстыруы SPI-ден сәл төмен болғанымен, оның ұсақ бөлшектілігі мен жеткілікті заряды дисперсиялардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, PPI-дің ерігіштігін арттыру және бөлшек өлшемін кішірейту «жұмсақ» экстракция әдістерімен [13] немесе физикалық өңдеумен (ультрадыбыс, жоғары қысым) мүмкін. Біздің жағдайда коммерциялық PPI-дің өзі қанағаттанарлық дисперстілік пен ζ-потенциал көрсетті; нативті құрылымы көбірек сақталған зертханалық үлгілердің коллоидтық тұрақтылығы бұдан да жоғары болуы ықтимал [7].

Жылу тұрақтылығы (DSC)

DSC талдауы SPI мен PPI-дің жылулық параметрлерінде айқын айырмашылықтар бар екенін көрсетті (термограммалар берілмеген). SPI үлгісінде денатурацияның эндотермиялық шыңы 103,2°C маңында байқалса, PPI үшін негізгі шың шамамен 92,0°C деңгейінде тіркелді. Денатурацияның басталу температурасы (Onset) SPI-де 100,6°C, ал PPI-де едәуір төмен – шамамен 85°C. Аяқталу температуралары да ажыратылады: SPI үшін 109,6°C, PPI үшін 100,0°C. Бұл нәтижелер бұршақ ақуызының нативті құрылымын сояға қарағанда төменірек температурада жоғалта бастайтынын көрсетеді. Денатурация энтальпиясы (ΔH) SPI-де айтарлықтай жоғары (≈980 Дж/г), ал PPI-де бағалау бойынша ~600 Дж/г; бұл соя глобулиндерінің жоғары реттелген құрылымын бұзу үшін көп энергия қажет екенін білдіреді (кесте 2).

Кесте 2 – Соя (SPI) және бұршақ (PPI) ақуыз изоляттарының жылулық сипаттамалары (DSC деректері)

Параметр	SPI	PPI
Onset, °C	100,6	85,0
Peak, °C	103,2	92,0
Endset, °C	109,6	100,0
Энтальпия ΔH, Дж/г	980,1	~600

SPI-дің жоғары термотұрақтылығы әдебиетпен үйлеседі: соя изоляттары 100°C және одан жоғары температураларда да функционалдық белсенділікті ішінара сақтай алады [16]. Wang және т.б. [16] жоғары қысым-температуралық өңдеуден кейін де соя глобулиндерінің гель түзу және эмульгирлеу қабілеттерін ішінара сақтайтынын көрсетті. Бұршақ ақуызы үшін керісінше, ≈85-90 °C маңында легумин мен вицилиннің қайтымсыз денатурациясы басталып, ерігіштіктің төмендеуіне және тұнбаның түзілуіне әкеледі [11]. Біздің нәтижелер (PPI Peak ≈92°C, SPI Peak ≈103°C) осы бақылауларға сай келеді. Температура мәндеріне ақуыз концентрациясы, қыздыру жылдамдығы, орта құрамы әсер ететінін ескерген жөн; алайда жалпы қағида ретінде SPI-дің «қаталдау» термиялық процестерге (стерилизация, пісіру/қақтау, экструзия) лайықтырақ екенін, ал PPI үшін жұмсақ режимдердің орынды екенін айтуға болады.

Ақуыздық профиль (SDS-PAGE талдауы)

SPI және PPI электрофореграммалары олардың құрамындағы соя және бұршақ қорлық белоктарының негізгі жиынтығын растады (гель суреттері берілмеген). SPI-де ≈55 кДа аймағындағы жолақтар 7S β-конглицинин тримерлеріне сәйкес келді, ал ≈35–40 кДа және ≈20 кДа аймақтарындағы топтар 11S глицининің қышқыл (α) және негізгі (β) тізбектеріне тән болды. PPI үшін 50-60 кДа диапазонындағы интенсивті жолақтар 7S вицилинге, ал ≈40 кДа және ≈20 кДа жолақтары 11S легуминнің қышқыл және негізгі тізбектеріне сәйкес келеді (кесте 3).

Кесте 3 – SDS-PAGE бойынша соя (SPI) және бұршақ (PPI) изоляттарындағы негізгі ақуыз фракциялары

Фракция (глобулин)	Молекулалық масса, кДа	Функционалдық рөлі
β-конглицинин (7S, соя)	~52-60	Беткі-белсенді ақуыз; эмульгатор, көбік түзгіш
Глицинин, қышқыл тізбектер (11S, соя)	~35-40	11S гексамердің бөлігі (β-тізбекпен дисульфидтік байланыста); гель беріктігін қамтамасыз етеді
Глицинин, негізгі тізбектер (11S, соя)	~20	Қышқыл тізбекпен байланысқан; гель матрицасын қалыптастыруға қатысады
Вицилин (7S, бұршақ)	~50-60	PPI-дің негізгі эмульгирлеуші компоненті; көбік пен эмульсия тұрақтылығын қамтамасыз етеді
Легумин, қышқыл тізбектер (11S, бұршақ)	~40	Легумин құрамына кіреді (негізгі тізбекпен дисульфидті байланыста); гель түзуге қатысады
Легумин, негізгі тізбектер (11S, бұршақ)	~20	Қышқыл тізбекпен байланысқан; берік гельдік тор қалыптастыруға ықпал етеді

SPI-де минорлы 2S альбуминдер (8-15 кДа) іздері болуы мүмкін, бірақ изоляттарда олардың үлесі әдетте мардымсыз. PPI-де ≈70 кДа аймағындағы конвицилин (7S-тің үшінші түрі) кейде байқалады, бірақ біздің үлгіде ол әлсіз көрінді. Жалпы анықталған жолақтардың

жиынтығы мен молекулалық массалары әдеби деректермен жақсы сәйкеседі[9][6]. Utsumi және Kinsella [9] 7S/11S қатынасы функционалдық қасиеттерді айқындайтынын атап өтеді: 11S-тің (глицинин) артуы тығыз термогельдер түзу қабілетін күшейтсе, 7S (конглицинин) эмульгирлеу мен көбік түзуге көбірек жауап береді. Біздің байқауларда SPI-дің 7S және 11S фракциялары теңгерімді, бұл оның әмбебаптығын (текстурлау да, эмульгирлеу де) түсіндіреді; ал PPI-де вицилиннің басымдығы оның эмульгирлеу функциясын күшейтеді [6].

Қорытынды

Жүргізілген салыстырмалы зерттеу соя және бұршақ ақуыз изоляттарының құрылымдық-функционалдық қасиеттерінде елеулі айырмашылықтар және бірін-бірі толықтыратын артықшылықтар бар екенін көрсетті. SPI жоғары термотұрақтылығы және 11S глобулиндерінің (глицинин) айтарлықтай үлесіне байланысты берік гельдік құрылымдар қалыптастыру қабілетімен сипатталады. Коллоидтық жүйелерде оның орташа жоғары заряды мен ірілеу агрегат түзуі өнім құрылымын «тығыздауға» мүмкіндік береді. Бұған қарама-қарсы, PPI ұсақ бөлшек өлшемдері мен беткі-белсенді 7S ақуыздарының (вицилин) басымдығы арқасында жоғары эмульгирлеу және көбік түзу қасиеттерін көрсетеді, бірақ термиялық тұрақтылығы төмендеу, сондықтан қыздыру кезінде функционалдық қасиеттері әлсіреуі ықтимал.

Практикалық тұрғыдан алғанда, SPI интенсивті термоөңдеуді (пісіру, стерилизация, экструзия) және тығыз матрица қалыптастыруды талап ететін өнімдер үшін (ет баламалары, котлеттер, шұжық-тәрізді бұйымдар, ақуызы жоғары наубайханалық өнімдер) неғұрлым қолайлы. PPI суық немесе орташа қыздырылатын эмульсиялық-көбік жүйелері (қоспалар, майонездер, коктейльдер, балмұздақ, сусындар) үшін тиімді; оның жоғары ерігіштігі мен гипоаллергендік қасиеті диеталық және глютенсіз өнімдерде артықшылық береді. Бұдан бөлек, соя және бұршақ изоляттарын бір рецептурада ұштастыру синергетикалық әсер береді: SPI су ұстау мен құрылымды күшейтсе, PPI эмульсия/көбік тұрақтылығын жақсартады. Отандық деректер әртүрлі өсімдік изоляттарының кешенді қолданылуы функционалды-технологиялық көрсеткіштерді теңгеруге және мақсатты сапаға қол жеткізуге мүмкіндік беретінін растайды [18].

Әдебиеттер тізімі

1. Effect of pH on physicochemical and functional properties of plant protein isolates / Q. Zhang et al // Food Hydrocolloids. – 2021. – Vol. 117. – P. 106693.
2. Pea protein isolates: Structure, extraction, and functionality / A.C.Y. Lam et al // Food Reviews International. – 2018. – Vol. 34, № 2. – P. 126-147.
3. Stone A.K. Functional properties of protein isolates from different pea cultivars / A.K. Stone, T.D. Warkentin, M.T. Nickerson // Food Science and Biotechnology. – 2015. – Vol. 24, № 3. – P. 827-833.
4. Watson E. Soy protein's popularity declines as consumers cite allergy concerns / E. Watson // FoodNavigator-USA (online). – 2019. (дата обращения: 15.09.2025).
5. Крылова О. Мировой рынок горохового протеина: стремительный рост / О. Крылова // Бизнес Фермер Ингредиенты (bfi-online.ru). – 2020. (дата обращения: 15.09.2025).
6. The Current Situation of Pea Protein and Its Application in the Food Industry / P. Shanthakumar et al // Molecules. – 2022. – Vol. 27, № 16. – P. 5354.
7. Functional Performance of Plant Proteins / K.K. Ma et al // Foods. – 2022. – Vol. 11, № 4. – P. 594.
8. Boye J.I. Comparison of the functional properties of pea, chickpea and lentil protein concentrates processed using ultrafiltration and isoelectric precipitation / J.I. Boye, F. Zare, A. Pletch // Food Research International. – 2010. – Vol. 43, № 2. – P. 537-546.
9. Utsumi S. Structure – function relationships in food proteins: Subunit interactions in heat-induced gelation of 7S, 11S, and soy isolate proteins / S. Utsumi, J.E. Kinsella // Journal of Agricultural and Food Chemistry. – 1985. – Vol. 33, № 2. – P. 297-303.
10. Profile and functional properties of seed proteins from six pea (Pisum sativum) genotypes / M.B. Barac et al // International Journal of Molecular Sciences. – 2010. – Vol. 11, № 12. – P. 4973-4990.
11. Comparative study of the functional properties of three legume seed isolates: Adzuki, pea and soybean / M.B. Barac et al // Journal of Food Science and Technology. – 2015. – Vol. 52, № 5. – P. 2779-2787.

12. Dry fractionation for production of functional pea protein concentrates / P.J.M. Pelgrom et al // Food Research International. – 2013. – Vol. 53, № 1. – P. 232-239.
13. Karaca A.C. Emulsifying properties of chickpea, faba bean, lentil and pea proteins produced by isoelectric precipitation and salt extraction / Karaca, A.C., N.H. Low, M.T. Nickerson // Food Research International. – 2011. – Vol. 44, № 9. – P. 2742-2750.
14. Physicochemical and textural properties of heat-induced pea protein isolate gels / P.J. Shand et al // Food Research International. – 2007. – Vol. 40. – P. 144-155.
15. Исследование влияния высокого гидростатического давления на функциональные свойства изолята горохового белка / О.В. Чугунова и др. // Новые технологии. – 2023. – Т. 19, № 4. – С. 183-189.
16. Effects of high-pressure treatment on physicochemical and functional properties of soy protein isolates / X.S. Wang et al // Food Hydrocolloids. – 2007. – Vol. 21, № 5. – P. 560-567.
17. Differences in physicochemical properties of high-moisture extrudates prepared from soy and pea protein isolates / H. Wang et al // Food Hydrocolloids. – 2022. – Vol. 128. – P. 107576.
18. Исследование качественных показателей функционально-технологических свойств изолятов растительного белка (соевого, горохового, подсолнечникового и люпинового) // Вестник ВГУИТ. – 2021. – № 4. – С. 115-123.

References

1. Effect of pH on physicochemical and functional properties of plant protein isolates / Q. Zhang et al // Food Hydrocolloids. – 2021. – Vol. 117. – P. 106693. (In English).
2. Pea protein isolates: Structure, extraction, and functionality / A.C.Y. Lam et al // Food Reviews International. – 2018. – Vol. 34, № 2. – P. 126-147. (In English).
3. Stone A.K. Functional properties of protein isolates from different pea cultivars / A.K. Stone, T.D. Warkentin, M.T. Nickerson // Food Science and Biotechnology. – 2015. – Vol. 24, № 3. – P. 827-833. (In English).
4. Watson E. Soy protein's popularity declines as consumers cite allergy concerns / E. Watson // FoodNavigator-USA (online). – 2019. (data obrashcheniya: 15.09.2025). (In English).
5. Krylova O. Mirovoi rynok gorokhovogo proteina: stremitel'nyi rost / O. Krylova // Biznes Fermer Ingredienty (bfi-online.ru). – 2020. (data obrashcheniya: 15.09.2025). (In Russian).
6. The Current Situation of Pea Protein and Its Application in the Food Industry / R. Shanthakumar et al // Molecules. – 2022. – Vol. 27, № 16. – P. 5354. (In English).
7. Functional Performance of Plant Proteins / K.K. Ma et al // Foods. – 2022. – Vol. 11, № 4. – P. 594. (In English).
8. Boye J.I. Comparison of the functional properties of pea, chickpea and lentil protein concentrates processed using ultrafiltration and isoelectric precipitation / J.I. Boye, F. Zare, A. Pletch // Food Research International. – 2010. – Vol. 43, № 2. – P. 537-546. (In English).
9. Utsumi S. Structure – function relationships in food proteins: Subunit interactions in heat-induced gelation of 7S, 11S, and soy isolate proteins / S. Utsumi, J.E. Kinsella // Journal of Agricultural and Food Chemistry. – 1985. – Vol. 33, № 2. – P. 297-303. (In English).
10. Profile and functional properties of seed proteins from six pea (Pisum sativum) genotypes / M.V. Barac et al // International Journal of Molecular Sciences. – 2010. – Vol. 11, № 12. – P. 4973-4990. (In English).
11. Comparative study of the functional properties of three legume seed isolates: Adzuki, pea and soybean / M.V. Barac et al // Journal of Food Science and Technology. – 2015. – Vol. 52, № 5. – P. 2779-2787. (In English).
12. Dry fractionation for production of functional pea protein concentrates / P.J.M. Pelgrom et al // Food Research International. – 2013. – Vol. 53, № 1. – P. 232-239. (In English).
13. Karaca A.C. Emulsifying properties of chickpea, faba bean, lentil and pea proteins produced by isoelectric precipitation and salt extraction / Karaca, A.C., N.H. Low, M.T. Nickerson // Food Research International. – 2011. – Vol. 44, № 9. – P. 2742-2750. (In English).
14. Physicochemical and textural properties of heat-induced pea protein isolate gels / P.J. Shand et al // Food Research International. – 2007. – Vol. 40. – P. 144-155. (In English).
15. Issledovanie vliyaniya vysokogo gidrostaticheskogo davleniya na funktsional'nye svoistva izolyata gorokhovogo belka / O.V. Chugunova i dr. // Novye tekhnologii. – 2023. – T. 19, № 4. – S. 183-189. (In Russian).

16. Effects of high-pressure treatment on physicochemical and functional properties of soy protein isolates / X.S. Wang et al // Food Hydrocolloids. – 2007. – Vol. 21, № 5. – P. 560-567. (In English).
17. Differences in physicochemical properties of high-moisture extrudates prepared from soy and pea protein isolates / H. Wang et al // Food Hydrocolloids. – 2022. – Vol. 128. – P. 107576. (In English).
18. Issledovanie kachestvennykh pokazatelei funktsional'no-tekhnologicheskikh svoistv izolyatov rastitel'nogo belka (soevogo, gorokhovogo, podsolnechnikovogo i lyupinovogo) // Vestnik VGUIT. – 2021. – № 4. – S. 115-123. (In Russian).

Қаржыландыру

Бұл зерттеу ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қаржылық қолдауымен, BR22883587 «Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін нығайту мақсатында ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеудің ғылыми сыйымды технологияларын жетілдіру және әзірлеу» бағдарламасы аясында орындалды.

Л.А. Мурат*, Ә.Б. Қиықбай, Д.К. Айтмухамбетов, Г.Х. Оспанкулова
Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина,
010000, Республика Казахстан, г. Астана, проспект Женис, 62
*e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru

СТРУКТУРНО-ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ СВОЙСТВА СОЕВЫХ И ГОРОХОВЫХ БЕЛКОВЫХ ИЗОЛЯТОВ

В данной статье представлены результаты сравнительного исследования соевого белкового изолята (SPI) и горохового белкового изолята (PPI) с точки зрения их структурно-функциональных характеристик. Обсуждаются различия в составе и структуре белковых фракций, коллоидно-физические свойства (ζ-потенциал, электрофоретическая подвижность, размер частиц, электропроводность), термическая устойчивость (данные ДСК) и белковый профиль (SDS-PAGE). Показано, что SPI обладает большей термической стабильностью и способен формировать более плотные гелеобразные структуры, тогда как PPI характеризуется меньшим размером частиц и высокой дисперсностью, обеспечивая лучшие эмульгирующие свойства. Сделаны выводы о целесообразности дифференцированного применения SPI и PPI в пищевой промышленности и о возможности их комбинирования для достижения оптимальных функциональных характеристик продуктов.

Ключевые слова: *соевый белковый изолят, гороховый белковый изолят, функциональные свойства, коллоидная стабильность, термостабильность, SDS-PAGE.*

L. Murat*, A. Kiyikbay, D. Aitmuhambetov, G. Ospankulova
S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University,
010000, Republic of Kazakhstan, Astana, Zhenis Avenue, 62
*e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru

STRUCTURAL AND FUNCTIONAL PROPERTIES OF SOY AND PEA PROTEIN ISOLATES

Structural and functional properties of soy and pea protein isolates have been comparatively studied. The composition and structure of protein fractions, colloidal-physical properties (ζ-potential, electrophoretic mobility, particle size, conductivity), thermal stability (DSC analysis), and protein profiles (SDS-PAGE) of SPI and PPI were examined. The results demonstrate that SPI exhibits higher thermal stability and can form denser gel-like structures, whereas PPI is characterized by smaller particle size and higher dispersion, leading to superior emulsifying properties. The findings suggest the need for differentiated application of SPI and PPI in the food industry and indicate that combining these isolates could achieve optimal functional performance in food products.

Key words: *soy protein isolate, pea protein isolate, functional properties, colloidal stability, thermal stability, SDS-PAGE.*

Авторлар туралы мәліметтер

Линара Азаматқызы Мурат* – «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының докторанты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5684-0621.

Әмірсана Бекмұхаметұлы Қиықбай – аға ғылыми қызметкер, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: Sanabayq@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0009-0008-8866-582X.

Даулет Какижанович Айтмухамбетов – ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: daulet-kerei@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8178-3080.

Гульназым Хамитовна Оспанкулова – биология ғылымдарының кандидаты, «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: bulashevag@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6043-4658.

Сведения об авторах

Линара Азаматқызы Мурат* – докторант кафедры «Технологии пищевых и перерабатывающих производств»; Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5684-0621.

Әмірсана Бекмұхаметұлы Қиықбай* – старший научный сотрудник, Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: Sanabayq@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0009-0008-8866-582X.

Даулет Какижанович Айтмухамбетов – кандидат сельскохозяйственных наук, Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: daulet-kerei@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8178-3080.

Гульназым Хамитовна Оспанкулова – кандидат биологических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры «Технологии пищевых и перерабатывающих производств»; Казахский агротехническийисследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: bulashevag@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6043-4658.

Author Information

Linara Murat* – Doctoral student at the Department of «Food and Processing Production Technologies», S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5684-0621.

Amirsana Kiyikbay –Senior researcher S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: Sanabayq@gmail.com. ORCID: https://orcid.org/0009-0008-8866-582X.

Daulet Aitmuhambetov – Candidate of Agricultural Sciences, S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: daulet-kerei@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8178-3080.

Gulnazym Ospankulova – Candidate of Biological Sciences, Acting Associate Professor at the Department of «Food and Processing Production Technologies», S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: bulashevag@mail.ru. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6043-4658.

Редакцияға енуі 22.09.2025
Өңдеуден кейін түсуі 06.10.2025
Жариялауға қабылданды 08.10.2025

https://doi.org/10.53360/2788-7995-2025-4(20)-47

IRSTI: 65.47.03

CC BY 4.0
Check for updates

G.E. Orymbetova[1]*, E.M. Orymbetov[1], M.K.Kassymova[2], Z.I. Kobzhasarova[2], B.T. Yeshimbetova [2]

[1]South Kazakhstan Medical Academy,
160001, Republic of Kazakhstan, Shymkent, 1/1 Al-Farabi square
[2]M. Auezov South Kazakhstan University,
160012, Republic of Kazakhstan, Shymkent, 5 Tauke-Khan avenue;
*e-mail: orim_77@mail.ru

DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY FOR PRODUCING PASTA WITH ADDED PUMPKIN PUREE

Abstract: *The production of high-quality products and their balance in the human diet are of great importance. Pasta products are in constant demand in the market. Therefore, the creation of products using non-traditional raw materials in order to increase the nutritional value is relevant. The work proposes a technology for the production of tubular pasta with the addition of non-traditional raw materials – pumpkin*

puree with purpose to increase their nutritional and biological value. A pasta dough recipe developed, containing pumpkin puree in varying proportions, enriches product by β-carotene, dietary fiber, vitamins, and microelements. Research has determined the optimal component ratio (20% by weight of pumpkin puree), ensuring the preservation of the product's technological properties, such as shape, density, and cooking stability, while improving its nutrient composition. Changes in the organoleptic and physicochemical characteristics of pasta products containing pumpkin puree were assessed, enabling identification of the best parameters for industrial production. A promising technology is proposed that can be used in the industrial production of functional pasta products using plant-based raw materials.

Key words: *flour, pasta, pumpkin puree, technology,* organoleptic and physicochemical properties

Introduction

In recent years, there has been a steady increase in the consumption of pasta both in Kazakhstan and abroad. This is due to their availability, variety and ease of preparation. Tubular pasta such as penne, rigatoni and cannelloni are becoming increasingly popular due to their versatility and ability to be combined with various sauces and fillings. The development of new technologies allows us to expand the range and improve the quality of products. Modern consumers are increasingly paying attention to the quality and composition of products. The development of technologies that allow the use of more natural and healthy ingredients meets the demands of the market and consumers [1].

In recent years, a field of research has emerged aimed at developing functional pasta products with increased biological value. This issue has been reflected in works at various levels: articles in scientific journals, patents, reports at thematic conferences.

Pumpkin puree, rich in vitamins, minerals and antioxidants, can be a valuable addition to traditional pasta, increasing its nutritional value. Carotenoids help prevent cell mutation, and therefore cancer. In addition, they prevent the formation of atherosclerosis, one of the causes of cardiovascular diseases.

Using pumpkin puree can help to use agricultural resources more efficiently, as pumpkin is an affordable and easy-to-grow crop. It can also help to utilize excess pumpkin, which is important in seasonal production.

The authors Chomanov U., Zhumalieva G., Shoman A. and Kasimbek R. proposed a method for producing pasta based on adding 10-15% of the flour weight of a bioadditive from the remains of canned fish production (perch) and crushed licorice root to the flour mixture. Perch meat allows increasing the nutritional value of the finished product due to the vitamins B and D, ascorbic and nicotinic acid, minerals (iron, chromium, iodine, etc.) it contains [2].

The patent of the authors Ospanov A., Muslimov N.Zh., Timurkekova A.K. and Dzhumabekova G. B. implies the introduction of 25% dry wheat gluten into a poly-cereal flour mixture, allowing the creation of new compositions for the production of pasta products, with an increased amount of macro- and microelements, including the amount of amino acids and vitamins, improving the organoleptic qualities of pasta products [3].

Daribayeva G.T., Iztayev B.A., Iztayev A., Iskakova G.K., Yakitayeva M.A. in patent No. 5821 proposed a method for increasing the nutritional and biological value of pasta products. The result is achieved through a production method by mixing whole-grain wheat flour from soft wheat varieties and whole-grain flour from tretikal grain (10-20% of the total flour weight) with kneading on ionozonated water [4].

In order to increase the nutritional and biological value of pasta made from soft wheat grain, the authors Shelubkova N. S. et al. (2018) studied the effect of adding chickpea flour to pasta dough. In their work, the researchers optimized the mixing parameters of pasta dough made from composite flour [5].

